**1-БИЛЕТ.1.Саяси ой-сана дамуының негізгі кезеңдері мен логикалық қалыптасуы.**

Әдетте, саясаттанудың негізін қалаушы деп данышпан ғалым Аристотельді атайды. Өйткені ол өз заманында лицей ашып, сонда саяси ғылымды жеке пән ретінде оқытып, өзі жүргізді. «Саясат» деген еңбек жазып, онда ежелгі грек мемлекеттерінің (онда әрбір қала мемлекет болып есептелетін) саяси жүйесін зерттеді. Дегенмен, ұлы ғалым саясаттанудың пәнін қазіргі біздің - түсінігіміздей басын ашып бере алмады. Ол саясаттың негізі адамның өзімшіл, хайуандық табиғатында жатыр деп ұқты. Жеке адам көзсіз құмарлыққа берілгіш келеді. Сондықтан оның соқыр сезімін тежеп, жалпыға ортақ игілікке, әділеттілікке жетуді жеңілдету, адамның адамгершілік қасиетін арттыру үшін саясат жүргізу керек деп түсінді. Сонымен қатар ол саясаттану мәселелерін, фәлсафа (философия) мәселелерімен бірге қарады.Орта ғасырда саясаттың діни-этикалық түрі қалыптасады. Оның негізін салушы Фома Аквинский саяси билікті құдай орнатады, бірақ мемлекет басшылары құдайдың калауына қарсы шықса, халықтың оларды құлатуына болады деген байлам айтты. Саясатты қазіргідей түсінуге мол үлес қосқан Италияның XVI ғасырда өмір сүрген ойшылы Никколо Макиавелли болды. Ол саясатты теологиялық (құдайшылдық) түсіндіруден саяси ойды қоғамдағы табиғи өмірден туған мәселелерді шешуге бейімдеді. Саяси зерттеулердің өзегі етіп мемлекеттік билікті қойды және оны қалай қолға үйретудің, пайдаланудың неше түрлі әдіс-тәсілдерін керсетті. Соның арқасында саясаттануды біздің казіргідей түсінуімізге жол ашылды.

**2.Саясаттану пәні.Оның басқа қоғамдық ғылымдардан айырмашылығы**.

Феодализмнің ыдырап, капиталистік қатынастардың қалыптасу қоғамды демократияландырып, жалпыға бірдей сайлау құқығын кіргізуге; көпшілік саяси партиялар мен қазыналардың кеңінен қанат жаюына, акпарат құралдарының өрістеуіне, ауқымы кеңейді, саясаттың қызметтері мен міндеттері күрделігіне түсті. Сондықтан саяси құбылыстар мен процестерді арнайы зерттеуге, саясаттану теорияларын жасауға тура келді. Бұл ретте Дж. Локк, Ш.Л.Монтескье, Ж.Ж. Руссо, Т. Джефферсон, Т. Пейн, И. Кант, Гегель сынды көрнекті ғалымдар көп еңбек сіңірді. Саясаттану XIX ғасырдың екінші жартысында өз алдына жеке пән ретінде калыптасты.Оған бұл кезде бихевиористік, тәжірибелік (эмпирикалық) әдістердің кеңінен пайдаланыла бастауы зор ықпалын тигізді 1857 ж АҚШ-тың Колумбия колледжінде (кейін Колумбия университетіне айналды) профессор Фрэнсис Либер "Тарих және саяси ғылым" деген кафедра ашты. Соның негізінде онда 1880 ж саяси ғылымның жоғары мектебі құрылды. АҚШ-тағы сияқты 1872 ж Францияда мемлекеттік аппаратқа арнайы қызметкерлер дайындайтын саяси ғылымдар мектебі жұмыс істей бастады. 1889 ж Американың Саяси және әлеуметтік ғылымдар академиясы, 1903 ж Американдық саяси ғылымдар ассоциациясы құрылды.XX ғасырдың басында саясаттану бөлек академиялық пән ретінде толық бөлініп шықты. Бұл ғылымның халықаралық мәртебе алып, толыққанды қалыптасуына ЮНЕСКО-ның басшылығымен 1949 ж құрылған саяси ғылымдардың халықаралық ассоциациясы зор рөл атқарды.**3.Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік қалыптасуы.**

1990 ж қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі республиканың егемендігі туралы Декларация қабылдады. 1991 ж тамыз айындағы Мәскеуде өткен дүмпуден кейін, Коммунистік партия таратылып, қоғамдық мүлік билікке берілді. 1991 ж 24 тамызда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Ағымдағы жағдайды бағалау және Республика егемендігін нығайту шаралары туралы» Қаулы қабылданды.Қазақстанда 1991 жылдың тамыз-қазан айларында Президенттің жарлығымен мынадай қайта құрулар болды: прокуратура, мемлекеттік қауіпсіздік, ішкі істер, әділет және сот органдары бөлінді. Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. 1991 ж 16 қазанда – Қазақ КСР-інің Президентін сайлау туралы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Заңы қабылданды. 1991 ж Жоғарғы Кеңестің таңдауымен президенттің қызмет орны бекітілді. Қазақстанның тұңғыш президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. 1991 ж 1 желтоқсанда - Қазақ КСР-інің Президентін сайлау өтті. Сайлау нәтижесі бойынша дауыс беруге қатысқандардың 98,78 % дауысын жинаған Н.Ә.Назарбаев Республика Президенті болып сайланды. 1991 ж 10 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заң қабылданды. Осы заңға сәйкес жаңа құрылған тәуелсіз мемлекет Қ. Р.деп аталды. 1991 ж 16 желтоқсан күні -«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Қазақстанның бұл қабылданған Заңы бұрынғы КСРО елдерінің ішінде ең соңғы заңы болып табылады. Осы күні Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды. 1991 ж желтоқсанның 16-сында Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялады. Осылайша әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болды. Оның тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Сөйтіп Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің XV пленумы қабылдаған шешім қазақ қоғамына түбегейлі өзгерістер енгізді.

**4-БИЛЕТ1.Саяси ой-сана тарихындағы меритократия идеясы**.

**Меритократия** - [лат. *meritus* - лайықты, грек, *kratos* - билік] - 1958 ж. М.Янг енгізген ұғым, оның "Меритократияның пайда болуы 1870-2033" атты роман-өсиетінде бастапқыда білім жүйесін жетілдіруге арналған ұсыныстар жасау мен процесті зерттеу үшін қолданылады. Американдық әлеуметтанушы Д.Беллдің "Постиндустриалды қоғамның қалыптасуы" еңбегі жарық көргеннен кейін (1973) "меритократия" ұғымымен бюрократия мен технократияны жоюға септігін тигізетін қоғамды басқарудың жаңа принципі атала бастады. Бүгінгі күні қалыптасқан дәстүрлерге сәйкес, меритократиялық қоғам - ол әркім өз еңбегіне лайықты қажетін алатын, жеке тұлға өз талпыныстарына, қабілетіне сай жоғары өрлейтін, әлеуметтік теңсіздік орнаған, ол жеке жетістіктер критерийінің негізінде ақталатын қоғам. Мұнда қоғамды басқару түрі - "еңбегі сіңгендердің билігі" - меритократия, мемлекеттік ұйымның басында ең ақылдылар, ең іскерлер - қабілетіне қарай іріктелген игі-жақсылардың отырғандығын білдіреді. Бұл қоғамда дистрибутивті қатынастар ұраны: "Әркімге - еңбегіне қарай" дейтін меритократиялық әділеттілік қағидаттарына сүйенеді. "Еңбегі сіңген игі-жақсылар" немесе меритократия теориясын жасаушылар (М. Янг, Д.Белл) элитаризмді тек саяси демократиямен ғана емес, әлеуметтік әділеттілік идеясымен де байланыстыруға тырысады. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, қазіргі қоғам лайықты өкілдерден құралған "кемелденген игі-жақсылардың" терең білімділердің үстемдігіне бара жатыр, оларға бағыну да ұят емес. Д. Беллдің игі-жақсыларды жіктеуі келесідей: 1) "текті игі-жақсылар" (аристократиялық игі-жақсылар, құлиеленушілік, феодалдық, яғни, индустриялыққа дейінгі қоғамдарға тән); 2) "бай игі-жақсылар" (индустриалды қоғамның капиталистік игі-жақсылары); 3) "білімді игі-жақсылар" (постиндустриалды қоғамға сәйкес келеді). Постиндустриалды қоғам жағдайында экономикалық қатынастар екінші орынға ысырылып, шешуші рөлде сарапшылар ойнай бастайды, яғни алдыңғы орынға "білім өндіру" процесі шығады. Осыдан келіп, үстемдік "білімді игі-жақсыларға" - қоғамдағы ең лайықты адамдарға тиесілі болуы керек деген қорытынды шығады. Д.Беллдың пікірінше, меритократия - ол "өз саласында ең мықты деп танылған", "қайран қалуға тұрарлық", бедел мен сыйға әбден лайықты адамдар.

**2.Саяси жүйенің теориясы: салыстырмалы анализ.**

Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде барлық адам тең өмір сүрді. Басқарушылар мен бағынушылар деген мүлдем жоқ, себебі адамдардың өзі табиғат алдында әлсіз еді. Сондықтан тобырымен жүрді. Бірігіп аң аулады, тек тайпа-тайпа болып жүрудің арқасында ғана өздерінің қауіпсіздігін, күн көрісін қамтамасыз ете алды. Тапқан табыстары бәріне ортақ болды, артық өнім болған жоқ. Мұндай жағдайда еңбек құралдары, еңбек өнімдері ұжымға ғана тиісті еді. Мұндай ру-тайпаларды ақсақалдар басқарды. Ақсақалдар ұжым мәселелерін ортаға салып, реттеп, шешіп отырды. Адамдар бірте-бірте тек табиғаттың бергенін тұтынып қана қоймай, енді сонымен қатар өздерінің қолдарынан келетін істермен айналыса бастады. Олар қолға түскен аңдарды өздері асырай бастады. Осыдан барып мал шаруашылығы өріс алды. Енді өздеріне қажетінше мал өсірді. Дәннің жерге түсіп, қайта өнім беретінін байқаған адамдар, қажетті өнімді өздері өсіретін болды. Нәтижесінде егін шаруашылығы дамыды. Құнарлы жерде жұмыс істейтіндердің өнімі өздеріне де, өзгелерге де жетті. Құнарсыз жерлердегі адамдар құнарлы жерлер иелеріне жалдануға мәжбүр болды. Қолға түскен адамдарды құлға айналдырды Артық өнім өмірге теңсіздік әкелді. Осылай құл иеленушілік құрылыс келді. Бұл қоғам құл иеленушілер мен құлдар, басқарушылар мен бағынушыларды тудырды. Үстем тапқа қоғамды бағындыру, таптар, жеке адамдар, тұлғалар мен қоғам, осы мемлекет пен басқа мемлекет арасындағы қатынастарды реттеу үшін құрал, қоғамның мәселелерін шешетін әлеуметтік топ қажет болды. Бұл топ төменгі топқа бақылау жүргізді. Енді күштеу, зорлау арқылы орындаттыратын анық заң ережелері, нормалары қалыптасты. Олар экономикалық қызметті ұйымдастырды, қоғамдық өнімді өндірді. Билікті иеленушілер мен оған бағынушылардың рөлдері институционалдық қалыпқа түсті. Мемлекет, саяси партиялар, басқа да қоғамдық ұйымдар қалыптаса бастады. Олар белгілі бір таптың мүддесін қорғады. Осылардың барлығын бір сөзбен қоғамның саяси жүйесі деуге болады. Қоғамның саяси жүйесі деп билік жүргізіп, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін, әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы саяси өзара қатынастарды реттейтін ұйым мен мекемелердің жиынтығы айтады. Саяси жүйе теориясын XX ғасырдың 50 жылдарында Американың саясаттанушысы Давид Истон дүниеге әкелді. Оның ойынша саяси жүйе сыртқы ортамен “кіріс” , “шығыс” принциптері арқылы байланысады.

**3.1995 жылғы коституциялық реформа және оның негізгі себептері.**

1995 жылғы Конституция бойынша Қазақстан унитарлы мемлекет болып табылады. Мемлекеттік өкіметтің бірден-бір қайнар көзі — халықтың өзі. Мемлекеттік өкімет бірегей, ол заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары болып бөліну қағидасына сәйкес Қ.Р.ның Конституциясы негізі мен заңдарына сүйенеді. кімет Қ. Р.атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Р-ка Премьер-министрі қызметіне парламенттің келісімімен Президент сайлайды. Премьер-министрдің ұсынысымен Президент үкіметтің қызметін анықтайды, оның мүшелерін қызметіне тағайындайды және босатады, сондай-ақ республиканың үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарын құрады, жояды немесе қайта құрады.Қазақстан Республикасында әділеттілікті тек кана сот жүзеге асырады.Сот билігі азаматтардың құқығын, бостандығын және заңды мүдделерін, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғайды, Қ. Р.Конституциясының, тағы басқа құқықтық-нормативтік актілердің, халықаралық келісім- шарттардың орындалуын қамтамасыз етеді. Қ.Р-дағы сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты мен жергілікті (облыстық және оған теңестірілген Қ. Р.әскерінің әскери соты), аудандық заңмен бекітілген соттар құрайды.Республикасының құқық қорғау органдарына Қ. Р.Прокуратурасы және Қ. Р.Ішкі істер органдары жатады. Прокуратура заңдардың, Президент жарлықтары мен өзге де құқықтық-нормативтік актілердің республика аумағында нақты әрі бірыңғай қолданылуына, жедел іздестіру өрекетінің, жауап алу және тергеу, әкімшілік және атқарушылық міндеттердің заңдылығына жоғарыдан бақылау жасайды.Қ. Р.Ішкі істер органдары қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам және азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қол сұғушылық түрлері мен қылмыстың жолын кесу және алдын алу сияқты атқарушылық және жарлық беру қызметтерін жүзеге асырады.1995 ж жаңа Конституция қабылданған соң Қ-ң саяси жүйесінде тұрақтану басталды. Жаңа саяси жүйенің негізгі сипаты 2001 жылдың соңына қарай айқын байқалды:

-бірыңғай мемлекеттік биліктің атқарушы, заң шығарушы және соттық тармақтарға бөліну принциптері іске қосылған;

-Президент биліктің үш тармағының бірлікте әрекет етуін қамтамасыз етеді;

-мемлекеттік қызмет лауазымдары 1999 ж 23 маусымдағы «*Мемлекеттік қызмет туралы*» Заңына орай саяси және әкімшілік болып екіге бөлінді;

-демократиялық сайлау институты жетілу үстінде;

көппартиялық жүйе қалыптасты.

**5 билет**1Адамзат когамы сияктьі, ғылым мен білім, мәдениет пен әде-биет біркелкі дами коймайды. Олардың шарыктап шалкитын, күлдырап түсетін де кезендері болады. Тарихта белгілі ең алғаш өрелі оркениеттіліктің ошағы болып, күлпырып гүлдену Ежелгі Шығыс — Мысыр (Египет), Вавилон (Ирак), Үндістан, Кытай, Парсы (Иран) елдеріне келеді. XV ғасырға дейін Шығыс мәдениеті Батыс мәдениетінен шоктығы көш жоғары болып, өркениетгіліктің үлгісін көрсетті. Мұнда ен алдымен математика, геометрия, аст-рономия, медицина сияқты накты ғылымдар басым дамыды.Шыгыс елдерінде жоғарғы билік шектелместен монархтың (халиф, хан, патша, сұлтан, король, император және т. т.) колында болды. "Жерге мемлекет иелік етеді, ал мемлекетбүкіл халыктын игілігі үшін кызмет етеді" деген козкарас калыптасты. Патша әлеуметтік жагынан аз корғалған топтарға әкелік камкорлык корсетеді, ал онын кол астындағылардың оған ешкандай талап коюға какылары жок. Себебі, билеуші халык алдында емес, тек құдай алдында ғана есеп береді. Коне фектерде саяси ғылымға мол мүра қалдырған ойшылдар кеп. Біракбізсолардың ішінде ең корнекті екі окіліне— Платон мен Аристотельгетокталамыз.*Платон* б. з. б. 427—347 жылдарда омір сүрді. Шын аты - Ари-стокл. Жасында спортпен көп шұғылданды, жоғары корсет-кіштерге де жетті. Жауырыны кец болды. Сондыктан оны Платон (кец жауырынды) деп атап кетті. Сол атпен ол адамзаттарихында мәңгілік калды.Платонныңойынша, адамдар кажеттіліктерін жеке-дара отей алмайды. Олар өмір сүру үшін тамак, киім ондірулері, үй салула-ры жәнет. т. жасаулары керек. Біреулері егіншілікпен, екіншілері тігіншілікпен, үшіншілері кұрылысшылыкпен, төртіншілері етікшілікпен жәнет. с. с. айналысады. Сойтіп, олардың бәрі бірігіп кана кджеттіліктерін өтейді. Осы бірігудіңарқасында қоғам, мемлекет пайда болады. Ертедегі гректердің саяси ой-пікірлерін одан әрі дамытып, фәлсафасын шыңына жеткізген үлы ойшыл *Аристотель* (б. з. б. 384—322) болды. Ол 17 жасында аты шыккан Платон академиясын іздеп келіп окуға түседі. Оны үздік бітірген соң 20 жыл бойы сонда үстаздык етті. Платон дүние салған сон біраз елдерді аралады. Б. з. б. 342—340 жылдары Македония патшасы II Филиптің шакы-руымен оның баласы, болашак император Ескендірді (Александр Македонскийді) окытып, тәрбиеледі. Кейін Афиныға оралып, ез мектебін (лицейді) ашты. Осында ол бірінші рет саяси ғылымды пән ретінде кіргізіп, өзі сабакберді. Аристотельді саясаттанудын әкесі дейтіні содан.Саясаттануға катысты "Саясат", "Афиналық полития", "Этика", "Риторика" деген еңбектері бар.Саяси ойдын даму тарихында айтарлықтай із калдырған Ежелгі Рим болды. Онда әсіресе атакты шешен, мемлекет кайраткері және ойшыл *Марк Туллий Цицерон* (б. з. б. 106-43) өмір сүрді. Онын "Мемлекет туралы", "Заңдар туралы", "Міндеттер туралы" деген еңбектері көпке әйгілі.Цицерон мемлекеттің пайда болуының негізгі себебі — адамдардын бірігіп омір сүруге тырысатын табиғи талабының және меншікті корғау макеатынан туындайды дейді. Коғамға және жеке меншікке кол сұғуға болмайды. Бүлардың мызғымастығын бүзу-шылықты әділеттілік пен күкыкты корлаумен бірдей көрді.Цицерон мемлекеттін күрылым түрі оны баскарушынын "мінезі мен еркіне" байланысты болады дептүсіндірді. Баскару-шылардыцсанына карай ол мемлекет баскаруды патшалыкбилік, аристократия (оптиматтардың билігі) және демократия (халык билігі) етіп үш түрге бөлді. Бүлардың әркайсысынын өзініц жаксы жактары мен кемшіліктері бар. Мәселен, патша ракымшылды-ғымен жүртка үнайды, бірак мүнда баска адамдар зац, шешім кабылдаудан сыртга калады және бір адамнын басшылығы зор-лык-зомбылыкка оңай айналып кетуі мүмкін. Оптиматтар (аристократтар) даналығымен бағалы, бірак. олар үстемдік еткенде халык өз еркіндігін пайдалана алмайды, билік аксүйектердің сүрқия то-бының колында калуы мүмкін. Демократия болса бостандығымен жағымды, біракхалыктыңтолыкбилігі зиянды зардаптарға, "то-бырдың зорлығы мен есаландығына" әкеліп соктыруы мүмкін.Цицерон мүліктік тендік идеясына карсы болды, коғамдык-саяси катынастарда әлеуметтік жіктелу мен теңсіздікті әділеттілік дел санады.**2. Саяси жүйе туралы теория**"Жүйе" ұғымын XX ғасырдың 20 жылдары ғылыми айналымға алғаш енгізген неміс биологы Л. Фон Борталанфи (1901 -1972). Ол бұл терминді клетканың сырткы ортамен алмасу процесін көрсе-ту үшін пайдаланды. Ғалым жүйеге өзара байланыста болатын элементтердің біртүтас жиынтығы ретінде қарады. Жүйенің бір элементі өзгеріске үшыраса, барлык түтастык өзгереді. Жүйе сыртқы дабылдарға және езінің ішкі элементтерінің талаптары-на жауапкдітару аркасында дамиды.Кейін жүйелік тәсіл

коғамдык ғылымдарда пайдаланыла бастады. Социологияда коғамды жүйелік түрде талдаған —Т. Пар-сонс. Ол коғамды өзара байланыста болатын 4 жүйешіктен (экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани) тұрады деді. Жүйе-шіктің әркайсысы белгілі бір кызметті атқарады, іштен және сырттан түсетін талаптарға кұлак асып, жауап кайтарады. Олар қосылып жалпы коғамның омір сүруін камтамасыз етеді.Саяси жүйетеориясының пайда болғанына көп уакытболған жоқ. Оны XX ғасырдын 50 жылдарында Американың саясаттану-шысы Давид Истон ойлап тапты. Ол саяси жүйенін қызмет ету тетіктерін былай сипаттайды. Саяси жүйе сыртқы ортамен «кіріс», «шығыс» принциптері аркылы байланысады."Кірістің" 2 түрі бар: талап және қолдау. Таланты халықтың билік органдарына коғамдағы кұндылыктардың, қазына мен кар-жының, коғамдык кордың әділетті, дүрыс немесе әділетсіз, бүрыс бөлінуі туралы пікірі, билік органдарына үндеуі деуге болады. Ол қоғамда белгілі бір кажеттіліктің, мүктаждыктын бар екендігін білдіреді және әр түрлі болады. Мысалы, енбекакыны кетеру, жұмыс күнін кыскарту, әлеуметтік салаға каржыны кобейту, білім алу мүмкіндігін арттыру, азаматтардың күкықтары мен еркіндігін корғау және т.б. Мүндай талаптар көбейіп, оларға билік органдары назар аудармаса, саяси жүйе әлсірейді.Қолдау коғам мүшелерініңсаяси жүйеге ниеттестігін, адал-дығын, саяси институттарға сенетіндігін білдіреді. Ол үстемдік етіп отырған саяси жүйені күшейтеді. Қолдауға, мысалы, салык,-ты дер кезінде төлеу, әскерлік міндетті аткару, үлтжандылык білдіру, сайлауға белсене катысу, кдбылданған шешімдерді, заң-дарды уакытында бүлжытпай орындау жәнет.б. жатады**3** Мемлекетке дейінгі кезеңдегі әлеуметтік биліктің ерекшеліктері болып мыналар табылады:- ол тек бір ру көлемінде ғана таралды, оның еркін білдірді және қандық туыстыққа негізделді;- тікелей қоғамдық болып табылды, алғашқы қауымдықдемократияның, өзін-өзі басқарудың бастамаларының негізіндеқалыптасты;- бұл биліктің биліктік органдары ретінде рулық жиналыстар,ақсақалдар, әскербасылары және т.б. қызмет етті, олар алғашқықауымдық қоғамның өмір сүруінің маңызды мәселелерін шешіпотырды.Мемлекеттің қалып-тасуы – әртүрлі халықтарда түрліше жүзеге асқан ұзақ үдеріс.Шығыста «өндірістің азиялық тәсілі» (Египет, Вавилон, Үн-дістан, Қытай және т.б.) нысаны кеңінен таралды. Бұл жерде рулық құрылымның әлеуметтік-экономикалық бөліктері – жердік үлес, ұжымдық меншік және т.б. тұрақты сипатты иеленді. Ежелгі Шығыста пайда болған алғашқы мемлекеттер ауылдық қауым- дастықтарды қанай отырып, оларды басқарды, яғни, өндірісті
ұйымдастырушы ролін атқарды.
Афины мен Римде мемлекеттің пайда болу бағыты басқаша
жолмен жүзеге асырылды, бұларда құлиеленушілік мемлекет
меншіктің пайда болуы және қоғамның таптарға бөлінуі негізінде
пайда болды. Афины – мемлекеттің пайда болуының ең таза,
классикалық нысаны, себебі, мемлекет рулық құрылым ішіндегі
таптық қарама-қайшылықтардың негізінде пайда болады. Римде
мемлекеттің пайда болуы плебейлердің римдік аристократтар –
патрицийлерге қарсы күресінің нәтижесінде тездетілді.
Барлық нысандағы мемлекеттердің пайда болуына негіз болып
10-12 мың жылдар бұрынғы неолиттік революция табылды. Оның
мәні мынада: өз қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында адам
дайын өсімдік және жануарлық нысандарын иемденумен
байланысты құралдық қызметтен табиғатты өзгертумен және азық
дайындаумен байланысты шынайы еңбек қызметіне ауысты, яғни,
иемденушіден өндіруші экономикаға өту орын алды.
Сонымен, мемлекет объективтік түрде, сырттан емес, ішкі
факторлардың негізінде пайда болады.

**6 билет**

**1Орта ғасыр мұсылман шығысындағы саяси ой – сана: Әл-Фараби, Ибн Халдун, Ж Баласағұн.**

**ӘЛ-ФАРАБИ** (870-950 жж.) – шығыстық аристотельдік ілімнің көрнекті өкілі. Оның философиялық қызметі көпқырлы, ол ғалым-энциклопедист болды.
Әл-Фараби саясат жөнінде терең ойлар айтқан. Оның ілімі бойынша қоғамның
құрылымы әлемнің құрылымына сәйкес, ұқсас келеді. Ойшылдың саясатта әсіресе көп көңіл бөлген мәселесі адам мен биліктің арақатынасы. Әл-Фараби
адамды ардақтап қадір тұтады. Ал адам жақсы да дұрыс басқарылатын қоғамда
ғана шын мәнінде бақытты өмір сүре алады деп атап көрсетті.
Әл-Фараби өзінің зерттеулерінде қоғамдағы адамның алатын орнын
анықтауға көп көңіл бөлді.
Әл-Фараби мемлекет басшысын барлық ізгілікті, мықты денсаулықты,
кемел ойды, жоғары ар-намысты, терең білім меңгерген үлгілі тұлға ретінде
ұсынадыЕсімі орта ғасырлардан біздің заманымызға жеткен ақын, философ, қоғам қайраткері – **Жүсіп Баласағұн**. Жүсіп Хас Хаджиб (1021 – 1077) Шу

алқабындағы Баласағұн қаласының тұрғыны болған. Ақынның «Құтадғулік»
(«Құтты білім») атты поэмасы – ортағасырлық қазақ даласындағы әртүрлі
тарихи, саяси және қоғамдық мәселелер туралы мол мағлұмат, құнды деректер
беретін шығарма. Бұл ұзақ уақыт толастамаған қырғын соғыстар кезеңі болса да, түркі тайпаларынан кейінгі қазақ ұлтына этникалық негіз болған қыпшақтар
бірлестігі қалыптаса бастады. Ол кезде қазақ жеріндегі ғалымдар кең тараған
парсы, араб тілдерінде жазатын еді. Бірақ солардың арасынан Жүсіп Баласағұн
өз ана тілі түркі тіліне жанашырлық білдіріп, оны сақтап қалуды мақсат етіп өз
шығармаларын ескі түркі тілінде жазды.
Ойшыл саяси мәселелерге де айрықша көңіл бөлген. Мысалы, мемлекетті
орталықтандыру және басқару, қоғамда әділ заңдардың, еркіндік пен
бостандықтың болуын қалайды. «Құтадғу білік» - халықтың салт-санасы,
өмірдің мән-мағынасы, адам тағдыры, әдет-ғұрпы жөніндегі көзқарастар
жинақталған құнды шығарма.
**Ибн-Халдун** – мұсылмандық Шығысқа аты әйгілі ғалым. Оның биліктің легитимділігі туралы ойларында елбасының билік сипаты өз халқының билікті адамгершілік тұрғысынан мойындауына байланысты екеніне ерекше көңіл
бөледі. Өзінің «Муккадина» атты трактатында халықтың қалауындағы билік - халифат билігі, себебі халифат - әділеттілікке, сенімге, мұсылман құқықтарына
негізделген халықтың «өз» билігі деп түсіндіреді.

1. **1998ж. Және 2007ж, Конституциялық түзетулер ҚР. саяси өмірінің демократизацияның куәсі ретінде.**

Мемлекет тәуелсіздігін орнатудың алғашқы жылдарында басқару нысаны
туралы мәселелер өте көкейтесті болды және осыған орай мемлекеттік лік
органдарының құзыреті нақты ажыратылып бөлінбеген болатын. Бұның өзі
әртүрлі органдардың өкілеттігі мен міндеттерінің ретсіз қайталануы, олардың қызметтеріндегі саналуан қарама-қарсылықтарға соқтырды.Сондықтан билік жүйесіндегі Мемлекет басшысының, Парламент пен Үкіметтің орны мен ролін
нақты анықтау қажет болды. Күн тәртібінде елде сот-құқықтық реформа
жүргізу мәселесі тұрған болатын. Осының бәрі жаңа Конституция қабылдау
қажеттілігін көрсетті.
1995 жылғы 30 тамызда (Қазақстан Республикасы Конституциясының 64-
бабының 7-тармағына, 78 –бабының 7-тармағына сәйкес) республикалық
референдумда Қазақстан Республикасының Конститутциясы қабылданды,
онда уақыт талабы ескеріле отырып, көптеген күрделі мәселелер өз шешімін
тапты, олар –мемлекетті, меншікті басқаруды ұйымдастыру, адам құқықтары
мен бостандығы және басқа да көптеген мәселелер.
Конституцияда Қазақстандағы мемлекеттік билік біртұтас және ол Заң
шығарушы, Атқарушы және Сот билігі тармағына бөлу принципіне сәйкес
жүзеге асырылады, тежеу мен тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып бір-
бірімен өзара іс-қимыл жасайды делінген тәртіп бекітілді. Жаңа
Конститутцияда Қазақстан Республикасы саяси билігінің үш тармағының атаулары бекітілді: Заң шығарушы биліктің аталуын Парламент деп қалдыру
ұйғарылды, оның жоғарғы палатасы Сенат, төменгі палатасы Мәжіліс деген
атаулармен аталатын болды. Президент, Премьер-министр, Үкімет—Атқарушы
биліктің құрамын құрды. Саяси биліктің үш тармағының бірі—Сот билігі –
Конституциялық Кеңес деп аталатын болды. Парламенттің осы Заңы бойынша
жергілікті өкілді билік жүйесі Мәслихат, ал атқарушы билік Әкімшілік (акимат)
деп аталатын болды.
Парламенттің қызмет барысындағы 1998 жылғы 7 қазанда қабылдаған «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы» Заңы еліміздің саяси өміріндегі аса маңызды оқиға болды.
Себебі демократиялық қоғам орнатудың негізгі мақсаттарының бірі—
мемлекеттік билік органдарын демократияландыру, шынайы да, әділ сайлау
жүйесін қалыптастыру, оларға саяси партиялардың белсенді түрде қатысуы,
республиканың саяси өміріндегі Парламенттің дербес мемлекеттік илік
ретіндегі ролін арттыру еді..

**Жаһандану:себептері,белгілері,болашағы және интеграциядан айырмашылығы**

Халықаралық қатынастардың тарихи дамуы барысында оның
қатысушыларының сипаты, қызмет тәсілдері, өзара іс-қимыл көлемі
айтарлықтай өзгерді. Бұл жеке мемлекетаралық іс-қимылдардың белгілі бір аймақ шеңберімен шектеліп қалуынан әлемдік жаһандануға өту белгісі. Қазіргі
кезде бүкіл әлем іс жүзінде халықаралық саясат кеңістігі болып, бірте-бірте
жаһандануға өту барысы аңғарылады. Ғаламдасу (жаһандану) саяси бағытымен
бірге мемлекеттер арасындағы "ұлттық мүдделер" бәсекелестігі тұрғысындағы
қатынастар қалыптасты олар, бір жағынан, бірнеше ұлы державаның даму
жолындағы бірігуіне айналса, екінші жағынан, саналы түрдегі өзінің
стратегиялық, перспективалық болашақтағы бірігу процесінде жетекшілік етуге мүдделі. Бұл құбылыстар жаңа ***халықаралық қатынастар жүйесінің***
қалыптасуын бейнелейді.
Халықаралық қатынастардың еуропалық жүйесінің қалыптасуы
ортағасырлық және Жаңа дәуір (XYI ғ.) кезеңінде жүзеге аса бастады. Бұл
процестің маңызды алғышарттары: 1) XY ғасырдың соңы мен XYI ғасырдың
басындағы ұлы жағырапиялық ашулардан туындаған халықаралық саясат
кеңістігінің ұлғаюы; 2) халықаралық экономикалық қатынастардың әлемдік
жүйесінің пайда болуы; 3) халықаралық ынтымақтың әртүрлі үлгілерінің
жетілуі; 4) аса ірі ұлттық мемлекеттердің құрылуы.
Халықаралық қатынастарды жаһандастыру бағыты өзіне қарсы
(идеологиялық және экономикалық басым болу) саясатымен қатар жүрді. Саяси
саладағы конфессиялық әртүрлі пікірлер мен көзқарастардың оқшауылануы,
өзара бірлігінің болмауы, еуропалық елдердің біркелкі емес экономикалық
дамуы орын алды. Жеке мемлекеттердің бірте-бірте жаңа халықаралық
қатынастарға өтуі олардың саяси-экономикалық оқшауылануын тоқтатты. Бұл
қатынастардың нәтижесінде XYII ғасырдың ортасына қарай халықаралық
қатынастардың жалпыеуропалық үлгісі – еуропалық мемлекеттер іс-
қимылының күрделі жүйесінің қалыптасуына негіз болды. Осы халықаралық
қатынастар жүйесінің негізгі сипаттары:
1) жеке мемлекеттер арасындағы қатынастардың күрделенуі (саяси,
идеологиялық, экономикалық салаларда);
2) ортақ мүдделері негізінде құрылған және Европадағы саяси күштердің
қызметін атқаратын жүйенің қалыптаса басталуы;
3) мемлекеттердің сыртқы саяси концепцияларына сәйкес олардың
халықаралық алаңдағы іс-қимыл бағдарламаларының болуы.__

**Қазақстан Республикасында** мемлекетті демократияландыру процестері
үнемі халықаралық деңгейге сәйкес дамытылып келеді. Осы саладағы жаңа
жетістіктердің бірі 2007жылғы 21-ші мамырда Қазақстан Республикасы
Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар арқылы
Қазақстанның Президенттік Республика формасынан Президенттік-
парламенттік Республика формасына көшуі.
Жаңа мемлекетіміз Қазақстан Республикасының бірінші күндерінен
бастап дамудың басты басымдығы экономика саласы болды. Мақсат:
біріншіден, экономиканы барынша ырықтандырып, оның ашықтығына қол
жеткізу, екінші жағынан – инфрақұрылым жасау және маңызды салаларды
дамыту жеке меншік секторын жандандыру болды.

**Қазақстан Республикасы** сыртқы саясатының басты идеясы
интеграциялық мәселелер болды. Алғашқы кезеңде ұсынылған Евразия одағы
туралы идея осы заманғы көптеген көкейкесті саяси мәселелердегі ұстанымдарды жақындастыруға алып келгені ақиқат. Еуразиялық интеграция
идеясын жүзеге асыру барысында, ғалымдар мен зиялылардың еуразиялық
клубын құру ұсынысы мақұлданып (2007 ж.) Қазақстан Республикасы
Үкіметінің бастамасымен 2008 жылы Астанада өткен «Жаһандану
жағдайындағы экономикалық дамудың қазіргі заманғы қырлары» атты
ғалымдардың Еуразиялық экономикалық форумында еліміздің экономикалық
дәрежесіне ерекше мән берілді.

**Билет-7**

1. **<u>Ағартушылық кезеңдегі ойшылдардың жұмысындағы қоғамдық келісім теориясы</u>** .

**Ш.Уәлиханов** өз өмірінің негізгі мақсаты-халыққа қызмет ету,оның мақсатөмүддесін патша шенеуніктері мен жергілікті байлардың зорлықөзомбылықтарынан қорғау,қолынан келгенше оның рухани ж\е мәдени өркендеуіне ықпао жасау деп білді. Билеп-төстеушілердің қолынағы шексіз билікті жою,халықты қанаудан құтқрау,бай-манаптардың саяси үстемдігін шектеп,бұқара халықтың демократиялық құқығы мен бостандығын кеңейтпек болды. Саяси реформалар тек экономикалық істерді жүзеге асыратын құрал ретінде болмақ,өйткені әрбір жеке адам ж\е бүкіл адам баласы қауымдасып өзінің түпкі мақсаты материалдық әл-ауқатын жақсартуға тырысады.**Ы.Алтынсари**-: мақсаты-халықты дүниеге дұрыс көзқараспен қарауға тәриелеу.Тек білім,ағартушылыққана бұқара халықты билеп-төстеушілердің қысымынан құтқара аладыдеп,барлық күш жігерін олардың білімін көтеруге арнады.**АҚұнанбаев** адамды ақыл,білім,ерік жоғары дәрежеге көтеріп,асқақтататындай қоғамның прогрестік дамуын аңсады.Патша өкіметінің сойылын соғып,байлардың мүддесін қорғайтын қарапайым халықты езуші старшина,би,болыс ж\е т.б. атқамінерлер сияқты әлеуметтік топтың қоғам дамуына кедергі келтіріп отырғанын айтты. Қазақ халқының саяси санасының дамуына 19ғ аяғы мен 20ғ басында п.б**. алғашқы интеллигенттік топ** та зор ықпал
етті,Оларға:Бөкейханов,Байтұрсынұлы,Дулатов,Шоқай,Тынышпаев,Жұмабаев,Каратеав,Досмұхамедов.Олар Ресейдің отаршыл саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысын басқарып,қазақ халқының ұлттық бірлесуін мұрат етті.

**2. <u>Демократияның қазіргі концепциялары: ұқсастығы мен айырмашылығы</u>**

Қазіргі заманғы саясаттануда либеральді демократияны жалпы түсіну аясында бірнеше тұжырымдамаларға ерекше тоқталуға болады:
а) Плюралистік демократия. Оның негізі жақтастарының айтуы бойынша (Дж. Шумитер) саяси процесс – әртүрлі топтардың күресі. Саяси билікке қол жеткізіп, өз дегеніне жету және топтың көздегенін орындау үшін барлық белсенділікке ұмтылуы; мемлекет топтардың талабымен санасып, көнуі қажет. Әртүрлі топтардың талабын саяси партиялар алдыға жетелейді. Өкілетті органдарға сайлану – әртүрлі топтардың жарысы болып саналады;
б) Элита демократиясы. «Элита» термині таңдаулы, лайықты, іріктелген ұғымын білдіреді. Осы тұжырымдама өкілдері (Парето, Дарендорор, Д. Белл) демократиялық мемлекет үстемдік жасап отырған жағдайда да шешім жекелеген адамдардың немесе элита өкілдерінің еншісінде дегенді ұстанады. Және азшылықтың артықшылығы, үстемдігі – ол кемшілік болып саналмайды, тек қана, олардың қатарына ең сенімді, шын мәнінде лайықты, еңбек сіңірген адамдарды сайлау қажет. ( Д.Белл бойынша – меритократия );
в) Партисипаторлық демократия. Оның жақтастары халықтың саяси процесстерден шеттеліп қалуын сынға алады. Олардың ұраны: «Қоғамды басқару мен саяси процестерде халықтың өте белсенді және кең түрде қатысуы». Олардың арасынан солшыл либералистерді де, социал-демократтарды да табуға болады. Олар төменгі деңгейдегілердің саяси қатысуын кеңейтуді, еркіндік пен теңдікті, мәдени және білімділік деңгейін көтеру, өзі шешім қабылдай алуы үшін саяси мәдениет негіздеріне баулу т.б. мәселелерді алдына мақсат етіп қояды. Осындай ойлар элитарлы және плюралистік теориялардың жақтастарының пікірінен мүлдем алшақ. Олар жалпы халықты саяси процестерге жолатпау керек дейді. Партисипаторлық демократия өкілдерінің көбі қазіргі кезде тура демократияға көшу мүмкін еместігін мойындайды. Олар саяси ұйымдастырулардың тура демократияның өкілетімен жекеленген элементтері араласқан түрін ұсынады.

Біздің Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін жариялап, зайырлы, демократиялық, құқықтық мемлекет құруда. Елімізде адамның енгізгі құқықтары мен бостандықтары көрсетілген, олар заң мен сот алдында теңдестірілген. Әркім өзінің жанына жақын саяси мұраттарды ұстануға ерікті. Сөз және баспасөз ботандығы, соның ішінде сынау құқығы да заң жүзінде бекітілген.

**3. <u>Президент және Қ.Р-дағы оның саяси жүйесіндегі орны. Оның негізгі функциялары</u>**

Қазақстанның саяси жүйелерінің қалыптасуы КСРО-ның әлсіреуімен, дағдарысымен және ыдыраушылығымен байланысты. 1990 жыл 25 қазанда Қазақ ССР жоғарғы кеңесі республиканың мемлекеттік тәуелсіздігі туралы декларация қабылдады. Ел ішінде және сыртқы қатынастарда мемлекеттің дербестік пен толықтыққа ие болып жатқандығы жайлы алты мақалада жарияланды. Қазақстан мемлекетті дербестікке қол жеткізді. Сонымен қатар, декларация, жаңадан одақтық келісім-шарт қарастырылды. Басқару жүйесі туралы нақтылар болсақ, мемлекет басшысы – парламентпен сайланған президент тағайындалатындығы мәлімделді.

Қазақстанның саяси жүйелерінің қалыптасуы үшін екінші құжат – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі (16.12.1991.) туралы конституциялық заңның қабылдануы қажеттілік болды. Бұл жас мемлекеттің сыртқы шарттарының өзгерісімен байланысты болатын: а) 1991 ж 19-21 тамыздағы Мәскеудегі бүлік КСРО-дағы социализмді құлатты; ә) 8.12.1991 ж оқиғаның болуы КСРО-ның ыдырауына алып әкелді. Жоғарғы кеңес оқиғаларды есепке ала отырып, конституциялық заңды қабыл алды және 16.12.91 ж атын өзгертіп, Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болып жариялады. Басқару жүйесі президенттік республикаға ауысуды құптады, үкімет президенттің алдында, жоғарғы кеңестің алдында жауапты. Президентті халық сайлайды. ҚР президенті 7.02.92 ж қаулыға сәйкес облыстардың әкімін тағайындайды.

Бірінші конституцияны қабылдау саяси жүйенің бірінші бөлімінің қалыптасуының аяғы екендігін білдірді. Президент – республика басшысы, ол өкіметтің бірыңғай атқару жүйесін, жоғарғы кеңес шешімдеріне тыйым салуға құқығы бар.

Қазақстанның саяси жүйесінің дамуы 1995 жылғы Конституциялық реформаға байланысты. 1995-жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдумде жаңа конституция қабылданған болатын. Онда ең алдымен елде объективті саяси процес шарттарында болған маңызды өзгертулер көрсетілген. 1993 жылдың соңында жоғарғы және жергілікті кеңестердің таралуы болып өтті. 1990 жылы декларацияда кеңестердің бүкіл билігінің қабылданбауы жарияланған болатын, бірақ кеңестер, саяси ой және саяси субъекті сияқты конституциялық деңгейде бар болуды жалғастырды. ҚР жаңа конституциясы республика саяси жүйесінің ақырғы үлгісін жазып қойды. Бұл процестің Қазақстандағы ерекшелігі – ол бейбітшіл түрде жүзеге асырылған болатын Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын анықтауда ҚР саяси жүйесінде Президенттің басты рөлі белгіленіп отыр, оның жыл сайынғы халыққа деген жолдауы соның айғағы, ол жолдауларда мемлекеттік биліктің барлық жұмыстары қамтылады. Президент халыққа жыл сайынғы жолдаулары арқылы тұрақты өкілеттіктер арқылы премьер-министр бекітуі (парламент келісуімен), сыртқы істер министрлерінің, сонымен қатар бас прокурорды және ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасын (сенат келісуімен), ұлттық банкі төрағасын (парламент келісуімен), облыстардың және астананың әкімдерін тағайындайды.

**Билет-8**

**1. <u>XX ғасырдағы саяси ой – сана.</u>**

19ғ аяғы мен 20ғ басында капиталистік елдерде орасан зор өзгерістер болды. Мемлекеттік-монополистік капиализм монополиялар мен мемлекет күшін біріктірді. Бұл системада байлық пен билік тоғысып,ат төбеліндей байлардың құдіретін одан ары арттыра түсті.Буржуазиялық-мемлекеттік,әскери-өндірістік кешен ықпалы күшейді. Әлеуметтік қарым-қатынастарды зерттеуде социологиялық тәсілге ерекше көңіл бөлінді. 20ғ бірінші жартысында Батыс елдерінде солидаризм ілімі кең өріс алды. Бұл ілімнің негізін салушы фр ғалымы **Л.Дюгидің** пікірінше әрбір тап өмірде өз міндетін атқаруы, қоғамның ынтымақтастығы мен үйлесушілігін қамтамасыз етуі қажет. Ол еңбектің қоғамдық бөлінуіне байланысты таптардың бірлесіп жұмыс істеуіне тура келеді.Бұл жағдай капитализмнің қолайсыз жақтарын революциясыз,бейбітшілік жолмен жеңуге мүмкіндік жасайда деп санады.Адамдарды әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтуға,оған зиян келтірерлік ештеңе жасамауға шақырды. 20ғ саяси ілімде өзіндік із қалдырған немістің көрнекті саясаттанушысы,т.б. **М.Вебер плюрализм** идеясын негіздеді.Оның іздегін басты мәселелерінің бірі-қоғаынң шаруашылық өмірінің,әртүрлі әлеуметтік топтпрдың материалдық ж\е идеологиялқ мүдделері мен діни сананың араларында қандай байланысар бар,соларды ашуға тырысты.Дінді капитализмді тудырушатын белсенді күш ретінде санады. **Фашизм** –еңбекілерді басып-жаншуда зорлық-зомбылықтың шектен тыс түрлерін пайдалану,қоғам ж\е адам өмірін қатаң қадағалау ж\е т.б.**Тоталитпризм** теориясы дамыды.Ол-мемлекет тарапынан қоғамның ж\е әр адамзаттың өмірін қатаң бақылауға алатын мелекеттік-саяси құрылыс.20ғ **либералдық** ж\е **консервативтік** идеялар одан ары дамиды.

**2. <u>Адам құқығы: түсінігі мен міндеттері</u>**

ҚР-ның АЗ жалпы республикалық заңдар б.т. ж\е ол Азаматтық кодекстен,соған сәйкес қабылданған ҚР-ның өзге де заңдары мен ҚР Президнтінің заң күші бар Жарлықтарынан,Парламент қаулыларына,Парламент Сенаты мен Мәжілісінің қаулыларынан,Азаматтық кодекстің 1-бабының 1,2-тармақтарында аталған қатынастарды реттейтін ҚР Президентінің Жарлықтарынан,Үкімет қаулыларынан тұрады.Азаматтық-құқықтық актілер:**заң-**қоғамдық қатынастарды ретейтін,көзделген жағдайларда ҚР прнезиденті қабылдайтын қ.а; **заң актісі-** Конституциялық заң,ҚР Прнзиденті-ң Конституциялық заң күші бар Жарлық,т.б.;**заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер**- ҚР Үкіметінің қаулылары,министр-ң,мемлекет-к комитеттің ж\е басқа орталық мемл орган-ң бұйрықтары.**АЗ құқықты қорғау ж\е оны қорғау тәсілдері.**АҚ қорғауды сот, төрелік сот не аралық сот жүзеге асырады. 1.Құқықты мойындату;2.құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру;3.құқықты бұзатын не онң бұзылу қаупін туғызатын әрекеттерге тыйым салу;4.міндетті заттай орындауға ұйғарым шығару;5.айыпты өндіріп алу;6.мәмілені жарамсыз деп тану;

**3. <u>Қ. Р. Парламенті: эволюция қызметі, структуралары, формалау принциптері.</u>**

Қазақстан парламенті мәжілісіндегі депутаттар үлесі (67 депутатқа 1998 жылы саяси партиялар тарапынан 10 орын қосылған) 107-ге өсті. 98 Мәжіліс депутаттары саяси партиялар тарапынан сайланып жатыр, ал 9 депутатты мажоритарлы негізде сайланған Қазақстан Халықтары ассамблеясы ұсынады. 2007 ж реформа бойынша ҚР парламентінде депутаттар санының жалпы артуы 38 адамға жетті, барлық депутаттар корпусы 154 адамды құрайды. ҚР Парламентінің Сенаты Парламент қызметін атқара алады. Парламент президентті мемлекетке опасыздық жасағаны үшін орнынан құлатуға және үкіметке сенім білдірмеуге құқылы. Үкімет ҚР президентінің алдында жауапты, парламентке өз қызмет бағдарламасымен бөлісуге міндетті.

9 билет

1. Либерализм идеологиясы-тарих пен жаңашылдық.

Либерализм - ең жоғарғы құндылық әрі басымдық ретінде жеке еркіндікті ұстанатын идеология. Либерализмнің әлеуметтік-саяси теориясы қоғамдық және мемлекеттік құрылымның демократиялық принциптеріне негізделеді, әлеуметтік, саяси, экономикалыққатынастардың зорлық-зомбылықсыз түрлерін ұстанады, тұлғаның еркін дамуын шектемейтін және әрбіріне мемлекеттік-құқықтық қорғау, адам құқы мен азамат бостандығын сақтау кепілдігін беретін қоғам құруды көздейді.[1]Либерализм саяси ағым ретінде XYI ғ. ортасында пайда болды, ағылшын вигилерінің бағдарламасы мен іс-әрекетімен, сондай-ақ мүдделер тепе-теңдігі мен әртүрлі құқынлықтардың сыйымдылығына негізделген келісім мен ымырашылдық саясатымен байланысты болды. Кейіннен ағылшын және француз ағартушылары әлеуметтік-философиялық, құқынлықты-дүниетанымдық, құқықтық және экономикалық либералдық идеяларды жасап, негіздеді. XIX ғ. ортасынды либерализм ғаламдық идеологияға айналып, бүкіл әлемде ықпалы артты. Либерализмге сәйкес, мемлекеттік құқық адам құқын қорғауда тұлға басымдығына назар аударады, ол мемлекеттен тәуелсіз әрі заңмен жасалмайды, жоққа да шығарылмайды. "Құқық - шын мәнінде - тепе-тең еркіндік принципінен шығатын қорытынды мәні" (Г. Спенсер). Туа бітті адамға кері қайтарылмайтын, ешкім тартып ала алмайтын табиғи құқық - өмір сүруге, бостандыққа және бақытқа ұмтылуға беріледі. Мемлекет жекеменшік құқын, этникалық құқықтарды, дінге еріктілік құқын қорғауға міндетті. Маңызды саяси мәнге ие азаматтық құқықтар: сайлау құқы, сөз бостандығы,баспасөз бостандығы, бірлесу және жиналу бостандығы, шеруге шығу еріктілігі. XX ғ. әлеуметтік қауіпсіздік құқы бекітілді: білім алу құқы, еңбек ету және оған лайықты жалақыалу құқы, жеке өмірдің қол сұғудан қорғалуы құқы және т.б.

2.Халықаралық қатынастардың негізгі теориялары: айырмашылығы мен қатынасы.

Халықаралық қатынастар теориясы — ортақ заңдылықтарға негізделген құрылымдары бар халықаралық қатынастар жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуын зерттейді.

Халықаралық қатынастар әлемдік кеңістіктегі әлеуметтік қауымдастықтардың арасындағы қатынастар ретінде қалыптасады, өмір сүреді және жұмыс істейді. Халықаралық қатынастар алуан түрлі: мемлекеттік, әскери, экономикалық, саяси, қоғамдық және зияткерлік, т.б. күштер әртүрлі деңгейде (жаһандық, өңірлік, көп жақты және екіжақты) түйісетін және өзара әрекет ететін кеңістік болып табылады.

Халықаралық деңгейдегі саяси іс-әрекет бүтіндей бір мемлекет пен халықтың тағдырын айқындайды. Демек, қазіргі әлем бір-бірімен өзара байланысқан көптеген халықтар мен мемлекеттердің күрделі жүйесі болып саналады. Олардың арасында түрі мен мазмұны әртүрлі қатынастар болады. Әлемдік саяси процестің негізгі субъектісі — халықтар. Халықаралық қатынастардың субъектілері — мемлекеттер, халықаралық ұйымдар, ұлтаралық корпорациялар, солтүстік құрылымдар, саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар, жеке адамдар.

Аумақ ұғымының халықаралық құқықтағы кең мағынасы жер шарының құрлық және су айдынын, жер асты қойнауы мен әуе кеңістігін, сондай-ақ ғарыштық кеңістік пен ондағы аспан денелерін білдіреді.

Негізгі түрлеріне қарай барлық аумақ (территория) мынадай үш типке бөлінеді:• мемлекеттік аумақ;• халықаралық аумақ;• аралас режимді (конвенциялық) аумақ.

Аумақтық проблемалар тұтастай алғанда кең ұғым, оған аумақтық шектеулер мен аумақтык режимдер мәселелері кіреді. Аумақтық шектеулерге: аумақтық даулар, халықтар мен ұлттардың өз тағдырын өзі шешуі; мемлекеттік аумақтың қол сұғылмаушылығы мен тұтастығы шекаралас мемлекеттердің арасындағы келісім бойынша және халықаралық құқыққа сәйкес континенттік қайраң мен экономикалық аймақтардың шекараларын бекіту жатқызылады. Аумақтық режимдерге: аумақтық тәуелсіздік және аумақтық юрисдикция, шетел аумағынан транзиттік өту, мемлекеттер келісімімен құрылған арнайы аумақтық режимдер және басқа да мәселелерді жатқызуға болады. Мемлекеттік шекаралар мемлекеттік аумақтардың шегін белгілейді және олардың негізгі мәнінің өзі сол болып табылады. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы дегеніміз Қазақстан аумағының шегін – құрлығын, суын, жер қойнауын және әуе кеңістігін айқындайтын сызық және осы сызық бойынша тігінен өтетін үстінгі қабаты» – бұл Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы 1993 ж. 13 қаңтарындағы заңының 1 -бабының 1 – тармағында берілген анықтама, ол көпшілік таныған халықаралық стандартқа сәйкес келеді.

3 Қ.Р-ның орындау билігі: қызметі, структура, динамикалық дамуы.

Атқарушы билік органдарының жүйесі

Атқарушы билік органдары жоғары, орталықжәне жергілікті болып бөлінеді. Мемлекеттік биліктің жоғары атқарушы-өкімдік етуші органы Үкімет болып табылады. ҮкіметтіРеспублика Президенті құрады және ол қаулылар шығарады. Республика Премьер-министрі өкімдер шығарады. Үкімет қызметі республиканың барлық аумағын қамтиды.Үкімет өзіне бағынышты өзге де барлықатқарушы билік органдарын біріктіреді және олардың жұмысына бағыт беріп отырады.

Тиісті министрліктер, агенттіктер,ведомстволар атқарушы биліктің орталық органдары болып табылады. Министрліктер басты атқарушы орган болып табылады, ол мемлекеттік басқарудың тиісті саласына басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте, салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

Министрліктер Үкіметтің тікелей басшылығымен атқарушы - өкімдік етуші қызметті жүзеге асырады, ал министр Үкімет мүшесі болып табылады. Барлықминистрліктердің жалпы міндеттері мыналар: өз саласында мемлекеттік саясатты жасап, оны іске асыру; заң шығарушылық және нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу; салааралық үйлесімділікті жүзеге асыру және мемлекеттік басқару саласына басшылық жасау; әдістемелік басшылықты жүзеге асыру; кадрлар даярлау; олардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау, т. б.министрлікке жүктелген өзге де міндеттер.

Агенттік — Үкімет құрамына кірмейтін биліктің орталық атқарушы органы. Ол салааралық үйлестіруді, сондай-ақ арнаулы атқарушы және рұқсат етуші қызметтерді жүзеге асырады. Агенттікті Премьер-министрдің ұсынуы бойынша Президентқұрады, қайта құрады және таратады.

Ведомство — өз құзыретінің шегінде арнаулы атқарушы және бақылаушы-қадағалаушы қызметтерді, сондай-ақ салааралық үйлестіруді немесе мемлекеттік басқарудың бағынышты саласына басшылықты жүзеге асыратын республиканың орталық атқарушы органының комитеті болып табылады. Ведомствонытиісті орталық атқарушы органның басшысының ұсынуы бойынша республикаҮкіметі құрады, қайта құрады және таратады.

Министрлік, агенттік, ведомство шығаратын акті нысаны — министр, агенттік төрағасы, ведомство басшысының бұйрығы болып табылады. Жергілікті атқарушы органдар — әкімдіктер. Жергілікті жерде атқарушы билікті республиканың әкімшілік- аумақтық құрылымына сәйкесоблыстың, ауданның, қаланың, ауылдың, селоның, поселкенің әкімдіктері жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар — жоспарлар, аумақты дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті жасауды жүзеге асырады және олардың атқарылуын қамтамасыз етеді, коммуналдық меншікті басқарады. Жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тағайындайды және қызметтерінен босатады, жергілікті атқарушы органдардың жұмысына байланысты өзге де мәселелерді шешеді.[1]

Халықаралық қатынастар түсінігі

Халықаралық құқық нормалары мен мемлекеттердің тәуелсіздік құқықтарын құрметтеу мемлекеттер арасындағы сапалы өзара қатынастардың негізгі алғы шарты болып табылады. Халықаралық құқықтың нормалары халықаралық қатынастардың пайда болуынан келіп туындайды. Халықаралық қатынастар халықаралық құқықпен реттеледі, сонымен бірге оның нормаларына өз әсерін тигізеді. Халықаралық құқық кез-келген қоғам өмірінде маңызды орынға ие болатын жан-жақты және дамыған халықаралық қатынастарды реттейді. Халықаралық қатынастар халықаралық құқық нормаларының мазмұнын айқындайды.

10-БИЛЕТ

1. Саяси ой – сана тарихындағы адам құқықтарының идеясы.

«Адам құқықтары» ұғымы алғаш рет 1789 жылы Францияда кабылданған Адам мен азамат құқықтарының декларациясында пайдаланылады.

Бірақ бұған дейн де британдық Ұлы еркіндіктер хартиясында (1215 жыл) мен Құқықтар жайындағы бильде (1689 жыл) адамға жаратылысынан тән құқықтар туралы идеясы айқындалып көрсетіледі.

XIX ғасырда дамыған мемлекеттерде адамның негізгі азаматтық пен саяси құқықтар жиыны қалыптасады (бостандық және теңқұқылық, жеке еркіндігі, жеке меншік құқығы, сайлау құқығы т.с.с.). Ал XX ғасырда бұл жиынға қоғамдық пен экономикалық құқықтар қосылады (мысалы, кәсіподаққа ену құқығы, жұмыс істеуге және демалуға құқықтары).

1922 жылы адам құқықтарын қорғайтын неміс және француз лигалары бастамасымен Адам құқықтары үшін халықаралық федерациясы құрылады. Бұл осы салада дүниедегі тұңғыш халықаралық ұйым болып саналады.

1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы қабылданды. 1950 жылдан бастап әр 10 желтоқсанда Адам құқықтар күні атап өтіледі.

Алғашқы қауымдық құрылыстың кластар пайда болу дәуіріндегі қорытынды құлау сатысында құқық нормалары туындайды.

Дегенмен, құқық нормалары мен адам құқығы - әртүрлі кезеңдік құбылыс. Әлемнің көптеген аймақтарының құқықтық жүйелері ірі қоғамдық еңбек бөлінісіне, оның өнімділігінің артуына байланысты қалыптасты. Бұлар артық өнімнің пайда болуы және қоғамдық байлықты қалыптасып үлгірген артықшылығы бар туыстық ұйымдар арқылы басқару процесін жүзеге асырушы жоғарғы топтардың қолына жинау мүмкіндігін жасады. Олар үстем тап өкілдерінің қоғам мүшелерінен көпшілігіне қолданатын зорлық, күштеу әдістеріне баса негізделген еді. Еркіндік деңгейі өте төмен болып, ол тек билік жүргізуші жоғарыдағыларды ғана қамтыды. «Еркіндік» сөзінің өзін қолдану, айтушыларға қарағанда, б.д.д. XXIV ғасырда пайда болған. Ол кезде монарх Шумер өзінің қол астындағылар үшін, арсыз салық жинаушыларға қарсы санкция қолдану, билікке ие адамдардың әділетсіз істерінен жесірлер мен жетімдерді қорғау және первосвященниктердің храм қызметшілерін құлға айналдыру тәжірибесін тоқтату арқылы «еркіндік» белгіледі /5/. Б.д.д. V-IV ғасырларда ежелгі полистердегі (Афинада, Римде) адам құқығы идеяларының тууы, азаматтық принципінің пайда болуы прогресс пен еркіндікке қарай жылжу жолындағы ірі қадам болды. Римдіктер әуелі билікті қарапайым бөлуді жүзеге асырып, содан кейін табиғи құқық концепциясын жасай отырып азаматтық бостандықтың дамуына өз үлестерін қосты. Демократ еңбектерінде (б.д.д 460-370 жылдар адамның пайда болуы мен қалыптасуын, оның тегі мен қоғамды әлемдік дамудың табиғи процесінің бір бөлігі ретінде қарастыруға алғашқы талпыныстардың бірі кездеседі «Заң, жалпы айтқанда, - деп жазды. Ш.Монтескье, - адам ақыл – ойы, өйткені ол жер бетіндегі бар халықтарды басқарады; ал әр халықтың саяси және азаматтық заңдары осы ақыл-ойға қосымша жекелеген оқиғалар ретінде ғана болуы тиіс...» Саяси құқықтық тарихи ой-пікірлер нәтижелерінің мысалы ретінде, яғни адам, азаматқа қажетті құқықтарды іздеу нәтижесі деп тарихи құжаттар – заңды және жеке тұлғалардың еңбектерінің жемісі аталынды. Олар адам құқығы идеялары қалыптасуының жалпы тарихында тарихи «кескіндiлер» делінеді.

2.Мемлекеттің териториялық құралы,негізгі түрлері.

Негізгі құралдар материалды өндіріс саласында да, өндірістік емес салада да ұзақ уақыт бойы қызмет етеді. Осы негізгі құралдарға ; жер; үйлер; ғимараттар; көп жылдық екпе ағаштары ;машиналар және құрал – жабдықтар ( соның ішінде автоматты машиналар және құрал – жабдық ); машиналар және жабдықтар ; өлшеу және реттеу аспаптары және қондырғылар мен лобаториялық жабдықтар; есептеу техникасы; басқа машиналар мен құрал – жабдықтар; көлік құралдары; құрал – сайман; өндірістік мүлік және жабдықтар; шаруашылық мүлік; жұмысшы және өнім беретін мал; көп жылдық екпе ағаштар; жерді асқартуға шыққан күрделі шығын; басқа да негізгі құралдар жатады.

Кәсіпорында негізгі құралдардың есебін жүргізудің, субъектіге жататын меншік құқығын, шаруашылық пен оперативтік басқару жүйесі анықтайды.

Негізгі құрал өндіріс процесіне қатысуымен, жылдар мерзімінің әсерімен, табиғат күшінің әсер етуімен пайдалану процесінде біртіндеп тозады. Тозудың екі түрі болады: табиғи және сапалық ( моральдық ) ( заман талабына сай келмеуі ).

Негізгі қорлардың табиғи тозуы олардың өндіріс процесіне қатысу нәтижесінен және негізгі құралдардың пайдалануға тікелей қатыспай – ақ, түрлі сыртқы факторлардың әсерінен: ылғалдан, атмосфералық құбылыстар нәтижесінен, металдардың тот басуынан, ескеруінен пайда болады.

Негізгі құралдардың тозуын есептеу үшін 13 « Негізгі құралдардың тозуы » бөлімшесінің мынандай синтетикалық шоттары: 2421 « Үйлер мен ғимараттардың тозуы », 2423 « Машиналар мен жабдықтардың, өткізгіш тетіктердің тозуы », 2425 « Көлік құралдарының тозуы », 2427 « Басқа негізгі құралдардың тозуы » пайдаланылады. 12 –ші бөлімшенің шоттарында ( 2412 – 2415 шоттар ) есептелген негізгі құралдар 5 жылдан бір рет амортизацияланады.

Негізгі құралдары есептен шығару: табиғи және моральдық тозуына байланысты жою қажет болғанда; құрылыс жүргізгенде; кәсіпорында, цехтерда немесе басқа объектілерді техникалық жағынан қайта жабдықтағанда; кеңейіткенде; негізгі табылан малдарды жарамсыз деп тапқанда; табиғи өзгергенде; баланстан тегін бергенде; сыйлағанда; шаруашылықаралық және басқа кәсіпорындарға, қоғамдық ұйымдарға бергенде ( сатқанда ), өткізгенде және айырбастағанда жүзеге асады.

Жергілікті мемлекеттік билік: өзін басқару мәселесі және оның даму динамикасы

10.Жергілікті өзін-өзі басқару — мемлекеттегі белгілі бір әкімшілік-аумақтық бөлік тұрғындарының және оның сайланбалы органдарының жергілікті істерді басқару жөніндегі дербес қызметі.Қазақстан Республикасы Конституциясының (1995) "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару" туралы 8-бөлімінде жергілікті өкілді органдардың сипатына, мақсатына және құрылу тәртібіне қатысты жалпы ережелер белгіленген. Осы бөлімнің 89-бабы бойынша, "Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді жергілікті тұрғындардың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғындар тікелей сайлау жолымен, сондай-ақ, адамдар жинақы тұратын аумақты қамтитын ауылдық және қалалық жергілікті қауымдастықтардағы сайланбалы және басқа жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызмет тәртібін заңда көрсетілген шекте азаматтардың өздері белгілейді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне олардың заңмен белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік беріледі. Мемлекет олардың қызметін және олардың өкілеттігінің шегін заңдылық деңгейінде тек жалпы шеңберде белгілейді. Басқа жағдайларда өзін-өзі басқару органдары мәселені дербес шешеді. Сондықтан жергілікті жерлерде мұндай органдардың құрылуы тек атауы бойынша ғана емес, бағыты, нысаны, қызмет тәртібі, кірістердің қосымша көздері, әкімдермен, мәслихаттармен өзара қатынас тәсілдері бойынша да әр түрлі болуы мүмкін. Жергілікті өзін-өзі басқару қызметі әрбір мемлекеттің өзінің ішкі ерекшеліктеріне қарай қалыптасады. Әлемде, негізінен, жергілікті өзін-өзі басқарудың англосаксондық француздық, кеңестік үлгілері қолданылады. Англосаксондық үлгідегі АҚШ, Ұлыбритания, Канада, т.б. елдерде жергілікті өкілді орган коммитеттері жергілікті басқару органдары мемлекеттік механизмінің құрамдас бөлігі болып саналып, барынша кең өкілеттілікке ие болады. Бұл үлгі бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың жергілікті мемлекеттік басқарудан айырмасы оның жергілікті сипатында ғана. Еуропа, Африка, Латын Американың бірқатар елдерінде жергілікті өзін-өзі басқарудыңфранцуздық үлгісі кеңінен таралған. Жергілікті өзін-өзі басқарудың кеңестік үлгісінің әр түрлі көріністерін қазіргі Қытай, Куба, ҚХДР-дан көруге болады. Бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған елдер арасында Эстония, Латвия және Қырғызстанда 1991 — 95 жылдар аралығында жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін үйлестіретін заңдар қабылданып, жүзеге асырылды. Қазақстанда жергілікті басқарудың тиімді тәсілдерін қалыптастыру жолында бірқатар түбірлі өзгерістерге қол жеткізіліп келеді. Қазақстан Республикасындағы саяси билік пен қоғамдық өмірдідемократияландырудағы басты мәселелердің бірі — жергілікті мемл. басқару мен жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалау болып табылады. Бұл ретте шетелдік тәжірибелерді пайдаланумен қатар, Қазақстан халықтарының тарихи-мәдени дәстүрлері ескеріледі. Қазақ халқының ежелден қалыптасқан өзіндік дәстүрлі басқару жолдарында жергілікті өзін-өзі басқарудың алғышарттары болғандығы белгілі. Рубасылары мен тайпа көсемдері көшпелілердің құрылтайлары мен жиындарында сайланды. Оларға тартыс-таластарды шешуге, өз алдына әскер жасақтарын құруға құқықты өкілет беріліп, рулық қауымдастықтар кең көлемде автономияға айналды.

**11-билет**. 1. Мемлекеттік билік – қоғамда белгілі бір тәртіпті орнатады, оны басқарады, экономикалық және әлеуметтік құрылымын қорғайды. Ол үшін мемлекеттің арнайы аппараты, еріксіз көндіретін күштеу, зорлау органдары (әскер, сот, полиция, милиция және т.б.) болады. Мемлекет қоғам атынан оның ішкі және сыртқы саясатын атқара алады. Мемлекеттік және саяси билік ара-қатынасын мынадай формуламен көрсетуге болады: кез келген мемлекеттік билік саяси болады, бірақ кез келген мемлекеттік билік мемлекеттік болмауы мүмкін.«Мемлекет» түсінігі екі негізгі мағынада қолданылады: 1) Үлкен әлеуметтік топ ұжымы ретінде, ол – «халық», «қоғам», «ел» мағынасында айтылады;2) Басқару құрылымдарының жиынтығы ретінде, мемлекеттік аппарат, үкімет мағынасында. Саясаттануда осы екінші мағынасында қолданылады. Мемлекет алғашқы қауымдық қоғамда болған жоқ. Ол құл иеленушілік қоғамда дүниеге келді. Мемлекеттің басқа әлеуметтік-саяси құрылымдардан ерекшелігі: 1) қоғамды басқару мен қорғауға арналған органдар жүйесінің болуы;2) мәжбүрлейтін билікке монополия;3) қоғам атынан – экономикалық, әлеуметтік және әскери-сыртқы және ішкі саясатқа құқық және жеке-меншікті жүзеге асыру;4) елге міндетті заңдар мен ережелерді шығару;5) белгіленген аймақты бөлуді ұйымдастыру билігі;6) жалпы – халықтың бюджетті қалыптастыруға елден салық жинауға және жинақ жасауға монополиялы құқық.Мемлекеттің қоғамдық белгілерінен басқа (елтаңба, ту, әнұран) өз атрибуттары бар, олар: аумақтық бөліну, ерекше өкімет аппараттары (жария билік), мемлекеттің егемендігі, ашық күш қолдану, яғни зорлықпен еріксіз көндіру, салық салу, мемлекеттің азаматы болу.Мемлекеттік билік үш тармаққа бөлінеді: заң шығарушы, орындаушы және сот. Әрбір тармақтың қызметін атқаруға арналған өз құрылымдары бар, олар орталық және жергілікті болып бөлінеді. Мемлекеттің маңызды сипаттамасына жататындар:а) Басқару үлгісі – монарх (монархия) билік етеді немесе сайлап алынған президент (республика) басқарады;б) Ұлттық-территориялық құрылғы немесе мемлекет құрылымы. Бұл орталық және жергілікті билік органдарының және әртүрлі аймақтың ара-қатынасы. Унитарлы мемлекетте мемлекеттік территория біреу, бөлінбейді, онда ішкі мемлекеттік құрылымдар жоқ. Федерация – орталық институттардың үстемдігімен одақтық мемлекет. Конфедерация – бұл жергілікті институттар басқаратын одақтық мемлекет.Мемлекеттің басты рөлі – қоғамды басқару. Оны жүзеге асыру үшін мемлекет мынандай ішкі қызметтер атқарады: экономикалық, әлеуметтік, құқықтық ережелерді қамтамасыз ету, қоғамдық құрылысты қорғау, мәдениеттік, тәрбиелік, білімдік маңыздылықтарды жүзеге асыру. Елдің сыртқы қызметі – басқа елдермен саяси және экономикалық қарым - қатынас орнату.

2. Ұйымды басқару жүйесі. Басқару тәсілдері мен функциясы. Басқару жүйесі аса күрделі, әрі жауаптылықты қажет етеді. Сондықтанда бұл мәселені талдауда ең алдымен оның зерттеу тәсілдеріне ерекше мән беріледі. Отандық және шетел баспаларында көптеген ғалымдардың пікірі бойынша негізінен басқару жүйесінде үш тәсіл қолданылады: процестік, жүйелі және ситуациялық тәсілдер. Процестік тәсіл: Бұл концепция басқару жүйесіндегі елеулі өзгеріс, жаңалық, бүгінде іс жүзінде кең қолданып жүр. Мұнда басқару процесс ретінде қаралады. Басқару үшін үздіксіз өзара байланысты болатын санқилы әрекет қажет болады. Бұл іс-әрекеттің әркайсысы ұйым табысы үшін аса қажет. Мұның бәрі басқару функциясы деп аталады.Әр автор өзінше басқару функциясының тізімін жасайды. Функциялардың ішіндегі барлық ұйымға ортақ болатыны мыналар: жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация, бақылау.Жоспарлау. Жоспарлау функциялық - ұйымның алдына қандай міндет- мақсат қоюға болатыны жайлы шешім белгілейді және ұйым мүшелері не істеуге тиіс, қандай мақсатқа жетуі тиіс екені жобаланады.Жоспарлау тәсілі арқылы басшылар ұйымның барлық мүшелерін белгіленген мақсатты орындауға жұмылдыруды қамтамасыз етеді.Ұйымдастыру – деп, белгілі бір құрылымды құру. Басшы нақты жұмыс істейтін адамдарды тандап, оларға тапсырма беріп, ұйымның ресурсын пайдалануға рұқсат етеді не соны атқаруға делегат жідереді.Мотивация-функциясының міндеті ұйым мүшелері жұмысты делегат қойған талабына сай белгіленген жоспармен орындалуы керек екені дәлелденуі керек.Бақылау жасау – басшылардың алғашқы белгіленген міндетінен күтпеген ішкі және сыртқы жағдайлардың әсерінен ұйым негізгі бағыттан ауытқуы мүмкін. Сондықтан белгіленген тапсырманы орындау барысына бақылау жасау қажет болады. Бақылау деп – ұйымның өз мақсатына шын мәнінде жетуін қамтамасыз ету процесі.Жүйелі тәсіл - бұл қандай да болмасын басқару жүйесіндегі жинақталған тәсіл не ол меңгерушілер орындайтын міндеттер емес, бұл ұйым жөнінде және басқару жөніндегі ойлау тәсілі.Жүйе – деп бұл өзара тәуелді бөлшектерден құралған бір тұтастылық. Орын әр бөлігі тұтас жүйеге өз үлесін қоса алады.Барлық ұйым жиынтығы бір системаны құрайды.Системаның негізгі екі түрі бар : жабық және ашық жүйе. Жабық жүйенің қатаң сақталатын шекарасы болады, ол өзін қоршаған ортаға және жүйеге тәуелсіз әрекет жасай алады.Ал, ашық жүйе сыртқы ортамен өзара тығыз байланыста болады. Мұндай жүйе өзін-өзі қамтамасыз етпейді, ол сырттан келетін энергияға , информацияға жәек материалға тәуелді болады.Ситуациялық тәсіл. Мұнда ұйымға белгілі уақытта әсер ететін нақты жағдайлар жиынтығы алынады. Ситуациялық тәсілде ұйым өз мақсатына тиімді жетуі үшін нақты ситуацияда дұрыс жол тауып , әртүрлі концепцияны іріктей, талдай білу талап етіледі.Ситуациялық тәсілдің методологиясы мына ережелерді қамтиді:басшы профессионалды басқарудың жолдарын, құралдарын жақсы білу қажет;Әрбір басқару концепциясы мен методикасының жақсы және осал жақтарыі болады, нақты ситуацияда қолданғанда оның нәтижесін басшы адам алдын - ала болжай білу қажет, оның тигізетін зиянында және пайдасында;Сонымен қатар, басқарушы нақты ситуацияда кемшіліктерді неғұрлым азайта түсетін жол тауып, ұйымның алға қойған мақсатын орындауды қамтамасыз етуі шарт.

3. Сот жүйесінің дамуы. Сот жүйесін одан әрі дамыту дербес, тәуелсіз сот құру-жүргізіліп отырған сот реформасының басты мұраты. 1995жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы мен 2000жылы 25желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заң оған толық кепілдік береді. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң, сот құқықтық реформа саласындағы айрықша оқиға, реформаның басты кезеңдерінің бірі болып саналады.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» 1қыркүйек 2000 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстанда сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту, сот құқық реформасының қарқынын жеделдету мақсатында, соттар қызметін материалдық-техникалық және өзгедей қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанынан Сот әкімшілігі жөнінде комитет құрылды.Сот жүйесін жетілдіріп, оның тәуелсіздігін арттыруға соңғы жылдары ерекше маңыз беріліп отыр. Құқықтық мемлекет құруда сот билігінің жетекші рөлге ие екенін Елбасымыз да үнемі айтып келеді. Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес «2005-2007 жылдардағы сот жүйесін жетілдіру жөніндегі мемлекеттік бағдарлама» жасалды. Елімізде тәуелсіз сот жүйесінің негізі қаланып, заңның үстемдігі дәйекті қамтамасыз етіліп келеді. Сот реформасын жүргізу бойынша біздің еліміз ТМД-да көшбасында екенін халықаралық сарапшылар да мойындайды. Тәуелсіз сот жүйесінің негізі қаланғанын Елбасы Жолдауында қадап айта келе «Біз демократиялық қоғамдастықтағы жалпыға ортақ стандарттарға сәйкес келетін кең ауқымды сот жүйесі реформасының қарсаңында тұрмыз»,- деді.Жоғарғы Соттың өкілеттігі 1. Жоғарғы Сот жергілікті және басқа соттардың қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады және сот практикасының мәселелері бойынша түсіндірмелер береді. 2. Жоғарғы Сот: 1) өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қарайды; 2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша Республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды; 3) нормативтік қаулылар қабылдайды, сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірме береді;4) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады. Жоғарғы Соттың құрылымы мен құрамы 1. Жоғарғы Сот Төрағадан және судьялардан тұрады. Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді . 2. Жоғарғы Сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін. 3. Жоғарғы Соттың органдары: 1) жалпы отырыс; 2) азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалаушы сот

алқасы;3) қылмыстық істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасы болып табылады. Сот алқасын осы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын төраға басқарады. 4. Сот алқасының сандық және дербес құрамын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың жалпы отырысы белгілейді. 5. Мамандандырылған құрамдарды Жоғарғы Соттың Төрағасы жасақтайды. 6. Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-консультациялық кеңес және баспа органы құрылады.

**Билет-12**. 1.Мемлекет пен адамдар арасындағы қатынас сипаты жайлы өткен заман ойшылдарының пікірі.Мемлекет қоғам өмірінің дербес саласы ретінде танылғаннан кейінғалымдар мемлекет пен адамның өзара қатынасын зерттей бастады. Оныңнегізгі себебі – мемлекет шеңберіндегі адамның орны, ролі жөніндегімәселелердің туындауы. Қоғамда, мемлекетте адам жалпы дамуға ешбір әсер ете алмайтын тіршілік иесі ғана ма, әлде ол (адам) қоғам, мемлекет өміріндегі шешуші күш пе?Осы мәселе бойынша бірнеше ғасырға созылған ғылыми пікірталастыңнәтижесінде саясаттануда этатизм деген бағыт пайда болды.Этатизм дегеніміз - мемлекетке табыну, кейбір жағдайдағы қоғам мен жеке адам бостандығына әкелетін қиянатына, зорлық-зомбылығына төзіп шексіз билікті мойындау.Әсіресе XVI ғасырдан бастап ғалымдар арасында этатизмге қарсы пікірлер күшейді. Мақсат – қоғам мен мемлекеттегі адам ролін көтеру,мемлекет жағынан адамның еркіне қарсы тұратын кедергілерді жою.Саясаттануда бұл мәселені зерттеудегі ағылшын ғалымы Томас Гоббстың үлесіерекше. Ол "Левиафан" деген еңбегінде мемлекетке дейінгі қоғам өмірін суреттейді. Оның ойынша, әрбір адамның жаратылысынан өмір сүруге "табиғи құқығы" бар. Олардың құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан берілген. Мемлекетсіз дәуір – ол барлық адамдардың«барлық адамдарға қарсы соғысы». Мемлекеттің пайда болуы – ол адамдардың келісім-шарты. Адам сыртқы қатерден сақтануы үшін өз құқықтарын мемлекетке тәуелді етті.Т.Гоббс қоғамдық тәртіпті табанды, қатал ұстайтын мемлекетті жақтайды. Сондықтан ғалым өз теориясын Англиядағы монархияны қайта құруға, жаңғыртуға бағыттағаны белгілі.Сонымен қатар, Гоббстың ойынша: «Мемлекеттік билік – жоғарғы заң шығарушы және оған бағыну. Басшы өзіне бағыныңқы адамдардың арасында теңдік болуы қажет екенін қадағалап отыруы тиіс және оларды сотта қорғай білуі қажет».Ал ғалым "Левиафанмен" – мемлекетті теңестіріп сипаттайды, себебі мемлекет адамдарға зорлық жасайды, күш көрсетеді, ал адамдар соған төзеді. Дегенмен,Гоббстың ойынша, мемлекет қандай мықты болса да – ол "ажалды құдай",себебі ол жасанды. Мемлекет адамдардың ақылы мен қолынан туындайды, аладам – табиғаттан жаратылған. Сол себепті қоғамда адам бірінші орында, алмемлекет – екінші орында тұруы тиіс.Адам мен мемлекеттің арақатынасын сараптай келе, Т.Гоббс: "Адамға құқықты үлестіріп беретін мемлекет емес, мемлекеттің өзі жеке адамдардың құқықтарынан жинақталады» - деген қорытынды жасайды. Яғни, адамның қоғамдағы орны ең жоғарғы сатыда, әрбір адамның "табиғи құқығы" бар, "мемлекет оны заң арқылы қорғауға тиісті".Сөйтіп, ұлы ойшылдың тұжырымдамалары қазіргі замандағы адамның "табиғи құқығы" идеясына негіз болып халықаралық деңгейде қолдау тапты.1948 жылы БҰҰ қабылдаған "Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында" «адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан берілген, бұл ұстамды әрбір мемлекет өз заңдарына енгізуге тиісті» - деп жарияланды.Қазақстан Конституциясында осы принципті іске асыру көзделген. Оның 12-бабында: "Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп табылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдармен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осығанқарай анықталады" - деп жазылған.

2.Саясаттану феномені.Саясаты түсінудің екі жолы.Саясаттану сөзі ("политология") гректің, «политика" және "логос" деген сөздерінен шыққан, саясат туралы ғылым деген мағынаны білдіреді.Басқа қоғамдық ғылымдардың ішінде саясаттанудың орны ерекше. Себебі, адамзат тарихында саясат негізгі рөл атқарды. Оның дұрыс-бұрыстығы, сайып келгенде, адамдардың, халықтардың тағдырымен тығыз байланысты.Ежелгі Шығыс, антикалық дәуірдің ойшылдары мемлекеттің, саяси биліктің мән-мағынасы неде және кімге қызмет етеді, қоғамдық құрылыстың қандай түрлері бар және олардың ең жақсысы, халыққа ең қолайлысы қайсысы деген сияқты сауалдарға жауап іздеген. Бірақ ол кездегі пайымдаулар негізінен діни-мифологиялық сарында болатын. Себебі, ертедегі адамдар жер бетіндегі өмірге құдайдың құдіретінен туған жалпы әлемдік космостық тәртіптің ажырамас бөлігі ретінде қарадық. Мысалы, Мысырда (Египетте), Вавилонда (қазіргі Ирак), Үндістанда, сол кездегі мифтарға сүйенсек, басқарушының билік көзі құдайда және ол жер бетіндегі істерді реттеп, тындырып отырады. Көне Қытай мифы бойынша билік құдайдың құдіретімен жүргізіледі де, ал іске асырушы онымен байланысты император болып есептелген. Ежелгі гректерде ен алғашқы билікті жүргізуші құдайлардың өздері болыпты-мыс.Саяси әлеуметтендіру екі жақты процесс. Әрбір адам әлеуметтендірудің тек объектісі болып қала бермейді. Ол өз бетімен білім алуы, бұқаралық ақпарат құралдарын және қоғамдық бірлестіктер жұмысына қатысуы арқылы саяси білімін жоғарылатады. Нәтижесінде азамат саяси өмірге қатысуға мүмкіндік алады .Сонымен, саяси әлеуметтендіру саяси екі жақты процесс: қоғам адамды саяси әлеуметтендіреді және адам қоғамды саяси әлеуметтендіреді.Саяси субъектіліктің деңгейі, әлеуметтік өрістеуі – адам санасының дамуына тығыз байланысты. Бұл әрбір адамнан өте қажырлы еңбегін талап етеді. Осы негізде адамда тәртіптілік, жауапкершілік, принциптілік, жігерлілікжәне т.б. көптеген мәдени-әлеуметтік құндылық қасиеттері қалыптасады. Саяси белсенділікті арттырудың көптеген алғышарттары бар. Оларға материалдық және құқықтық факторлар жатады. Біріншіден, халықтың, әрбір адамның саяси өмірге араласуына олардың азық-түлікпен, киіммен қамтамасыз етілуі, үй-тұрмыс жағдайлары ерекше әсер етеді. Халықтың тұрмыс жағдайынашар елде саяси белсенділік күрт төмендеп, мемлекеттік саясатты толық қабылдамай, оған қарсы пікірлер білдіру қалыптасады. Саяси белсенділікті арттырудың екінші маңызды шарты ол саяси, құқықтық факторлар. Мемлекет тарапынан құқықтық негіздер толық жүзеге асырылған жағдайда ғана халық саяси өмірге еркін қатыса алады, демократия ұстаным нығая түсіп, биліктің демократиялық мәні жоғарыланады, саяси процесс қарқынды дамиды, нәтижесінде адамдардың саясатқа, саяси өмірге оң (позитивті) көзқарастары қалыптасады.

3.Қазақстандағы құқықтық мемлекеттің қалыптасу ерекшеліктері.

Азаматтық қоғам институттарының дамуы үшін мемлекет бұл процестің жасампаздық сипатта өрбуіне, азаматтардың саяси белсенділік танытуына қажетті жағдайлар жасап, қолдауы қажет. Бұл тұрғыда Қазақстан Президентінің Ел халқына жолдауындағы тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасында үкіметтік емес ұйымдарға қолдау жасаудың мемлекеттік тұжырымдамасы жасалған. Қазақстанның саяси жүйесінің демократизациялануы, өркениетті нарықтық экономика мен құқықтық мемлекетті құру үшін азаматтық қоғамның маңызы зор. Бүгінгі күні Қазақстанда азаматтық қоғамның құрылуы үшін керекті институттық негіз жасалған. Азаматтық қоғамның Қазақстанда жетілмеу себептері оның мәдени-әлеуметтік жағдайлардың толық дамуымен байланысты. Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуы үшін әлеуметтік эволюция қажет. Әрине бұл азаматтық қоғамның мәдени-әлеуметтік дамуын қол қусырып күтіп отыруын қажет етпейді. Мәдени-әлеуметтік даму уақытқа ғана байланысты емес, ол мемлекеттің, қоғамның және оның институттарының белсенді күш салуына байланысты. Азаматтық қоғамда азаматтардың халықаралық дәрежеде танылған ережелерге сай құқықтары мен бостандықтары сақталып, заң үстемдік етеді. Азаматтық қоғам материалдық, қоғамдық, саяси және мәдени тұрғыда жоғары дәрежеде дамыған кезде құқықтық мемлекетке айналады. Құқықтық мемлекет-конституциялық басқару тәртібі қамтамасыз етілген, шын мәнісіндегі билік бөлінісі мен олардың тиімді қарым-қатынасы мен өзара бақылауы жүзеге асырылған, саясат пен билік құрылымына әлеуметтік бақылау орнатылған, дамыған құқықтық жүйе мен тиімді сот билігі қалыптасқан мемлекеттік құрылым. Құқықтық мемлекеттің негізінде демократиялық жол мен қабылданған заң алдында барлық қоғам мүшелерінің тең саңалауы, заңның халықтың еркін білдіруі және жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуі танылады. Қазақстан Республикасы өзінің саяси жүйенің келешегін құқықтық мемлекеттің қалыптасып дамуымен байланыстырады. Бұл бағытта атқарылып жатқан істер баршылық. Қазақстандықтар заңдық кеңістікте өмір сүру дәстүріне үйрене бастады . Бірақ Қазақстанда құқықтық мемлекет қалыптасуы ісінде елеулі қайшылықтар бар. Негізгі төрт қайшылықтар:Бірінші қайшылық-басқарушы элита өкілдері мен қатардағы азаматтардың заңды бұзуға немесе орындамауға жол беретіндігі. Осының нәтижесінде заңдар жұмыс істеуге қабілетсіз болады. Екінші қайшылық-Қазақстанда құқықтық қоғамның батыстық стандартына ұмтылудан туады. Үшінші қайшылық-қазақстандықтардың саяси-құқықтық мәдениетінің ұлттық дәстүрлерден, ең алдымен қазақ этносының танымдық кеңістігінен қол үзуіне байланысты. Төртінші қайшылық-қазақстандықтардың құқықтық мәдениетінің төмендігі. Ел халқының коммунистік жасанды идеологияның ықпалында болуы, өтірік пен алдаудың билік құруы азаматтардың заңды құрметтеуін, заңды үнемі басшылыққа алып, орындап отыруға құлшынысын әлсіретті. Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетте ең бірінші орында азамат, оның құқықтары мен бостандықтары, заңдық тұрғыда қорғалынуы тұрса – құқықтық демократиялық мемлекетте ең жоғарғы заңдық күші бар-Конституция зор маңызға ие болады. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасы 1995 жылы Конституциясы демократиялық қоғам құру мен әрбір жеке адамның автономиясының заң жүзіндегі кепілдіктерін қамтамасыз етуге қажетті құқықтық жағдайлардың негізін қалады. Олардың қатарында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының конституциялық негізде бекітілуі, билік тармақтарының бөлінуі, тәуелсіз конституциялық бақылаудың, заңның үстем болуы, идеологиялық және саяси әр алуандылықтың өрістелуі және т.б. конституцияда бекітілген азаматтық оғам мен құқықтық мемлекетті дамытудың ұстанымдары бар. Азаматтық қоғам мен құқықытық мемлекет құру жолында Қазақстанда күрделі процестер жүріп жатыр деп айтуға болады. Атап айтар болсақ құндылықтарды бағалау, рухани бағдарлардың жаңа мәнге ие болуы, қоғамдық сананың трансформациялануы билікке, қоғамға, саяси жүйеге деген көзқарастарды қалыптастыруда.

**Билет-13** 1.Саяси ой – сана тарихындағы биліктің бөлінуі туралы. Билік – саяси саладағы негізгі мәселелердің бірі. Оны қоғамдағы саяси процестерді түсінудің кілті деуге де болады. Билік туралы түсінік күнделікті өмірден жақсы белгілі және кеңінен қолданылады. Билік адамзат қоғамымен бірге пайда болды және оның даму барысында әлі де бола бермек. Оның алғашқы пайда болуын қазіргі саяси ғылымда мемлекеттің пайда болуымен байланыстырады. Билік көп салалы, көп мағыналы құбылыс. Мысалы, мәжбүр ету күш билігі, жетекшінің, ата-ананың, мұғалімнің, әкімшіліктің, заңның, мемлекеттің билігі және т.б.Билік деп біреудің екіншілерге өз әмірін жүргізіп, олардың іс-әрекеттеріне, қызметіне, тағдырына ықпал етуін айтады. Бұл жалпы билік туралы түсінік. Ал билік деген ұғым үлкен екі топқа бөлінеді: саяси билік және саяси емес билік.Саясаттанудың объектісі тек ғана саяси билік. Саяси билікке заңның,мемлекеттің, үкіметтің, жалпы қоғамның өмірімен байланысты биліктер жатады. Сонымен қатар саяси биліктің өзі де бір мағыналы, бір салалы емес.Себебі саяси биліктің түрлері өте көп. Мысалы, монархияның билігі (патша,император, король, хан, шах, сұлтан), бір партияның билігі, әскери топтың,диктатураның билігі, фашистік билік т.с.с.Саяси биліктің тағы бір түрі – сайланған билік, яғни, халық билігі. Осыған байланысты, саяси биліктің өзі екі түрге бөлінеді: заңды (легитимді), сайлаулы билік, демократиялық билік және заңды емес (легитимді емес), сайланбаған, демократиялық емес билік. Саяси билік қоғамдағы аса күрделі процесс болғандықтан, оның көріністері де сан алуан болып келеді. Атап айтқанда: 1. Қоғамдық сала бойынша (саяси, экономикалық, рухани, мәдени, білім, діни, әскери). 2. Қызмет ету түрлері (басқару, бақылау, күш жұмсау, жазалау, мадақтау). 3. Қарқыны мен көлемі (шексіз, шек қойылған, аумақтық, орталық, жергілікті). 4. Басқару тәртібі (қаталдық, беделдік, бюрократиялық, демократиялық). 5). Биліктің жайы (тұтас өкімділік, бір қолдан басқарушылық, үстемдік, тұрақсыз билік, сал ауру). 6 Биліктегі қатар өмір сүру (тәуелділік, тәуелсіздік, өзара тәуелділік).Саяси билік – тарихи құбылыс. Әрбір мемлекеттегі саяси биліктің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері болады. Әрбір қоғамның саяси билігі сол елдің әртүрлі сипаттары арқылы қалыптасады. Сол себептен саяси биліктің түрін бір қоғамнан екіншісіне қалай болса солай көшіре салуға болмайды.

2.Саясаттанудың әдістемелері мен әдістері.Әрбір ғылым белгілі бір әдістерге сүйенеді. Методология-танымдық әрекеттің жалпы теориясы, онда не тану мен нені тануға концептуальды көзқарас туралы айтылады, бұл проблеманы зерттеудің әдістері мен тәсілдері бар. Саясаттану саяси құбылыстар мен өзгерістердің мән-мағынасын түсініп білу үшін түрлі әдістерді қолданады. Мысалы, Марксистік методологияда, қоғамдық құбылысты зерттеуде маңызды нәрсе таптық көзқарас болып табылады. Ол кез келген саяси идеологиялық және өнегелік т.б. құбылыстар таптық қызығушылық пен таптық күрес тұрғысынан қарастырылады. Сонымен әдіс деп зерттеу жүргізуді ұйымдастыру тәсілін айтамыз. Саясаттанудың мұндай тәсілдеріне – салыстырмалы, жүйелеу, социологиялық, тарихи, бихевиористік, нормативтік, аксиологиялық және т.б. жатады. Салыстырмалы әдіс дегеніміз әртүрлі елдердегі саяси жағдайларды зерттеп, соған салыстырма жасау дегенді білдіреді. Олардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін жіктеуге септігін тигізеді. Ондағы саяси тұрақтылық пен оның шешімдерін бағалауға, қажетті тұстарын қабылдауға мүмкіндік жасайды. Бұл әдістің өзімiздің Қазақстан Республикасында алатын маңызы зор. Себебі еліміздегі жүріп жатқан саяси реформалардың нәтижелі болуына басқа елдердің озық тәжірибесін пайдаланып, тиімді тұстарына салыстырма жасау арқылы қоғамға енгізу кеңінен шешім болмақ.Жүйелеу әдісі дегеніміз қоғамдағы саяси құбылыстарды басқа күрделі құрылымдардың құрамдас бөлшегі ретінде қарастырып, оны құрайтын элементтердің әлеуметтік ортадағы орны мен қызметін және басқа құбылыстармен байланысын зерттеу білдіреді.Социологиялық әдіс саяси құбылыстардың қоғам өміріндегі экономикалық, әлеуметтік, мәдени және т.б. жағдайлармен байланысын анықтайды.Тарихи тәсіл уақытына байланысты болып жатқан саяси құбылыстардың өткенін, қазіргісін және болашақтағы жай-күйін айқындайды. Ол әртүрлі саяси оқиғаларды, процестерді, деректерді олардың болған уақыт мезгілін еске ала танып-білуді талап етеді.Бихевиористік әдістің мәні адамдардың, жеке тұлғалардың және топтардың белгілі бір саяси жағдайда өздерін ұстауы, көпжақты әрекеттерінің нәтижелерін нақтылы зерттеу деп түсіндіріледі. Бұл әдісті жақтаушылар саяси қызметтің барлық түрлерін адамдардың іс-әрекеттерін талдау арқылы түсініп-білуге болады дейді. Нормативтік әдіс XIX ғасырға дейін жиі пайдаланылған. Қоғамның игілікке жетуін қамтамасыз ететін немесе адамның әуел бастан тиесілі табиғи құқықтарын іске асыруға алғышарттылықтар туғызатын саяси құбылыстың түрі. Диалектикалық-материалистік әдіс қазір көп айтылмағанымен, бұрыңғы Кеңес Одағы кезінде кеңінен пайдаланылған. Ол табиғатты, қоғамдағы және санадағы құбылыстар мен процестерді бірімен-бірі тығыз байланыста және үздіксіз даму жағдайында болады деп санайды. Саясаттануда жеке әдістердің үлкен жиынтығы қолданылады. Жоғарыда аталған әдістерден басқа да әдіс-тәсілдер бар. Оларды терең меңгере отырып саяси процестер мен олардың жүру деңгейін шынайы бағдарлауға жолдама аласыз. Бүгінгі демократиялық қоғамда сан түрлі әдістер кеңінен қолданыста болады. Саясаттануды жеке әдістердің көмегінсіз зерттеу мүмкін емес. Олар белгілі бір саяси құбылыстың жай-күйі мен жағдайын ашып көрсетуге көмектеседі. Олардың көмегімен эмпирикалық әлеуметтік материал саяси анализ арнасына, орта деңгей теориясына бағытталады. Саяси іргетассыз берік саяси білімді жасау мүмкін емес. Жеке әдістемелер, статистикалық мәліметтерді саралау, сауалнама жүргізу (анкета, интервью), тікелей бақылау, құжаттарды зерттеу принциптері қолданылады. Кез келген саяси жағдайды мына сызба бойынша зерттеу жүргізуге болады: талдау жасау – диагноз қою – болжап айту. Сайлау алдындағы дағдарыс, халықаралық саяси процестер және т.б. мәселелерді үлкен дәлдікпен болжауға болады.

3.Қазақстандағы патриотизм: қалыптасу спецификасы, негізгі сипаттары мен мазмұны.«Қазақстан - 2030» жолдауында Республика Президенті еліміздің ұлттық қауіпсіздігін, тәуелсіздік пен егемендігін танытатын даму бағдарламасын анықтады. Осы стратегиялық бағдармен, Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге, қоғамның саяси және рухани өмірі саласындағы міндеттер қайта жаңартуға бағытталған идеялық - тәрбие

жұмыстары да анықталған. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін паш етіп, өркендеп өсуін, әлеуметтік, экономикалық жағдайы көтерілгенін бүкіл әлемге дәлелдеп келеді. Ал Қазақстанды Отаным деп таныған әрбір азамат аталған жұмыстарға өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс. Мұның басты шарттарының Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан - 2030» жолдауында «Біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономикалық өркендеу үстіндегі күллі әлемге белгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады!» деп нақты көрсеткен болатын. Ал қазақстандық патриотизм дегеніміз не? Ол – Отанға деген сүйіспеншілік пен азамзаттық ерлік, өнеге көрсетушілік, өз елінің тарихын, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт дәстүрін қастерлеу, Туымыз бен Әнұран, Елтаңбамызды құрметтеу. Отанын, жерін қорғау. Патриотизм – ақыл, ой-сананың салтанаты, табынды тәрбиенің жемісі. Әрбір жеке тұлғаны патриоттық сезімге тәрбиелеу керек, ол отбасынан, балабақшадан басталып, мемлекет, жоғарғы оқу орындары, қоғамдық ұйымдар ортасынан қалыптасады. Отанымыз аумағының бүтіндігін сақтаудың өзі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді.Бүгінгі күні ата-бабалар, одан кейінгі ұрпақтардың салып кеткен жолымен жүріп, сол жолды ары дамыту, өмір жаңалығын ескеру, ескімен жаңаны ұштастыру Қазақстан халқының міндеті.Елдің тәуелсіздігі көп нәрсеге ой салдырады. Мұнда тарихи сананы ояту, жоғалғанын өзіне қайтару, өрлеу дәуіріне жол ашу деген мағына, сондықтан қазақстандық патриоттық тәрбие деген ұғым тек қана айтыла салатын дерексіз ұғым емес, ол ең алдымен нақты, өз ұлтына, сонда тұрып жатқан халықтарға берілген, адал еңбек ете алатын, жалпы халықтық, әлеуметтік мәдениетті түсініп, білетін соның нұсқаларын өз халқының қажетіне жарата алатын, басқалары түсіне білетін нағыз адам сүйгіштік, қазақстандық патриоттық рұхтағы белсенді адамдарды тәрбиелеу үшін керек.Тәрбиенің негізі, оның мақсаты, міндеті, мазмұны, түрі, құрылымы, әдісі, тәсілі, заңдылықтары, принциптері, құралдары (10) бар. Сол сияқты қазақстандық патриотизмнің мақсат, міндеті, түрі, әдіс-тәсілі бар. Егер патриоттық тәлім-тәрбиемізде осы негіздер болмаса ол жәй сөз болып қалуы мүмкін. Өзін-өзі білмеген адам өзінің кім екенін түсінбейді. Қазақстандық патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып ұлттық тәрбиеге жаңа мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз ол оқшаулану емес, керісінше ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі, дүнитанымы кең азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік болады деп түсіну қажет және солай да.Бүгінгі Егеменді Қазақстанның жағдайында патриотизм, ұлтаралық татулық жаңа мағынаға ие болып отыр. Себебі Қазақстанды Отаным деп білетін әрбір Қазақстан азаматы Қазақстанды сүйіп, соның азаматы болу, қазақстанды қорғау, Қазақстанның дамуына, өркендеуіне өз үлесін қосу міндетті. Мұны, әсіресе, қазақ ұлт өкілдерінен басқа ұлт өкілдері жақсы ұғынуы тиіс. “Қос азаматтық”, “Қос тілдік” деген ұғымнан арылу. Біз мұнда түгелдей орыс тілінен бас тартып отырғанымыз жоқ. Орыс тілі арқылы батыс мәдениетін игеруіміз тиіс.Осы мәселеге байланысты қазақ азаматтарына келетін болсақ, олар қазақстандық патриотизм, ұлтаралық татулықтың көш бастаушысы болуы тиіс. қазақстандық патриотизм-бүкіл қазақстандықтарға тән. Себебі ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ салт-дәстүр, ортақ қазақтың тілі. Басқа ұлт өкілдері қазақтың тілін білуі тиіс. Қазақстандық патриотизмнің негізі-ежелгі ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз, ертегілер, жырлар, кешегі кеңестік ортақ дәуір, Ұлы Отан соғысындағы түрлі ұлт өкілдері-қазақстандық батырлардың ерліктері туралы тарихи деректер болып табылады. Қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық татулықтың әдіснамасы Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тарихи еңбектері. Қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық татулықтыққа тәрбиелеудің жолдары мен құралдары-ол түрлі іс-шаралар, тәрбие сағаттары, гумнаитарлық пәндердің мазмұны.

**14-билет**. 1.Класстық жіктелу туралы Маркстық Лениндік тезистің позитивистік методологиядан айырмашылығы. XYIII ғасыр Европа, Америка және Азияның көптеген елдеріндегі нарықтық экономиканың дамып, капитализм қалыптасып, әлеуметтік теңсіздіктің күшейген уақыты болды. Ол кезде еңбекшілер мен кедейлердің, жалпы жоқшылыққа ұшыраған адамдардың мүдделерін қорғауға арналған әлеуметтік қорғау жүйесі жетілген жоқ еді. Сол себепті революция ұйымдастырып, буржуазиялық тапты ығыстырып, социализм орнату қажет деген идеялар кеңінен тарала бастады.1789 жылғы Ұлы Француз революциясы бұның іс жүзіндегі дәлелі болатын. Осы саяси құбылыстарға байланысты қалыптасқан консерватизм идеологиясының негізгі мақсаты - қоғам мен мемлекетті, олардың саяси жүйелерін бұрынғы қалпында сақтап қалу болды.Консервативтік идеология – қоғамды әртүрлі кездейсоқ жағдайлардан, ретсізреформалардан, әсіресе қатыгез, қантөгісті революциялардан сақтап қалужолдарын ұстанды. Марксизм дегеніміз қарулы төңкеріс арқылы қанаушы таптарды, жеке меншікті жойып, социализм және коммунизм құрып, қоғамдағы әлеуметтік теңдік орнату мақсатындағы идеология. Бұл идеологияға негіз болған жоғарыда айтылған неміс ойшылы, ғалымы К.Маркстың(1818-1883) идеясы. Оның идеясы бойынша, «таптық қоғамда әділеттік жоқ, байлар, капиталистер, фермерлер - қарапайым жұмысшыларға, шаруаларға қанаушылық жасайды, олардың еңбегін толық төлемейді, соның арқасында өздері байиды. Бұл жағдай әлеуметтік экономика саласында орын алса, ал саяси салада әділеттілік, демократия жоқ. Билік басында отырғандардың бәрі байлар. Халықтық сайлауға қалай бақылау қойылса да – бәрі бір билікке байлар ғана келеді. Соңында қоғам олигархиядан шыға алмайды».«Осындай әділетсіз жағдайдан жұмысшыларды, шаруаларды, жалпықарапайым еңбекшілерді құтқару, оларға саяси және әлеуметтік теңдік алып беру үшін, социалистік революция арқылы биліктің басындағы олигархтарды жойып, қоғамды буржуазиялық мемлекеттен босатып, жеке меншікті құртып, меншіктің мемлекеттік ғана түрін қалыптастырып, социализм, содан кейін коммунизм орнату керек. Осындай қоғамда ғана жан-жақты дамыған, еркін адам қалыптастыруға мүмкіншілік туады» -деп есептеді К.Маркс. Маркстік идеяны іске асыру үшін, яғни, бұл идеяны идеологияға айналдыру үшін орасан зор белсенділікпен күрес жүргізген саяси топ –Ресейдегі 1898 жылы ұйымдастырылған Ресей социал-демократиялық жұмысшылар партиясы (РСДЖП) еді. 1917 жылғы қазан айында В.И.Лениннің басқаруымен осы партия революция арқылы билікке келіп, бүкіл Кеңес Одағында марксистік (коммунистік) идеологияны орнатты. Бірақ күшпен енгізілген идеология 70 жыл бойы өз мақсатына жете алмады, себебі экономика саласындағы жеке меншік жойылғаннан кейін қоғам тоқырауға ұшырады. Бұл саяси оқиға идеологияның бәрі бірдей сәтті бола бермейтінін дәлелдейтін бүкіл әлемдік тарихи сабақ болып саналады.

Осындай саясаттың мысалына мемлекеттік қайраткерлердің, айталық, өзелін біріктіруге, халықты шетел қанауынан азат етуге, сыртқы тәуелсіздігімізді сақтауға бағытталған акциялары жатады. Мысалы, татар-моңғол басқыншылығы кезінде мәскеулік князьдер орыс жерлерін шетел қанауынан босатуға, Мәскеуді көтеруге, өз тәуелсіздігі үшін күреске оларға көрші князьдіктерді қосып алу үшін алдауды, сатып алуды, кісі өлтіру және басқа әдістерді қолданған. Осының бәрі келешекте орыс мемлекетінің тәуелсіздігін орнатуға, әлеуметтік прогреске қызмет етті.Осы мәселеден тағы бір проблема – жалпы саясат және индивидуалдық адамгершілік белгілі әлеуметтік жағдайларда үйлесе ме, бір – біріне қарсы келмей ме? Егер солай болса, ол қандай жағдайлар?

Бәлкім, айтуға болар, мұндай үйлесулер қоғамда кейде пайда болатын төтенше жағдайлар кезінде болады. Олар революция, соғыстар, ірі апат жағдайлары. Осындай кезде саясат, басшылықтың іс жүзіндегі әрекеттері, елдің саяси басшылығын қолдайтын,оның қызметіне көмектесетін көпшілік адамдардың тәртібі принциптерімен үйлесуі мүмкін (бірақ та,елдің барлық адамдары түгел басшыларын қолдауы, сірә, болмайтын шығар; ылғи даосындай шараларға қарсы болатындар жетіп жатады).

Айталық, азаттық қозғалыс немесе Отанды қорғау кезінде жауды жеңуге, елдің тәуелсіздігін сақтауға бағытталған мемлекеттік мүдделер,мемлекет саясаты халықтың, әрбір адамның мүддесімен үйлеседі (ерекшеліктері де болады: сатқындар, Отанын сатып кеткендер). Адамдар –өз елін қорғау, оған бар күшін салу, жалпымемлекеттік мүдделер үшін өз өмірін құрбан етуге дайын екендігіне сенімді болады. Осындай жағдайда мемлекеттің саясаты және оның азаматтарының адамгершілігі, шын мәнінде, бірігеді, бөлінбейтін болады. Бұған ұқсас жағдайлар ірі апат кезінде де болады. Халық пен мемлекеттің басына түскен жалпы бәле, бақытсыздық, қайғылы жағдайлар олардың күшін біріктіреді. Саясат пен адамгершілікті жақындастырады.

Қорыта айтқанда, мораль саясатқа саяси процеске қатысушылар қызметінің нәтижесі мен тәртібін бағалау, оларға моральдық талаптар қою арқылы әсер етеді. Өз кезегінде, саясат моральға азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастырып,оларды мемлекет пен қоғамды басқаруға итермелеу арқылы әсер етеді. Адамгершілік саясат үлкен өзгертуші күшке ие
болады. Керісінше, саясаткерлердің
моральдық нормаларды ескермеуі олардың қызметінің әлеуметтік тиімділігін төмендетеді, қоғам мен тұлға үшін бүліншілікпен айналып келеді. Сонымен, саясат ылғи да бар және келешекте де оның субъектісінің моральдық жауапкершілігінің саласы болады. Саясат моральмен одағынсыз оған жоғары қоғамдық мақсаттарды және олардыөмірге енгізетін гумандық амалдарды көрсететін компастан айырылады.Адамгершіліксіз саясат қрғамда демократиялық өзгерістерді және оның прогресін, адамды рухтандыратын және көтеретін идеалдар мен құндылықтарды қамтамасыз ете алмайды.

Саясат мұратында ғылымның, моральдың және өнердің қорытпасы, синтезі болуға тиісті. Ғылыми саясат өзіне тек қана адамгершілікті ғана емес, ол сонымен бірге әртүрлі фактілер мен шындықтың оқиғаларына теориялық талдау жасайтын өнерді де, шеберлікті де, жанжақтылықты да және икемділікті де өзіне қосып алады.

Мұнда аса зор еңбек еткендер — Конфуций, Платон, Аристотель сияқты ғұлама ғалымдар. Бұл ойшылдар саясатты теориялық тұрғыдан зерттеп, оны этикамен тығыз байланыста қарады. Олар саясатты адамдардың мақсат-мүддесіне сай келуге, адамгершіліккнегізделугетиісдепұқты.

**3) ҚР Конституциясы: Жоғарғы құндылық ретінде адам құқығы және бостандығы**

ҚР Ата Заңы бойынша: «1.Қазақстан Республикасында Конституңияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі; 2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» (12-бап). Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның және азаматтың құқықтарының негізіне олардың құқықтық мәртебесін бекітеді және оларды жүзеге асыруға жағдай туғызады. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар – Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген Конституциясының екінші бөлімінде бекітілген құқықтар мен бостандықтар. Конституцияда келтірілген негізгі құқықтар мен бостандықтардың көпшілігі жай ғана жиынтық емес, олар белгілі ғылыми, мейлінше терең ойластырылған логикалық негізі бар жүйе болып табылады. Негізгі құқықтар мен бостандықтар жүйесі тек қана олардың тобын ғана сипаттаумен шектелмей, сонымен қатар Конститутцияда олардың бірізді орналасуының басымдығын да сипаттайды. Бұл жеке адамның құқықтық мәртебесі мәнінің қасиетін тануда мемлекет ұстанатын идеологияны көрсетеді.

**22билет.1)Адам құқықтары жайлы басты халықаралық құжаттар: процесс динамикасы.**

Адам құқығын қорғаудың халықаралық механизмдері Біріккен Ұлттар Ұйымымен, БҰҰ Жарғысымен және адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясымен астасып жатыр. Халықаралық құқық және сонымен бірге саясаттың дамуы ауқымды саяси ынтымақтастыққа талпынуға жол ашып отыр. БҰҰ халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін ғана емес, сонымен бірге оның механизмдерін, халықаралық құқықтық актілердің заңдылық күшіне енудегі қажетті органдардың жүйесін де құрып берді. БҰҰ-ң Жарғысы –аталмыш халықаралық ұйымның құрылу тәртібі мен әрекет етуін реттейтін, мемлекеттердің адам құқығы саласындағы ынтымақтастығының құқықтық негізін қалайтын маңызды құжат. БҰҰ-ң мақсаты Жарғының 1 бабында анықталған, ол – адам құқығы мен баршаға ортақ негізгі бостандықтарды сыйлауды дамыту және мадақтауда мемлекетаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру. Жарғының 55- бабында БҰҰ -ға мүше мемлекеттердің «нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды жалпы сақтау мен сыйлау барлығына ортақ» халықаралық құқықтық міндеттері анықталған, яғни БҰҰ- ң Жарғысы нәсіл, жыныс, тіл, дін тәрізді қаналуға жатпайтын төрт қағидаға басты мән бере отырып баршаның тең құқылығын орнатады. БҰҰ Жарғысы адам құқығы мен бостандығы саласында тәуелсіз мемлекеттер мен халықтардың ынтымақтастығын нығайтудың негізгі саяси және заңдылық іргетасы болды.

Бүгінгі күнге дейін БҰҰ аясында көптеген халықаралық құжаттар қабылданды, соның ішінде адам құқығын қорғаудың әр саласы бойынша мемлекеттердің әрекет етудегі міндетті заңдылық нормаларын қалыптастыратын келісім шарттар, конвенциялар мен пактілер де бар.

Әмбебап құжаттар негізгі төрт актімен сипатталады: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1947ж), экономикалық,әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы пакт, азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (1966 жылы қабылданып 1977жылы күшіне енді), егер жеке құжат деп танитын болса азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакттің факультативті хаттамасы. Аталмыш құжаттардың заңдылық күштері әр түрлі, бірақ жиынтығында олар адам құқығы саласы бойынша мемлекетердің халықаралық ынтымақтастығының негізін құрайды..

2)Саяси режим туралы түсінік, түрлері

**Саяси режім** – бұл демократиялық құқық пен еркіндікті бейнелейтін мемлекеттік билікті жүргізу әдістерінің жүйесі. Қазіргі саяси тәртіптерді демократиялық және демократияға қарсы деп үлкен екі топқа бөледі. Осыны анықтағанда мақсатында төмендегідей сұрақтар туындайды. Кім (топтар, партиялар, элита, топтар) мемлекетті басқарады? Қандай басқару әдістеріне басты орын бөлінген – тікелей, мәжбүрлеу (Г. Рассель бойынша «Жалаңаш билік» ) немесе жанама, демократиялық? Әлеуметтік күрес және қысым институттары, ішінара оппазициялық партиялар, кәсіподақтар немесе басқа ұйымдардың әрекетіне жол берілеме және қаншалықты мөлшерде? Мемлекеттегі жеке тұлға ахуалы қалай. Соңғы екеуі азаматтық қоғамның көрсеткіштері болып саналады. Әлем елдерінің саяси даму тарихи мен саяси режімдері алуан түрлі. Шын мәнінде, әр мемлекеттің өз режімі қалыптасқан. Сонда да саяси режімдерді үш үлкен топқа біріктіруге болады: тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық. Тоталитарлық режім биліктің тотальділігімен, азаматтық қоғамның жоқ болуымен сипатталады, тоталитарлық билік қоғам өмірін төтенше жағдайлар принципі бойынша мәжбүрлеп ұйымдастырады. Онда өндіріс, экономика, бұқаралық ақпарат құралдары, білім, мәдениет, адамдардың жеке өмірі және т.б. – бәрі тегіс бақылаудың астында болады. Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары, демократиялық ұйымдардың жұмыстарына тыйым салынады, жазалау, қуғын-сүргін күшейеді, террорлық полициялық бақылау орнайды. Қоғам милитарланады. Тоталитаризмнің екі нұсқасы болады: оңшыл радикалистік және солшыл экстремистік. Тоталитарлық тәртіпте жалғыз көпшілік партия қалыптасады. Билікті сол жүргізеді. Ол партия оған кірген мүшелердің қимылы өз еркімен және демократиялық жолмен ұйымдаспайды. Көсемнің ырқымен, соның айналасында (Гитлер, Сталин) құрылады. Ондай қоғамда идеологияның рөлі үстемдік етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдаланады. Бұқараны соның күшімен өз ықпалында ұстайды. Идеологияны көсем белгілейді. Мысал келтіретін болсақ Гитлердің өз ұлтын басқалардан жоғары қоюы, Франконың христиандық қоғамы, Сталинның бұрмаланған социализм идеологиясы. Авторитарлы саяси режімде мемлекет мықты, авторитарлы көшбасшы билігіне сүйенеді, азаматтық қоғам әлсіз болса да қалыптасқан. Тоталитарлық режімге қарағанда халық бас көтерулері мен қозғалыстарын басуға күштеу әдістері азырақ қолданылады, көбінесе, әлеуметтік демагогия және компромистер қолданылады. Азаматтық қоғамда әлсіз де болса ағымдардың алғашқы өскіндері, оппозиция, әлеуметтік қорғау органдары, қоғамдық өз ойын айту пайда болады. Азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың саяси құқықтары мен бостандықтары шектеледі, оппозицияға тыйым салынады. Сайланбалы мемлекет органдары азаяды. Олардың жұмыстары мемлекет басшысының ырқына бейімделеді. Авторитарлық тәртіпке мысалы, Пиночет кезіндегі Чилиді, Франко кезіндегі Испанияны, қазіргі Иорданияны, Индонезияны, Марокко, Кувейтті, Сауд Арабиясын жатқызуға болады. Демократиялық режімде мемлекетті қадағалайтын, сонымен қатар оның барлық шешімдерін орындайтын азаматтық қоғам болады, өйткені ол қоғам мен мемлекет бір заңмен өмір сүреді. Билікті бөлісу нақты жолға қойылған. Билік әлеуметтік аумаққа кең жайылған, барлық деңгейде бақыланады және қарсы дау айтылады. Демократиялық саяси режімді оның қалыптасуы мен жоғарғы мемлекеттік билікпен ара-қатынасына байланысты екі типке бөлуге болады: парламенттік және президенттік.Парламенттік режімде президент пен монарх мемлекетті басқармайды, төтенше шешім қабылдай алмайды. Олар мемлекеттің арнайы өкілетін алып жүрушілері. Өкімет пен парламент арасындағы биліктің тең дәрежеде болуын қамтамасыз ету үшін екі жақты әсерлері болды. Парламенттік режім батыс елдерінің біразында бар. Оның ең жарқын көрінісі Ұлыбритания, ГФР, Австрия, Испания, Скандинавия елдерінде байқалады. Президенттік режімнің ең басты көрсеткіші – орындаушы билікте дуализмінің болмауы. Президент ел басы және орындаушы биліктің, өкіметтің басшысы болып саналады. Президент барлық халықтың тікелей және жанама дауыс беруі нәтижесінде сайланады. Тура осылай басқа сайлау кезінде парламент сайланады. Олардың әрқайсысы елбасының саясатын орындауға өкілетті. Президент пен парламент бір-біріне тәуелді емес, өйткені парламент президентті орнынан алып, сенімсіздік танытуы бойынша министрлерді орнынан алып тастай алмайды, ал президент парламентті тарата алмайды. Президенттік республикасының классикалық мысалы АҚШ бола алады. Ресей мен Қазақстанда, ТМД елдерінде де президенттік режім қалыптасып келеді.

**23-Билет.2.Саяси партиялар: түсінігі, класификациясы**..Саяси процестің өте маңызды субъектісі болып мемлекетпен бірге саяси партия да кіреді. «Партия» сөзі латын сөзінен алғанда «партия» partis – бөлім, топ – дегенді білдіреді. Қазіргі біздің түсінігіміздегі саяси партиялар Еуропада XIX ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастады. Макс Вебер саяси партиялардың дамуында мынадай кезеңдерді атап көрсетті: 1) аристократиялық үйірмелер: 2) саяси клубтар; 3) көпшілік партиялар. Партия деп мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге қатынасуға бағытталған, ортақ мүдде, бір идеология негізінде құрылған адамдардың ерікті одағын айтады. Саяси партия түсінігінің маңызды әртүрлі жақтарын ерекшелеуге болады. Жалпы айтатың болсақ: саяси партия – бұл ұйым, адамдардың белгілі бір ерікті идеологиялық одағы, жаулап алуға бағытталған немесе өздерінің саяси бағдарламалары арқылы белгілі бір топ құру арқылы өкіметпен бір деңгейде әлеуметтік база құрады. Саяси партияның негізгі төрт белгісін анықтауға болады: 1) Партия идеологияны тасымалдаушы немесе әлем мен адамның көрінісі; 2) Партия – бұл ұйым, адамдардың ұзақ бірлестікте болуы; 3) Партия мақсаты – жаулап алу және өкіметтегі билікті жүзеге асыруы; 4) Әрбір партия өзіне халықтың сайлаған дауыстары арқылы қолдау алады. Саяси партияларды жіктеп, жүйелеудің көптеген белгілері мен өлшемдері бар. Мысалы, институциондық тәсіл партияларды топтастырғанда ұйымдастыру ерекшелігін басшылыққа алады, либералдық дәстүр идеологиялық байланыстардың сипатына басты назар аударады, марксистер болса таптық белгілеріне айрықша мән береді. Саяси жүйедегі рөлі мен іштей ұйымдасуына байланысты саяси партияларды төртке бөледі: авангардтық партиялар, сайлаушылар партиясы, парламенттік партиялар, қауымдастық партиясы. Саяси идеологиясына қарай партияларды 5 түрге жүйелеуге болады: 1) комунистік партиялар мен солшыл радикалды бағыттағы партиялар; 2) социал-демократиялық (немесесоциалистік, лейбористік) партиялар; 3) буржуазиялық-демократиялық партиялар; 4) консервативтік партиялар; 5) фашистік партиялар

**3.Заңнама азаматтардың мемлекеттік басқару саласындағы құқықтары мен міндеттерін бекітеді.** Азаматтардың бұл саладағы негізгі құқықтары мен міндеттерін Қазақстан Республикасының Конституциясы бекітеді. Азаматтардың аса маңызды конституциялық құқықтары мыналар:

тікелей немесе өздерінің өкілдері арқылы мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығы. Ол азаматтардың мемлекеттік органдарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалык референдумға қатысу құқығымен қуатталады. Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге құқығы бар;

Қазақстан Республикасы азаматтарының бірігуге еріктілік құқығы бар;

Қазақстан Республикасының азаматтары — бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға қақылы; азаматтардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар. Қазақстан Республикасының азаматтары осындай құқықтарға ие болумен қатар, өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді де орындайды. Конституция мынадай міндеттерді айқындайды:

занды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу міндеттілігін;

табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндеттілікті;

Отанын қорғауға міндеттілікті;

тарихи және мәдени мұраларды сақтауға қамкорлықпен карау міндеттілігін.

Азаматтардың құқықтарын жүзеге асыруы және міндеттерін орындауы заңға сыйымды, яғни заң тыйым салмаған іс-әрекеттерді жасау жолымен жүреді. Азаматтар мемлекеттік басқару саласында заңға сыймайтын іс-әрекеттер жасаған жағдайда өкімшілік жауапқа тартылады. 12-бап

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

3. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

5. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

**24-БИЛЕТ.1.Демократияны орнатудың мүмкін еместігі жайлы өткен заман ойшылдарының пікірі.** Демократия саясат пен билік сияқты саясат ғылымының негізгі категориясына жатады. «Демократия» терминін ежелгі грек тарихшысы **Фукидид** (б.э.д. – V ғ.) өзінің 8 томдық «Тарих» деген еңбегінде пайдаланған. Пайда болған кезінде бұл сөз сол кездегі Афина республикасында болған мемлекеттік басқарудың белгілі бір формасын суреттеу үшін қолданылды. Тура осы мағынада Афина көшбасшысы **Перикл** да демократия терминін пайдаланған және оның екі белгісін атап көрсеткен: заң алдында барлық азаматтардың теңдігі және азшылықтың көпшілікке бағынуы негізінде шешім қабылдау ережесі. Сонымен демократия грек тілінен аударғанда «демос» – халық және «кратос» – билік, яғни халық билігі дегенді білдіреді.

Француз саясаттанушысы **Ж.Блондель** саяси жүйені басқарудың мазмұны мен түрлеріне сай оны 5 түрге бөледі:1)либералдық демократия. Ол саяси мемлекеттік шешімдерді қабылдағанда меншікке иелік етуі,жекешілдік,еркіндік сияқты құндылықтарды басшылыққа алады;2) коммунистік жүйе. Ол әлеуметтік игілікті тең бөлуге бағдар ұстайды;3)дәстүрлі саяси жүйе. Ол ат төбеліндей ақсүйектердің саяси және экономикалық үстемдігіне негізделеді;4)дамып келе жатқан елдерде қалыптаса бастаған саяси жүйе. Онда авторитарлық басқару белең алады;5) авторитарлық консервативтік жүйе. Онда әлеуметтік және экономиккалық теңсіздік сақталады,халықтың саяси билікке қатысуына шек қойылады.

**Аристотель** демократияны жалпы халықтың игілігін ойлап,ұстамды,ұтымды,баянды шешім қабылдатады,қызмет адамдарын қабілетіне,біліміне қарай емес жеребемен қойдырады деп **Платон** да жақтырмады. Сондықтан да ол демократияға жақсыдан нашарлау, жаманнан тәуірлеу биліктің түрі деп қарады.

**Иозеф Шумпетер** (1833-1950) өзінің атымен аталған демократияның «шумпетерлік» теориясын жасады. Оның ойынша, жалпы ықтиярлық, тілек барлық халықтың еркімен қалыптаспайды, оны жасайтын соған мүдделі кәсіби топтар.Демек демократия ешқашан халықтың басқаруы емес. Халық тек белгілі бір арадағы институтты сайлайды. Ол өз кезегінде ұлттық атқарушы органды немесе үкіметті қалыптастырады. Бұдан кейін көпшілік іс жүзінде саясаттан шеттейді.Шумпетер бойынша, басқаратын халық емес, жеке адамдардың арасында бәсекелік күрес жүреді, аында бәсекелік күрес жүреді, ал халық бұл күресте солардың біріне дауыс береді

**2.Партиялық жүйе туралы түсінік, типалогиясы.** Саяси процестің өте маңызды субъектісі болып мемлекетпен бірге саяси партия да кіреді. «Партия» сөзі латын сөзінен алғанда «партия» partis – бөлім, топ – дегенді білдіреді. Қазіргі біздің түсінігіміздегі саяси партиялар Европада XIX ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастады. Макс Вебер саяси партиялардың дамуында мынадай кезеңдерді атап көрсетті: 1) аристократиялық үйірмелер: 2) саяси клубтар; 3) көпшілік партиялар. Партия деп мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге қатынасуға бағытталған, ортақ мүдде, бір идеология негізінде құрылған адамдардың ерікті одағын айтады. Саяси партия түсінігінің маңызды әртүрлі жақтарын ерекшелеуге болады. Жалпы айтатың болсақ: саяси партия – бұл ұйым, адамдардың белгілі бір ерікті идеологиялық одағы, жаулап алуға бағытталған немесе өздерінің саяси бағдарламалары арқылы белгілі бір топ құру арқылы өкіметпен бір деңгейде әлеуметтік база құрады. Саяси партияның негізгі төрт белгісін анықтауға болады: 1) Партия идеологияны тасымалдаушы немесе әлем мен адамның көрінісі; 2) Партия – бұл ұйым, адамдардың ұзақ бірлестікте болуы; 3) Партия мақсаты – жаулап алу және өкіметтегі билікті жүзеге асыруы; 4) Әрбір партия өзіне халықтың сайлаған дауыстары арқылы қолдау алады. Саяси партияларды жіктеп, жүйелеудің көптеген белгілері мен өлшемдері бар. Мысалы, институциондық тәсіл партияларды топтастырғанда ұйымдастыру ерекшелігін басшылыққа алады, либералдық дәстүр идеологиялық байланыстардың сипатына басты назар аударады, марксистер болса таптық белгілеріне айрықша мән береді. Саяси жүйедегі рөлі мен іштей ұйымдасуына байланысты саяси партияларды төртке бөледі: авангардтық партиялар, сайлаушылар партиясы, парламенттік партиялар, қауымдастық партиясы. Саяси идеологиясына қарай партияларды 5 түрге жүйелеуге болады: 1) комунистік партиялар мен солшыл радикалды бағыттағы партиялар; 2) социал-демократиялық (немесесоциалистік, лейбористік) партиялар; 3) буржуазиялық-демократиялық партиялар; 4) консервативтік партиялар; 5) фашистік партиялар. Партиялар жиылып, партиялық жүйені құрады. Сондықтан оларды жіктеудің мәні зор. Партиялық жүйе деп мемелкеттік мекемелерді қалыптастыруға шынымен мүмкіндігі бар, елдің ішкі және сыртқы саясатына ықпал ете алатын саяс партиялар жиынтығын айтады. Билік үшін күреске қатысып жүрген саяси партиялардың саны жағынан олар көппартиялық, екі партиялық (бипартизм) және бірпартиялық болып топтастырылады.Көппартиялық деп мемекеттік билік үшін күрес барысында бірнеше саяси партиялардың әртүрлі мүдделері мен пікір алалығын пайдалана отырып басқару түрін айтады. Онда үш және одан артық партия қатысады. Бұл – адамзаттың қоғамдық басқаруда ойлап тапқан өркениетті түрі. Қазіргі таңда көппартиялық саяси өмірдің тәуір жетілген түрінің біріболып табылады. Ондайларға Австрия, Бельгия, Дания, Нидерландыда демократитлығы көппартиялықты жатқызуға болады.

Екіпартиялық жүйеде (бипартизм) басқа да кішігірім партиялар болуы мүмкін, бірақ билік үшін нағыз бәсекелестік ең ірі екі партияның арасында жүреді. Мұнда жалпыға бірдей тікелей сайлау нәтижесінде екі партияның бірі өзінен-өзі автоматты түрде парламентте көпшілік орынды қамтамасыз етеді. Бұған мысал ретінде АҚШ-тағы республикалық және демократиялық, Ұлыбританияда – консерваторлар мен лейбористер, Германияда – христиандық демократтар мен социал-демократтар жатады. Саяси күреске басқа да партиялар араласады. Бірақ олар шешуші рөл атқара алмайды. Бірпартиялық жүйеде өзінен басқа бәсекелес партиялар болмайды. Ол авторитарлық және тоталитарлық қоғамға тән деп сипатталады.

Тоталитаризм шарттарында басқарушы партия сол елде бұқаралық партия, мемлекеттік құрылымға айналып этатистикалық партияға айналады («этатизм»(фр.) - мемлекет). Бір партиялы жүйеге бүгінгі таңда Қытайда, КХДР-да және Кубада бар. Саяси партиялардың жұмысы әдетте құқықпен немесе Конститутциямен реттеледі. Себебі, олардың жұмысы саяси жүйенің принциптері мен мақсаттарына қайшы келмеуі керек. Оларға жататындар: қоғамдық өмірде партияның орнын конституциялық жолмен рұқсат ету; саяси жүйеде партияның жұмыс істеу жағдайын белгілеу; сайлау жүйесінің жұмысына партиялардың қатысуы; мемлекеттік өкімет органдарында партиялардың өкілдік ету тәсілдері; мемлекеттік бюджеттен партиялардың қызметін қаржыландыр.

**3.Қазақстан халқының Ассамблеясы** Қазақтардың мәдени - этникалық дәстүрлерінен мұра болған рухани саладағы төзімділік қазіргі уақыт пен келешекте азаматтық әлемді сақтаудың берік негізі болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы 40 -тан астам конфессия мен деноминация өкілдері, сондай-ақ 130 ұлт пен этникалық топ өкілдері бейбіт және өзара түсіністікте өмір сүре алатындығының бірден бір мысалы. Қазақстандағы әрбір ұлттың өзінің этноқұрылымдары бар, 22 республикалық және аумақтық ұлттық-мәдени орталықтары құрылған. Әзербайжан, грек, ингуш, неміс, шешен, поляк, т.б. халықтардың ұлттық мәдени орталықтары жанында жексенбілік мектептер жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 ж. 1 наурызда "Қазақстан халқының Ассамблеясы" (ҚХА) құрылды.**ҚХА-ның мақсаты** — республикадағы оқиғаларға баға беру және саяси жағдайларға болжам жасау негізінде қоғамдағы ынтымақтастықты қамтамасыз ететін іс-тәжірибелік ұсыныстар жасау, ҚР Президентінің республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілі ретіндегі қызметіне атсалысу. Ассамблея мәдени-ағартушылық , атап айтқанда, тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту мен насихаттау; тәрбиелік, яғни қазақстандық және ұлттық отан сүйгіштікті қалыптастыру; ұлтаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту; Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау ісімен айналысады.Ассамблеяның 350-ге жуық мүшесі бар. ҚХА-на мүшелікке кандидаттарды ынша жергілікті жерлердегі Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясы, республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени бірлестіктері, Ассамблея Кеңесінің мүшелері тең арақатынас қағидасы бойұсынады. ҚХА-ның төрағасы- ҚР Президенті. Ол Ассамблея мүшелерінің ұсынысы бойынша төрағаның екі орынбасарын тағайындайды. Ассамблея мәжілістері арасындағы жұмысты ҚР Президентінің шешімімен Ассамблея кеңесі жүргізеді. ҚХА кеңесі ұлттық-мәдени орталықтар ардагерлер кеңесі өкілдерінен, Кіші Ассамблея жетекшілерінен, сондай-ақ, Ассамблеяға мүше басқа тұлғалардан құралады. ҚХА Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық халықтардың мәдениетін, тілін дамытуға қолайлы жағдай жасау бағытында Қазақстан халықтарының фестивальдерін, тілдер фестивальдерін, жексенбілік мектеп окушыларының мемлекеттік тіл мен ана тілін білу дәрежесін анықтайтын байқауларын, тіл саясаты мәселелері бойынша халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар, т.б. өткізеді.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан барлық мұсылман, православтар, католиктер, протестанттар, иудейлердің дін уағыздау еркіндігін қамтамасыз етті. Діни институттардың елеулі сандық және сапалық дамуы басталды. Бүгінгі күні діни қоғамдастықтар саны 4173, ал 1990 жылы олардың саны небәры 670 болатын.Діни бірлестіктердің иеліктерінде 3129 табыну құрылымы, олардың ішінде 2229 мұсылман мешіттері, 258 православие және 93 католик шіркеулері, 6 синагога және 500-ден астам протестант шіркеуі мен намаз оқу үйлері бар. Құрбан айт пен Рождество Христово сияқты діни мейрамдар Қазақстанда демалыс күндері деп жарияланған. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Астанада 2003, 2006, 2009 жылдары Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері өтті. Бұл форумдар елдің сыртқы саяси бағдарының дұрыстығын көрсетіп қана қоймай, конфессияаралық ынтымақтастықтың бірегей қазақстандық үлгісінің куәсі болды. Қазақстанда құрылған мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынастар діндарлардың құқығы мен еркіндігін құрметтеудің демократтық қағидаттарына, қоғамдық және діни мүдделердің теңдігіне, серіктестік пен өзара түсіністікке ұмтылу қатынастарына негізделген.

**25-БИЛЕТ**. **1.Саяси көсбасшы және оның қасиеттері жайлы өткен заман ойшылдарының пікірі.**

Көшбасшы топ немесе ұйым бар жерлерде өз қызметін бастайды. Ол басқалардың мақсаттарына біріге араласып, оларға әсер ете алады, бағытталған ісін бірлестік назарында ұстай отырып, қанағаттанарлық деңгейге жеткізеді.

Саяси ойлар (СО) тарихында көшбасшының негізін, саяси портретін түсіндірудің бірнеше мысалы бар. Психологиялық негізіне келсек озат үлгілі адам табиғатынан белсенді, ол басқалармен салыстырғанда ерекше сапаларға ие жоғары деңгейдегі адам, даналығы, беріктігі және мінез-құлқындағы нақтылық, ынталылығы, болжағыштығы және т.б. қасиеттері мол. Мысалы, Ф. Ницше, басшы болу кез-келгеннің қолынан келе бермейді, тек «дарынды адамдар» ғана билеуші бола алады деген. Кейбір көрнекті қайраткерлер, өкімет билігіне ие болмай және ресми өкіметтің орындарын иеленбей-ақ, тіпті ұмтылмай-ақ көшбасшы болуға қол жеткізген: мысалы бұлар Махатма Ганди Мартин Лютер Кинг, А.Д. Сахаров. Көшбасшылықтың мәнін түсінуде марксизмнің де рөлі зор. Марксистік-ленинистік пікірдің айтуынша көшбасшылық – қоғамда, көпшіліктің, партиялардың, саяси басшылардың қатысуымен болатын әлеуметтік-саяси тап күресі барысында пайда болады. Саяси ғылымда көшбасшылық типологиясының әртүрлі тұстарын байқаймыз. Солардың бірін Макс Вебер (1864–1920 гг.) ұсынды. Вебер үшін көшбасшылық – қабілеттілік, бұл дегеніңіз «бұйрықтарды қабылдай бермей, өз ойыңды білдіру немесе керек кезінде мәмілеге келіп мәселенің ырқына көну» болып тағылды. Ол көшбасшылықтың үш үлгісін белгілеп берді: а) Дәстүрлі көшбасшы. Дәстүрлердің әулиелігіне сену негізінде салынған; ә) Ресми (немесе бюрократтық) көшбасшы. Өкіметте болады. Олар заңды жолмен ауысып отырады; б) Харизматикалық көшбасшы. Адамның табиғаттан тыс қабілеттілігі негізінде пайда болады. («Харизма» - грекше шапағаттылық, рақат, құдайшыл сый тарту дегенді білдіреді). Харизматикалы көсемді ауыстыру қиын немесе жалпы мүмкін емес.

Американдық саясаткер Принстонск университетінің профессоры Р.Такер көшбасшылықтың келесі типологиясын ұсынады:

1) Көсем-реформатор. Қоғамдық идеалдардың бар екендігіне сенеді, бірақ оларды жақсартуды ұсынады. Мысалы: Мартин Лютер Кинг, Н. Хрущев;

2) Көсем-революционер. Қоғамдық идеалдарды теріске шығарып, өзгертуді ұсынады. Мысалы: Маркс, Энгельс;

3) Кертартпа-көсем. Өзгертулерді тілемейді, керісінше оларға қарсылық етеді. Мысалы: Такер, Ленин, Брежнев.

**2.Электорат және сайлау жүйесі туралы түсінік.**

Қандай да болсын мемлекеттің электораттық жүйесінің жай-күйі - саяси тұрғыдағы аса маңызды, көпшіліктің назарын тартатын өте маңызды жәйттердің бірі. Мемлекетте ашық, әділ және адал сайлау өткізу демократиялық даму мен құқықтық жүйенің қалыптасуына тікелей байланысты. Қазақстанның сайлау жүйесі өзінің дамуында бірнеше белестерді нәтижелі өткізсе де, бүкіл әлемдік стандарттарға және елде жүргізіліп жатқан саяси реформаларға байланысты әлі күнге дейін жаңару жолында.

Сонымен қатар, еліміз егемендік алғаннан бергі сайлау туралы ұлттық заңнаманың жетілуіне халықаралық тәжірибенің де қосқан үлесі зор болды. Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының және басқа да беделді халықаралық ұйымдардың мүшесі болуына байланысты адамның саяси құқықтарына қатысты бір қатар халықаралық құжаттарға қосылып, өзіне міндеттемелер алып, олардың талаптарын орындау жолында абыройлы іс-шаралар атқарып келеді. Осыған дәлел ретінде өткен жылы Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердегі демократиялық сайлаудың, сайлау құқықтары мен бостандықтарының стандарттары туралы Конвенциясын ратификациялады.

Елімізде өткізілген барлық сайлаулардың жалпытанылған халықаралық демократиялық стандарттарға сәйкестігіне Европадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттары мен адамдар құқығы бойынша бюросының өкілдері әрдайым бақылаушы ретінде қатысулары үйреншікті құбылысқа айналды.

Ел басы Н.Назарбаев Парламенттің екінші сессиясын ашу рәсімінде және осы жылдың маусым айында Астанада өткен Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы Парламенттік Ассамблеясының 17-ші жыл сайынғы сессиясында сөйлеген сөзінде қоғамымызды әрі қарай демократияландыру үшін өте қажетті бірнеше аса маңызды бағыттарды белгілеген болатын. Олардың ішінде, Парламент Мәжілісінде кемінде екі саяси партия өкілдерінің болуын қамтамасыз ететін құқықтық механизмді құру, саяси партиялардың мемлекеттегі шын мәніндегі қозғаушы күш болып танылуына жағдай туғызатын және мемлекеттік ресми тіркеуден өтуіне жеңілдіктер туғызатын заңнамалық негіздерді қалыптастыру қажеттігін ерекше атап көрсетті.

Осы тапсырмаларды орындау мақсатында Үкімет тарапынан «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» және «Саяси партиялар туралы» Заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобалары дайындалып, Мәжіліске енгізіліп, қазір оларды талқылау жұмыстары қызу түрде жүріп жатыр.

Сайлау жүйесіне қатысты жоғарыда аталған заң жобаларының міндеттері мен мақсатын айқандағанға дейін, елдегі сайлау жүйенің даму жолына қысқаша шолу жасаған жөн деп есептеймін

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде сайлау жүйесін алғашқы рет 1993 жылы қабылданған «Сайлау туралы» кодекстің нормалары реттеді. Осы заңның талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің бірінші шақырылымының сайлауы өткізілген болатын.

1995 жылы жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты демократиялық бағытты мақсатпен құқықтық жүйені қалыптастыруға бағытталған сайлау заңнамасының да өркениетті қалыптасу кезеңі басталды. Мемлекетті басқару жүйесінде жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде сайланатын Мәжіліс және жанама сайлау құқығы негізінде сайланатын Сенаттан тұратын, екі палаталы заң шығарушы органы құрылды.

Президент, Парламент, мәслихат депутаттарын сайлау туралы Ата заңның ережелерін іске асыру мақсатында Президент 1995 жылдың 28 қыркүйегінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заң күші бар Жарлыққа қол қойды. Осы Жарлық өзінің құқықтық беріктігін көрсете біліп, Конституциялық заңның толық құқықтық мәртебесіне ие болды.

Өркениетті елдің өсу жолындағы құбылыстарға сәйкес аталған конституциялық заңға осы уақытқа дейін бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Әрине, бұл өзгерістердің барлығы қоғамымыздың саяси жүйесінің тұрақтануына өзіндік үлесін қосты және одан әрі дамуына ықпал етті, демократиялық стандарттарға жақындатты.

1998 жылы Конституцияға енгізілген өзгерістердің саяси мәні ерекше болғандығын елімізде ғана емес, дүние жүзілік саяси сарапкерлер де оң бағасын бергені бәрімізге мәлім. Парламент депутаттарының уәкілеттік мерзімі төрт жылдан бес жылға ұзартылып, Мәжіліс депутаттарының жалпы саны 67-ден 77–ге дейін көбейтілді. Парламенттік институттың жаңаруының тағы бір жетістігі ретінде, саяси партиялардың қоғамда алатын рөлі күшейтіліп, Мәжіліске он депутат бара-бар өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер негізінде сайлану мүмкіндігі енгізілді.

Президенттің бастамасымен 2000-2004 жылдары Орталық сайлау комиссиясы саяси партиялар және қоғамдық бірлестіктер, халықаралық ұйымдармен сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіру мақсатында көптеген пікірталастар жүргізудің нәтижесінде демократиялық талаптарға сай тағы да бірнеше өзгерістер енгізілді.

Саяси партиялардың белсенділігін арттыруға ықпал ететін саяси блоктар құруға мүмкіндік туды. Баламасыз сайлау өткізуге тосқауыл қойылды. Сайлау комиссиялары құрылуының жаңа принципі бекітіліп, оларды бұрынғыдай жергілікті атқарушы органдар емес, саяси партиялардың ұсыныстары бойынша мәслихаттар құратын болды.

Сайланбалы лауазымдарға кандидаттарға қойылатын талаптардан көптеген сын пікірлер туғызып жүрген нормалар алынып тасталды. Атап айтқанда, осы өзгерістерге дейін ресми тіркеу алдында бір жыл ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық жасап, тәртіптік жауапкершілікке тартылған немесе қасақана жасаған әрекеті үшін сот тәртібімен әкімшілік шара қолданылған тұлғалардың кандидат болып тіркелуге жол берілмейтін, осы нормалар заңнан алынып тасталды.

Кандидаттыққа тіркелу тәртібі де жеңілдетіліп, тіркеуге қажетті құжаттардың саны реттелді, сайлау жарнасының мөлшері төмендетілді. Кандидаттыққа тіркелген адамның сайлау алды үгіт жұмыстарын дер кезінде бастауына, барлық үміткерлерге тең жағдай жасауға мүмкіндік туды, кандидаттың заңсыз тіркеуден алынып тасталуына тосқауыл қойды. Кандидаттардың сенім білдірген адамдарының құқықтары мен кепілдіктері кенейтіліп, оларға байқаушылардың өкілеттегі берілді.

Сайлау жүргізу барысында сенім білідірген адамдар, байқаушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері дауыс беру барысына және оның қорытындыларын шығаруға кедергі жасамай, фотожазба, дыбысжазба және бейнежазба еркін түрде жасай алатын болды.

**3.ҚР- ұлтаралық қарым-қатынас субъектісі, Қазақстанның негізгі бастамалары**

Бүгінгі күні қазақтардың ұлттық сана-сезімі өсті. Басқа ұлт өкілдерін қолдау мақсатында Қазақстан халық ассамблеясы өз қызметін атқарып келеді. Мәдени ана тіл, рухани дәстүрлер жаңарып жатыр. Елде барлық негізгі ұлыстар мен ұлттардың өкілдерінің мәдени орталықтары белсенді жұмыс істеп жатыр. Ұлтаралық келісім нығайып отыр. Басқа дінге деген төзімділік, басқа мәдениеттке деген құрмет елімізде дұрыс жолға қойылған. Ұлт саясатының қызметі және әртүрлі ұлтық бірлестіктер оң бағытта қызмет жасайды. Қазақстан Республикасындағы ұлттық саясаттың негізгі принципі мыналар: тіліне, ұлтына және дініне қарамай дербес тұлғаның бостандығы және құқық теңдігі; лайықты белгілер бойынша азаматтардың берілген құқықтарына шек қоюға тыйым салу;

Қазақстанның тарихи пайда болған бүтіндігін сақтау; республика халықтарының конституция және халықаралық құқық нормалармен сәйкес құқық кепілдігі; олардың ұлттық мәдениеті мен тілінің дамуына көмектесу және т.б. Қазақстан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бар күш жігерін салуда. Қазақстанның Ресей, АҚШ, Ұлыбритания жағынан қауіпсіздік кепілдіктері туралы Будапешттік меморандумға қол қоюға қолы жетті. Сондай кепілдіктер Франция және ҚХР-дан алынған болатын.

Бүгінгі таңда әртүрлі діндер арасындағы сұхбатты тұрақтандыру өте-мөте қажеттілік. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың ықыласымен Астанада тұңғыш рет ғаламдық және дәстүрлі діндердің өкілдерінің қатысуымен съезд өткізілді. Бұл дәстүрге айналып отыр. Бірегей унитарлы мемлекет аймағындағы әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың бейбітшіл көңіл-күйі үлгілі мемлекет мұратының негізгі нысаны. Біз әлемге үлгі боламыз. Планетарлы этика принциптерін қабылдауға дайынбыз. Бүгінгі таңда ұлттық гуманистік қозғалыстар адамилық мәнге ие болып отыр. Қазақстан Республикасы еуразия өркениетінің бір бөлігі, статусы жағынан еуразиялық мемлекет болып табылады. Бүгінгі Қазақстанның дамуы тілі, салт-дәстүрі ортақ көпғасырлық тарихы бар көп ұлтты түркі-ислам мәдениетінен бастау алатыны сөзсіз. Ұлттық және азаматтық консолидация түріндегі сұхбатты жетілдіру мен орнықтыру мақсатында барлық жағдайлар жасалып отыр, жас мемлекеттің әлемдік даму контекстіндегі тұрақты және сенімді экономикалық өсімі, демократиялық және азаматтық қоғам институттарының дамуы, тұрақтылық, қауіпсіздік, егемендік идеяларының нығаюы осы бағыт үшін ынталанады. Қазақстан Республикасындағы ұлт аралық сұхбат кеңістігі жоғарыда айтып өткен мәдени-тарихи алғы шарттылықтардан қуат алып, рухани кең пейілді даналыққа қол жеткізіп отыр. Соңғы жылдары Алматы Брюссель қаласы сияқты Азия құрлығындағы мемлекет пен өркениет аралық сұхбатты ұйымдастырушы халықаралық қалаға айналып отыр. Жаһандастыру қарсаңында бүгінгі Қазақстан өркениеттік дамудың өз жолын таңдауы және ол жол ұлттың төл мүддесіне сай келуі тиіс.

**26-БИЛЕТ.1.Мемлекет пен азаматтық қоғам дамуындағы халық рөлі жайлы ағартушылық заман ойшылдарының пікірі.**

А.Қ. идеясы өте ерте замандарда пайда болған. Бұл турасында Аристотельдің өзі нәтижелі пікірлерін айтып отырған. Азаматтық қоғам деп мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығын айтады. Ол жеке тұлғаның емін-еркін дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды. Бұл қоғамда мемлекеттің жеке адам өміріне араласуына өте-мөте шек қойылады. А.Қ-да адамдардың экономикалық, саяси және рухани өмірінің түрін еркін таңдауына және жүзеге асыруына заң жүзінде кепілдік беріледі. Олар мемлекет тарапынан қатаң тәртіпке алынудан сенімді түрде қорғалады. Тұлға құқықтары жоғары деңгейде қорғалады. Олар қоғамдық істерге еркін араласа алады. Қ.М. дамыған А.Қ.-ның нәтижесі мен оның негізгі белгілері ретінде қарастырылады. Азаматтық қоғам идеясы екі сұрақты қамтиды:

1) Халық тіршілігінің маңызы қажеттіліктері – материалдық, рухани-материалдық, жанұялық және қызметтік қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы еркін, мемлекеттің тікелей араласуынсыз шешіледі. Әңгіме мамандық таңдау мен соған байланысты еңбек әрекеті жайлы т.б болады;

2) Азаматтардың ара-қатынасы мен бір-бірімен араласуының еркін түрде мемлекеттің араласуынсыз қалай жүргізуге болады; өздерінің жеке және ұжымдық қажеттіліктерін өтеу үшін – саяси қоғамдар институттар ашу, әртүрлі ерікті серіктестіктерді құру, мысалы, бизнестегі серіктестік (корпорация, акционерлік қоғам), діни сенім бойынша (діни серіктестер), мамандық бойынша (кәсіподақ), қызығушылығы бойынша (спорттық қоғам, әртүрлі танымдық), саяси (партиялар) т.б.

Басқа сөзбен айтқанда, А.Қ. түсінігі деп адамдар арасындағы қарым-қатынас және де жеке немесе ұжымдық тұтынушылардың қажеттіліктерін орындау үшін мемлекеттік қоғамдық ұйымдар мен институттардан тәуелсіз тармақ құру деген сөз. А.Қ. идеялары мен алғы шарттары антикалық қоғамда пайда болған. Мысалы: Афины Республикасында азаматтардың жеке экономикалық іс-әрекет жасауына, билікке сайлау мен сайлануға құқы болмаған. Азаматтық ерік тек ерікті адамдарда болған, құлдардың құқығы шектеліп отырған. Сонымен қатар, мемлекет (қоғам) азаматтардың жеке өміріне араласқан (Мысалы, көпшіліктің көзқарасынан бөлек көзқараста болғаны үшін Сократты айыптау мен жазасының кесілуін ауызға алуға болады).

Ортағасырлар дәуірінде А.Қ. туралы сөз де болмаған. Діннің үстемдігі және абсалютті монархия болғандықтан барлық адамдар құдайдың құлы немесе жердегі патшалардың иелігінде болды. Жеке адамның мемлекеттегі және қоғамдағы жағдайы оның азаматтық құқымен емес оның қауымдастықтың қай түріне жататындығына байланысты болды.

Гегель А.Қ. азаматтардың жеке бас қызығушылықтарын қамтамасыз етеді, ал мемлекет жалпыға бірдей деген ұғымды ұстанған. Гегельдің пайымы бойынша, А.Қ.-ың негізгі принциптері, ол – азаматтың жеке бас бостандығы, жеке меншікке құқықтың болуы, әділ заңдар, қоғамдық пікірдің еркін қалыптасуы. Бірақ А.Қ. деп аталатын бұл жүйе мемлекетке бағынышты болу керек деді. К.Маркс жаңа көзқарас қалыптастырды, оның пікірінше А.Қ. – мемлекетке бағынбайды, қайта одан босап шығады. А.Қ.-ды мемлекет анықтамайды, керісінше қоғам базистік құрылымдары негізінде (өндірістік қатынастарымен) мемлекетті толықтырады және анықтайды. Ол мемлекет келешекте жойылып, А.Қ. шарықтау шегіне жетеді, оның заңмен емес адамгершілікпен (яғни әділеттіктің қарапайым нормаларымен) реттелетінін жазды. Бірақ әрі қарай, пролетариаттың төңкерісі мен диктатурасы арқылы коммунизмге өту теориясы, марксизмдегі еркін А.Қ. идеясы өз мағынасын жоғалтып алды, Маркстің ізін басушылар, жекелеп алғанда, Ленин, Сталин А.Қ. туралы есіне де алмайды.

**2.Демократияның қалыптасуы мен негізгі принциптері**

Демократия саясат пен билік сияқты саясат ғылымының негізгі категориясына жатады. «Демократия» терминін ежелгі грек тарихшысы Фукидид (б.э.д. – V ғ.) өзінің 8 томдық «Тарих» деген еңбегінде пайдаланған. Пайда болған кезінде бұл сөз сол кездегі Афина республикасында болған мемлекеттік басқарудың белгілі бір формасын суреттеу үшін қолданылды.

Демократияның тарихи формалары:

1) рулық демократия, бұл алғашқы қауымда және дәстүрлі қоғамда болған мемлекетке дейінгі форма. Оның негізі: қоғамның барлық мүшелерінің тең болуы, олар қоғамды жалпы жиналыс арқылы, ру көсемдері мен ақсақалдары арқылы, тайпа көсемдері арқылы басқарған. Олардың басқаруы күштеу арқылы емес, моральдық мәртебе, салт-дәстүрді құрметтеуге бағытталған;

2) антикалық демократия – демократияның бірінші мемлекеттік формасы. Мысалы – Афины республикасы. Оның ерекше белгілері: еріктілер үшін демократия, биліктің жоғарғы органы – халықтық жиналыс, оның заң жасаушылық күші болған;

3) Сословиелік демократия – ортағасыр демократиясы. Онда мемлекеттік басқару міндетті түрде абсолютті монархтың қолында болғандықтан демократия туралы тек шартты түрде ғана айтуға болады. Азаматтардың бірыңғай құқығы болмады. Қоғамдағы адам орны олардың қандай тап өкілі екеніне қарап анықталды;

4) либеральдік демократия – жаңа заман демократиясы. Феодализмнің капитализмге ауысқан кезеңінде пайда болды. Отаны – Англия. 1989 жылы «Даңқты төңкеріс» нәтижесінде қабылданды, онда жеке адам бостандығы мен қандай топқа жататынына қарамай заң алдындағы теңдігі жарияланды. Мемлекеттік басқару жүйесінің ерекшеліктері: билікті бөлу; заң шығару парламенттің құзырына көшті; оны халық сайлады; патша – ел басшысының рөлінде қалды; үкіметті парламент сайлайды және есеп береді; тәуелсіз сот өмірге келді; жергілікті өзін-өзі басқару ісі жүзеге асты;

5) Кеңестік демократия. 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Ресейде пайда болды және 70 жыл өмір сүрді. Оның ерекшеліктері: таптық сипаттама; еңбекшілерге арналған демократия, қанаушы тапты күштеп жою; пролетариат диктатурасы, оның негізгі саяси формасы; еңбекшілердің депутаттар кеңесі; кейіннен халық депутаттар кеңесі. XX ғасырдың 90-жылдарында жеңіліске ұшырап, саяси аренадан кетуге мәжбүр болды. Қазіргі кезде социалистік демократия Қытайда (халықтық демократия формасында) және солтүстік Кореяда, Вьетнамда, Кубада бар.

Қазіргі демократия туралы түсінік кең ауқымды, күрделі. Американ сөздігінде «Демократия» ұғымын сипаттайтын 11 түрлі негізгі принциптер бар. Қысқа түрде көрсетсек, олар:

а) Халықтық өкімет, яғни еркін және жеке сайлау арқылы халық өз келісімін берген басқарушы билігі;

ә) Шешім қабылдау принципі көпшілік ережесіне сүйенеді;

б) Заң алдында барлық азаматтар тең-құқылы;

в) Азшылық құқығының сақталуы;

г) Негізгі құқық және бостандық кепілдігі;

д) Әділ сот ісін жүргізу (заңға ғана бағынатын тәуелсіз сот);

е) Өкіметке конституциялық шек қою;

ж) Әлеуметтік, экономикалық және саяси бостандықтар.

демократияның қазіргі түсінігі ол – адам құқығы мен тәуелсіздігінің кепілдігі (сөз бостандығы, діни бостандық, бірлестіктер бостандығы), азшылықтың құқық кепілдігі, дүниеге өзгеше көзқарас құқықтарының кепілдігі, соның ішінде саяси оппозицияға да бостандық. Осы кепілдіктер демократия сөзінің отаны Афинада болған жоқ. Онда саясаткер сайлауда қарсыласынан жеңіліп қалса оқшауланып, яғни елден 10 жылға аластатылған. Басқаша ойлануға кепілдік берілмеді.

**3.ҚР Конституциясының (1995 ж) сыртқы саяси республикасының негізгі принциптері туралы.**

Қазақстанның саяси жүйесінің дамуы 1995 жылғы Конституциялық реформаға байланысты. 1995-жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдумде жаңа конституция қабылданған болатын. Онда ең алдымен елде объективті саяси процес шарттарында болған маңызды өзгертулер көрсетілген.

1995 жылғы Конституцияда Қазақстан өзін ең бағалы болып адам өмірі, құқығы және бостандығы саналатын демократиясы бар біртұтас және әлеуметтік мемлекет болып бекітілді. Мемлекеттік биліктің қайнар көзі халық болып табылады. Қазақстан Республикасында жеке меншік қорғалады. 1995 жылғы Конституцияға сәйкес президенттік билікке өту жүзеге асырылған. Демократия бағытында саяси тұрақтылық қамтамасыз етілді, көпұлттылық мақұлданып, елде бірнеше конфессиялардың құқықтары есепке алынды.

Республикада мемлекеттік билік біртұтас, оның бөлінуі заң шығаратын, атқару және соттық тармақтары белгіленді. ҚР-ның орталық институты президент болып табылады.

Елімізде кәсіби парламент тұңғыш рет 1994 жылы 7-наурызда сайланған. Бірақ 1995 жылғы наурызда Конституциялық Сот оны заңсыз деп, таратып жіберді. 1995 жылы жаңа Конституция бойынша екі палаталы парламент сайланды.

Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын анықтауда ҚР саяси жүйесінде Президенттің басты рөлі белгіленіп отыр, оның жыл сайынғы халыққа деген жолдауы соның айғағы, ол жолдауларда мемлекеттік биліктің барлық жұмыстары қамтылады. Президент халыққа жыл сайынғы жолдаулары арқылы тұрақты өкілеттіктер арқылы премьер-министр бекітуі (парламент келісуімен), сыртқы істер министрлерінің, сонымен қатар бас прокурорды және ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасын (сенат келісуімен), ұлттық банкі төрағасын (парламент келісуімен), облыстардың және астананың әкімдерін тағайындайды.

Осы құжаттарда Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі принциптері көрсетілген: ашықтық, бейбітшілікті жақтау, тату көршілік, тең серіктестік, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тарту, басқа елдердің ішкі істеріне араласпау, ядролық қарусыз ел мәртебесі, екіжақты және көпжақты келісім негізінде, сондай-ақ БҰҰ және оның құрылымдары шеңберінде қабылданған барлық халықаралық міндеттерді орындау.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасының халықаралық беделін көтеру және оның легитимділігі экономикалық және саяси реформаларды табысты жүргізуге: қоғамдық өмірдің мемлекеттен тыс және дербес болуына, демократиялануына мүмкіндік береді. Осы экономикалық және саяси процестердің негізінде қазақстандық қоғамды консолидациялау Қазақстан Республикасын халықаралық аренаға іргелі жалпы адами құндылықтарды (нарық жүйесі және баламалы айырбас, тату көршілік және күш қолданбау, тұлғаның құқықтары мен қадір-қасиеті, хдлықаралық келісімдер нормаларының басымдығы және т.б.) танитын тең құқықты серіктес ретінде алып шықты.

Төртіншіден, әлемдік қауымдастыққа кіруде Қазақстан Республикасының ішкі саяси тұрақтылығы ерекше мәнге ие болды. Осының нәтижесінде Қазақстанды әлеуметтік қауымдастыққа, алдыңғы қатарлы елдерге жақындататын инновациялық мәселелерді жүзеге асыруда берік болатын елдегі әлеуметтік жағдайды болжауға болады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде сыртқы саяси қызметтің нақты принциптері негізінде қызмет етуі және мүдделерін халықаралық аренада бейнелейтін жеке сыртқы саяси құндылықтары мен басымдықтарын жобалауы керек.Әрине, осы сыртқы саяси принциптер, құндылықтар мен басымдықтар өлемдік қауымдастық үшін деструктивті болмауы шарт. Олар халықаралық қатынастар принциптеріне және халықаралық құқық нормаларына қайшы келмеуі қажет.

**27-БИЛЕТ.1.Билік пен оның қызметі жайлы өткен заман ойшылдарының пікірі**

Билік – саясаттанудың негізі болып табылады. Саясаттың мазмұны, саяси институттардың қызметтері туралы түсінудің кілті деген ой қалыптастыруға болады. Саясаттың негізгі мәселесі – билік, ал мазмұны – билік үшін күрес және билікті жүргізу.

Өзінің даму тарихында «билік» түсінігі өте көптеген дәлелдемелер мен теорияларды ұсынды. Аристотель, Д. Локк, Т. Гоббс, Ж.Ж. Руссо, И. Кант, Гегель сияқты фәлсәфашылар билікке түрлі зерттеулер жасаған.

Неміс әлеуметтанушысы М. Вебер билікті зерттеудің жаңа түрлерін ұсынған. Ол ғылымға «әлеуметтік әрекет» ұғымын енгізді. Оның екі кезеңі бар: индивидтің субъективті әрекет етуі және басқаға бағдар жасау. Вебердің түсінігі бойынша билік дегеніміз, әлеуметтік қатынаста ешқандай қарсылыққа қарамай, өз мүмкіншіліктерінді пайдалану. Билік Вебер үшін бірінші орында. Одан туындайтын нәрсе – саясат және сонымен байланыстының бәрі. Осы түсінікке сүйене отырып, биліктің бірнеше элементтерін ұсынуға болады:

а) билік қатынасында кемінде екі серіктестің болуы; билік субъектілердің ара қатынастары;

б) санкциялар қолдану қаупімен ұштасқан, кімге билік жүргізуі керек екенін көрсететін еркі немесе билік жүргізетін бұйрығы;

в) билік жүргізілетін адамдарды өз еркіңе көндіру;

г) бұйрықтар, санкциялар және бағынулардың орындалу шекарасын анықтайтын қоғамдық нормалар.

Билік жүргізу механизмін, оның ресурстарын, негіздерін биліктің көптеген теориялары түсіндіруге тырысады. Мысалы: телеологиялық, биологиялық, реляционистік, бихевиористік теориялар мен билік тұжырымдамалары.

Билік түсінігінің жаңа кезеңіне жүйелік тұжырымдамалар шығады (Т. Парсонс т.б.), олар билікті әлеуметтік жүйелердің әртүрлі қызметі ретінде қарастырады. Әр биліктің өз ерекшілігі бар: мысалы, кіші, микроәлеуметтік жүйе – жанұяда, еңбек ұжымында, қызығушылығы бір топтарда – бір түрлі; экономикалық, әлеуметтік, саяси, діни орталарда – басқаша түрлі болып отыр.

**2) Қазіргі саясаттанудағы саяси мәселелер(тоталитарлық және авторитарлық режимдерден демократияға өтуі).**

Саяси тәртіп (режім) – бұл демократиялық құқық пен еркіндікті бейнелейтін мемлекеттік билікті жүргізу әдістерінің жүйесі. Қазіргі саяси тәртіптерді демократиялық және демократияға қарсы деп үлкен екі топқа бөледі. Осыны анықтағанда мақсатында төмендегідей сұрақтар туындайды.

Әлем елдерінің саяси даму тарихи мен саяси режімдері алуан түрлі. Шын мәнінде, әр мемлекеттің өз режімі қалыптасқан. Сонда да саяси режімдерді үш үлкен топқа біріктіруге болады: тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық.

Тоталитарлық режім биліктің тотальділігімен, азаматтық қоғамның жоқ болуымен сипатталады, тоталитарлық билік қоғам өмірін төтенше жағдайлар принципі бойынша мәжбүрлеп ұйымдастырады. Онда өндіріс, экономика, бұқаралық ақпарат құралдары, білім, мәдениет, адамдардың жеке өмірі және т.б. – бәрі тегіс бақылаудың астында болады. Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары, демократиялық ұйымдардың жұмыстарына тыйым салынады, жазалау, қуғын-сүргін күшейеді, террорлық полициялық бақылау орнайды. Қоғам милитарланады. Тоталитаризмнің екі нұсқасы болады: оңшыл радикалистік және солшыл экстремистік. Тоталитарлық тәртіпте жалғыз көпшілік партия қалыптасады. Билікті сол жүргізеді. Ол партия оған кірген мүшелердің қимылы өз еркімен және демократиялық жолмен ұйымдаспайды. Көсемнің ырқымен, соның айналасында (Гитлер, Сталин) құрылады. Ондай қоғамда идеологияның рөлі үстемдік етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдаланады. Бұқараны соның күшімен өз ықпалында ұстайды. Идеологияны көсем белгілейді. Мысал келтіретін болсақ Гитлердің өз ұлтын басқалардан жоғары қоюы, Франконың христиандық қоғамы, Сталинның бұрмаланған социализм идеологиясы.

Авторитарлы саяси режімде мемлекет мықты, авторитарлы көшбасшы билігіне сүйенеді, азаматтық қоғам әлсіз болса да қалыптасқан. Тоталитарлық режімге қарағанда халық бас көтерулері мен қозғалыстарын басуға күштеу әдістері азырақ қолданылады, көбінесе, әлеуметтік демагогия және компромистер қолданылады. Азаматтық қоғамда әлсіз де болса ағымдардың алғашқы өскіндері, оппозиция, әлеуметтік қорғау органдары, қоғамдық өз ойын айту пайда болады. Азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың саяси құқықтары мен бостандықтары шектеледі, оппозицияға тыйым салынады. Сайланбалы мемлекет органдары азаяды. Олардың жұмыстары мемлекет басшысының ырқына бейімделеді. Авторитарлық тәртіпке мысалы, Пиночет кезіндегі Чилиді, Франко кезіндегі Испанияны, қазіргі Иорданияны, Индонезияны, Марокко, Кувейтті, Сауд Арабиясын жатқызуға болады.

Демократиялық режімде мемлекетті қадағалайтын, сонымен қатар оның барлық шешімдерін орындайтын азаматтық қоғам болады, өйткені ол қоғам мен мемлекет бір заңмен өмір сүреді. Билікті бөлісу нақты жолға қойылған. Билік әлеуметтік аумаққа кең жайылған, барлық деңгейде бақыланады және қарсы дау айтылады.

**3) ҚР Президентінің сыртқы саяси бағыты ретінде туралы.**

Дүниежүзілік аренаға Қазақстанның шығуы ең алдымен мемлекет басшысының сыртқы саяси қызметінің белсенділігі. 1990 жылдан бастап ҚР Президенті 200-ден астам ең ірі мемлекеттерге ресми және іс сапарлар жасады.

Қазақстан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бар күш жігерін салуда. Қазақстанның Ресей, АҚШ, Ұлыбритания жағынан қауіпсіздік кепілдіктері туралы Будапешттік меморандумға қол қоюға қолы жетті. Сондай кепілдіктер Франция және ҚХР-дан алынған болатын.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасын әлемнің 100-ден аса мемлекеті мойындады және олармен дипломатиялық қарым-қатынас тұрақтанды, 1992 жылдан бастап ООН-ң белсенді және құқықтық мүшесі. ООН-да мүше болған жылдарда Қазақстан халықаралық тыныштық және қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды үлес қосты. Біздің еліміз ядролық қарудан өз еркімен бас тартты. Мұндай бейбітшіл талпынысты көптеген мемлекеттер адамгершілікпен бағалады. Біздің толерантты көңіл-күйімізді сезінген халықаралық қауымдастық өзінің жоғары бағасын беріп отыр. Әлемнің бізді жете тануына тағы бір себеп, ол 2010 жылы Қазақстанның ОБСЕ-ге жетекшілік етуі. Бұл үлкен жауапкершілікті жүктейді. Қазақстан дәл бүгінгі күні өркениеттер сұхбатындағы Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырушы көпір деп танылуда. Елбасымыздың өзі осындай сенімді нықтай түсу мақсатында көптеген халықаралық және аймақтық жобалардың ынталы көшбасшысына айналып отыр. Әлемдік саясатта Қазақстан көпбағыттылық саясат жүргізуі өзінің елеулі нәтижелерін беріп отыр. Бұл жоспарда ең басты орынды АҚШ-пен жасалған стратегиялық және демократиялық келісім («шанхай бестік» проекті шеңберінде сенім өлшемдері туралы жоба), Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Украинамен жасалған кедендік келісім және т.б. Сыртқы саясат дамуында лайықты орынды ТМД елдерімен байланыс, БҰҰ-ғы қызметі, Европа және Америкамен байланысы алады. Қазақстан Республикасының халықаралық байланысы барлық мемлекеттермен дұрыс жолға қойылған.

Бүгінгі таңда әртүрлі діндер арасындағы сұхбатты тұрақтандыру өте-мөте қажеттілік. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың ықыласымен Астанада тұңғыш рет ғаламдық және дәстүрлі діндердің өкілдерінің қатысуымен съезд өткізілді. Бұл дәстүрге айналып отыр. Бірегей унитарлы мемлекет аймағындағы әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың бейбітшіл көңіл-күйі үлгілі мемлекет мұратының негізгі нысаны. Біз әлемге үлгі боламыз.

**Билет-28**

**1)Саяси ойлар** (СО) тарихында көшбасшының негізін, саяси портретін түсіндірудің бірнеше мысалы бар. Психологиялық негізіне келсек озат үлгілі адам табиғатынан белсенді, ол басқалармен салыстырғанда ерекше сапаларға ие жоғары деңгейдегі адам, даналығы, беріктігі және мінез-құлқындағы нақтылық, ынталылығы, болжағыштығы және т.б. қасиеттері мол. Мысалы, Ф. Ницше, басшы болу кез-келгеннің қолынан келе бермейді, тек «дарынды адамдар» ғана билеуші бола алады деген. Кейбір көрнекті қайраткерлер, өкімет билігіне ие болмай және ресми өкіметтің орындарын иеленбей-ақ, тіпті ұмтылмай-ақ көшбасшы болуға қол жеткізген: мысалы бұлар Махатма Ганди Мартин Лютер Кинг, А.Д. Сахаров.

Көшбасшылықтың мәнін түсінуде марксизмнің де рөлі зор. Марксистік-ленинистік пікірдің айтуынша көшбасшылық – қоғамда, көпшіліктің, партиялардың, саяси басшылардың қатысуымен болатын әлеуметтік-саяси тап күресі барысында пайда болады. Саяси ғылымда көшбасшылық типологиясының әртүрлі тұстарын байқаймыз. Солардың бірін Макс Вебер (1864–1920 гг.) ұсынды. Вебер үшін көшбасшылық – қабілеттілік, бұл дегеніңіз «бұйрықтарды қабылдай бермей, өз ойыңды білдіру немесе керек кезінде мәмілеге келіп мәселенің ырқына көну» болып тағылды. Ол көшбасшылықтың үш үлгісін белгілеп берді: а) Дәстүрлі көшбасшы. Дәстүрлердің әулиелігіне сену негізінде салынған; ә) Ресми (немесе бюрократтық) көшбасшы. Өкіметте болады. Олар заңды жолмен ауысып отырады; б) Харизматикалық көшбасшы. Адамның табиғаттан тыс қабілеттілігі негізінде пайда болады. («Харизма» - грекше шапағаттылық, рақат, құдайшыл сый тарту дегенді білдіреді). Харизматикалы көсемді ауыстыру қиын немесе жалпы мүмкін емес.

Америкалық саясаткер Принстонск университетінің профессоры Р.Такер көшбасшылықтың келесі типологиясын ұсынады:

1) Көсем-реформатор. Қоғамдық идеалдардың бар екендігіне сенеді, бірақ оларды жақсартуды ұсынады. Мысалы: Мартин Лютер Кинг, Н. Хрущев;

2) Көсем-революционер. Қоғамдық идеалдарды теріске шығарып, өзгертуді ұсынады. Мысалы: Маркс, Энгельс;

3) Кертартпа-көсем. Өзгертулерді тілемейді, керісінше оларға қарсылық етеді. Мысалы: Такер, Ленин, Брежнев.

**2)Саяси мәдениет** (СМ), ерекше категория түрінде өткен ғасырдың 50-жылдарында зерттелді. Саяси мәдениет деп белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығын айтады. СМ төңірегіндегі сұрақ жалпы алғанда төмендегідей болады: неге әртүрлі елдерде барлық демократиялық саяси процестер – таңдаулар, өкіметтерді алмастыру, демократияның жұмыс жасауы және т.б. түрліше іске асырылып жатыр? Неге бір елдегі саяси даулар, ережелер, жан-жақты талқылаулар және қабылдауға болатын мәліметтер экстремистік қозғалыстармен жүзеге асады? Саясаттанушылар мынандай шешім қабылдауды ұйғарды: демократияның жалпы принциптерінен басқа заңдардың, лайықты құжаттарда жазылған нәтижелердің, нақты саяси процеске қабілетті әсерін қадағалауды ұйғарды. СМ ұстанушы адамдар, әлеуметтік топтар, партиялар, саяси қозғалыстар қоғамның жоғарғы деңгейге қол жеткізуіне алғышарттылықтар туғызады.

СМ дегеніміз азаматтардың саяси белсенділігі, оның жетілуі, көңіл-күйі, позициялары және барлық ақпараттан хабардар болуы. СМ – адам қызметінің, әлеуметтік топтың, саяси ержетудің қол жеткізген саяси деңгейін анықтайды. СМ жоғары адам сана талабын, атап айтқанда оның құнды және дүниетанымдық бағдарларын тұрақты ұғынады. Бірақ СМ тек қана субъективті құнды бағдарлардың жиынтығы ғана емес, ол өзінді және басқа құрылымның элементінің мінез-құлқын ұғыну дегенді білдіреді. Саяси адамгершілікті тұлға пайдакүнемдікті жояды, саяси мінез-құлықты дұрыс жолға қояды. Сайып келгенде СМ – білімдердің, дәстүрлердің және мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы. Оның құрамына және құрылымына тұрақты құнды хабардар болулар түрінде құрылымды саяси сана элементтер субъектісі, саяси мінез-құлық элементтерін құрудың тұрақты үлгілері, сонымен қатар дәстүрлер мен нормалар, саяси шектеулердегі тәжірибелілер кіреді.

Саяси мәдениет ерекшеліктері әртүрлі елдерде түрліше дамып отыр. Оның типологиясын америкалық зерттеуші Г. Олмондомдар мен С. Вербамен ұсынады. Олар оны үшке бөледі: патриархалды, әлсіз және белсенді. СМ-тің патриархалды түрі құрылмаған қоғамда немесе саяси жүйелер тек қана қалыптасып жатқан ортада болады. Сондай қоғам мүшелерінің саяси хабардар болулары – діни, әлеуметтік және экономикалық хабардар болулардан бөлінбейді. Дін мен қоғам бірге жүреді. Ондай қоғамға африкалық тайпалар, жергілікті автономиялық қауымдар жатады.

Әлсіз СМ үлгісі туралы айтсақ мұндай қоғамның саяси белсенділігіне көңілің толмайды, оның саяси қызметі әлсіз дәрежеде. СМ-тің бұл үлгісі феодалдық саяси жүйе шарттылығында құрылады. Бұл жерде қоғам мүшесі өзін азат, толық құқықты сезіне алмайды, ең алдымен, негізгі оның санасында бір-ақ нәрсе – біреуге бағыну мәселесі тұрады. Адам бостандығы ынталандырылмайды. Бұл ортада демократия жоқ.

СМ-тің белсенді үлгісі – бұл СМ-тің ең жақсы және ең дамыған түрі. Бұл жерде қоғам мүшелері позитивтік немесе негативтік бөлек элементтерге немесе бүтін жүйеге тәуелді емес, саяси жүйеде белсенді рөлге бейімделген. Бұл биік азаматтық рухтағы мәдениеттің көрінісі, әр азамат бостандықта, дербес күй кешеді. СМ-тің мұндай үлгісіне АҚШ пен Англия жатқызылады.

СМ-тің өзінің міндеттері мен қызметтері бар:

Танымдық қызметі – қоғам мен саясаттың дамуын айқындайтын заңдылықтар мен принциптерді танып-білуге, субъектіні саяси салада табысты жұмыс істеуге керекті біліммен, қоғамды басқарудың әдіс-тәсілдерімен қаруландыру.

Реттеушілік қызметі – саяси жүйенің қалыпты жұмысын, дамуын, саналы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, әлеуметтік-таптық, ұлттық қатынастарды реттеу.

Тәрбиелік қызметі – әркімді қоғамдық-саяси қызметке, әрекетке, саяси белсенділікке ынталандыру, табандылыққа, кеңшілікке, төзімділікке, қоғам алдында жауапкершілікке баулу.

Біріктірушілік қызметі – қазіргі өмір сүріп отырған саяси жүйені қолдау арқылы әлеуметтік топтар, таптарды біріктіру, бұқараны мемлекет пен қоғам жұмыстарын басқаруға жұмылдыру.

Қорғау қызметі – қоғамның қарыштап алға дамуына сәйкес келетін саяси құндылықтарды, қазыналарды сақтау.

Сабақтастық қызметі – саяси тәжірибені бір ұрпақтан екніші ұрпаққа жалғастырып, саяси процестің тоқтаусыз ұласып дамуын қамтамасыз ететін тарихи сабақтастық.

Кеңестік қоғамда да СМ-ке өзінше мән берді. КСРО мемлекетінің 1977 жылғы конституциясы бойынша ол өзін ең жоғары дамыған, халықтық демократиясы бар ел деп атады, бірақ іс жүзінде олай болмады. Шын мәнінде қатты әкімшіл, бұйрық беретін жүйеге негізделген тоталитарлы мемлекет болды, саяси санасы жоғары, толық реттеуші көңіл-күйдегі азаматтардың саяси мінез-құлқы шектеулі болды. Бүгінгі күні бұрынғы кеңестік қоғамдарда, КСРО ыдырағаннан кейін бой көтерген елдер СМ-тің жаңа үлгісін қабылдап, демократияға ұмтылудың белсенді үлгісін көрсетіп отыр. ТМД мемлекеттерінің конституцияларында, соның ішінде Қазақстанда бас бостандығы, саяси плюрализм, заңға сүйенген мемлекет, өктемдіктің жойылуы сияқты мәселелер күн тәртібінде бірінші кезекке шығып отыр. Қоғамда саяси күрес дәстүрлері орнығып отыр. Саяси мәдениет құру процесі өте өзекті. Бұл жолда кедергілердің, қиындықтардың және проблемалардың саны аз емес. Азаматтар қоғамның дамуына мүдделес, демократияландыру жолдарын біріктіруге және бірігудің тиісті жағдайларын жасауда бар күшін жұмылдырып отыр. Саяси ағартудың мәртебесін көтеруде салмақты білім алу мен тәжірибе жинақтаудың маңызы зор.

**3)Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ төрағалығына сапалы дайындығы мәселесі Елбасының жұмыс кестесінде маңызды орын алды**. Тамызда Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы мәселесі жөніндегі Мемлекеттік комиссия құру және ҚР мемлекеттік органдары үшін іс-қимыл жоспарын әзірлеу туралы шешім қабылдады. Қазақстан басшысы біздің төрағалығымыздың күн тәртібіне енгізілген бірқатар маңызды идея көтерді. Атап айтқанда, ЕҚЫҰ назарын өңірлік қауіпсіздік түйткілдерін шешуге, Ұйымның Орталық Азия аймақтық проблемаларын шешудегі, Ауғанстанды қалпына келтірудегі, экономикалық-экологиялық өлшемдердегі, сондай-ақ біздің өңірімізді Европамен байланыстыратын көлік-транзит дәлізін дамытудағы рөлін жандандыруға аудару жөнінде кеңес берілді.

Еліміздің ұлттық бірлігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын этносаралық үйлесім тәжірибесі Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығының

басым бағыттарының бірі болмақ және «Ванкуверден Владивостокқа» дейінгі кеңістіктегі қауіпсіздіктің жаңа архитектурасын жасау үрдісінде айтарлықтай рөл атқарары сөзсіз. Мемлекет басшысының бұл ұсыныстары еуропалық әріптестердің қолдауына ие болды, сондай-ақ ЕҚЫҰ ПА Төрағасы Ж.Соареш пен ЕҚЫҰ Бас хатшысы М.П. де Бришамбо тарапынан жоғары бағаланды.

Қазақстан Президенті азиялық құрлықтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне баса назар аударады. Нұрсұлтан Назарбаевтың 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (Азия Кеңесі) шақыру жөнінде көтерген бастамасы бүгінде халықаралық қатынастардың нақты факторына және Азия құрлығында қауіпсіздік пен ынтымақтастықты сақтаудың тиімді құралына айналды. Бүгінгі таңда ЕҚЫҰ-ның Азиядағы өзіндік үлгісі болып саналатын бұл форум әлемдік жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) өндірісінің үштен бірін қамтамасыз ететін, тұтастай алғанда 3 миллиард тұрғыны бар елдердің басын қосып отыр. Қазақстанның Азия Кеңесіндегі ұзақ жылғы табысты төрағалығы форумның жүйеленуі кезеңінің аяқталуын, оның шараларын өткізу географиясының кеңеюін қамтамасыз етті. 2010 жылы Кеңестің үшінші саммитін өткізу жоспарланып отыр, оның барысында Түркия төрағалық тізгінін Қазақстаннан қабылдап алады. Иран ядролық бағдарламасы және Таяу Шығыстағы жанжалды реттеу сияқты өзекті халықаралық түйткілдер әрдайым Елбасының жіті назарында болды. Иран Президенті М. Ахмадинежадпен келісөздер барысында осы тақырыптармен қатар өңірлік қауіпсіздік, таратпау режімі және Каспий мәселелері талқыланды. Израиль басшысы Ш. Переспен болған келіссөздер Елбасының халықаралық қауіпсіздікті нығайту мен өркениеттер диалогы жөніндегі бастамаларының өзектілігін қуаттады. Ш. Перестің Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының ІІІ съезіне қатысуы және оның Астанада араб мемлекеттері мен Израиль басшыларының кездесуін өткізу жөніндегі бастамасы өте маңызды болды.

**29-БИЛЕТ.1) Саяси ой – сана тарихының көзқарасы бойынша басқарудың ұздік формасы**

Ежелгі Персияда аңыздық ой-пікірден рационалдық көз¬қарасқа ауысу байқалады. Б.з.д. VII ғасырда зороастризм ілім және ағым ретінде қалыптасып та үлгерді. Кейінірек зороастризм шығыстың басқа елдеріне тарап кетті де христиан доктринасының қалыптасуына себепкер болды. Сонымен жер бетіндегі игілік пен зұлымдықтың арасындағы күрес Заратуштра ілімінің негізгі қағидасына айналды. Негізінде Заратуштра адалдықты жақтаған, зұлымдықты жеңуге болатынын айтқан. Сөйтіп біртіндеп мифологиядан рационалдыққа ауыса бастаған. Қоғамдағы таптардың жіктелуіне сәйкес саяси ой-пікірлер қалыптаса бастаған.

Ежелгі Индиядағы саяси ой-пікірлер. Алғашында мифтер мен діннің ықпалымен дамыған. Билікті абыздар – брахмандар жүргізген. Брахманизмнің көрінісі б.з.д. 2-мыңыншы жылдар¬дың ескерткіштерінде көрініс таба бастады. Ол бойынша заңдарды «Веды» деп атаған. Заң бойынша қоғамды 4 варнаға (жікке) бөлген (оларды құдай жасаған):

– брахмандар;

– кшатрий-жауынгерлер;

– вайшийлер (шаруалар, қолөнершілер, саудагерлер);

– құлдар, варнадан тысқары тұрғандар.

Аристотельдің (384-322): «Платон – маған дос, бірақ ақиқат ең үлкен дос», – деген қанатты сөзі бар. Еңбектері: «Саясат», «Афины саясаты», «Этика». Саясат туралы ғылымды жасауға әрекет етті. Саясат ғылым ретінде этикамен тығыз байла¬нысты. Мемлекет – табиғи дамудың жемісі. «Варварлар» мен құлдар өмірдің саяси түріне дейін өсіп жетілмеген. Мемлекет¬тің формаларын монархиялық басқару (патшалық), аристокра¬тиялық және политиялық деп бөлген. Басқарудың қате түрлері деп тирания, олигархия және демократияны атаған. Саяси басқаруды – заң арқылы басқару деп түсіндірген.

**2)Саяси әлеметтену: түсінігі, кезеңдері, факторлары, тұлғаның саяси құрылымы.**

Саяси әлеуметтену негізгі екі жолмен жүзеге асады. Біріншісі – саяси мәдениет нормаларына енген өткен уақыттың саяси тәжірибесін жаңа ұрпаққа беру. Бұл жанұядағы тәрбие нәтижесінде, мектепте оқыту арқылы беріледі. Екінші жолы жеке тұлғаның бұрын белгісіз болған жаңа саяси тәжірибе жинақтауы, өйткені күнделікті өмірде кейбір саяси ұғымдардың алғашқысы мен кейінгісі араласып жатады, олар бірін-бірі толықтырады және бір-біріне қайшы келуі де мүмкін. Солардың ара жігін ашуға ұмтылу керек.

Саясаттану процесі әртүрлі кезеңдерді бастан өткере отырып, азаматтың дамып жетілу процесіне тікелей ықпал етеді. Саясатты меңгеру үш кезеңге бөлінеді. Біріншісі, 3-5 жастан 12-13 жас аралығы. Алғашқы саяси мәліметті балалар өздері үлгі тұтатын, ұқсауға тырысатын ата-аналарынан алады. Осы кезеңнің аяғына қарай (7-13 жас) саяси ақпарат ағымы көбейеді, жалпы және абстрактылы саяси символдарды түсіну мен қабылдау қабілеті артады. Екінші кезеңде (13-18 жас) саяси «мен» немесе жеке бастың саяси сезімі қалыптасады. Саяси нысандарға деген эмоциялық сезімі саяси жүйедегі құзырлық адамдар мен әртүрлі институттардың орындаған арнайы рөлдері мен қызметтерімен толықтырылады. Үшінші кезеңде (18 жастан ары қарай) өзінен көп үлкен адамдармен бірге саясат өміріне қатыса алады (саяси партияларға, әкімшілік органдарға т.б. сайлайды, өзі сайлана алады).

Саяси әлеуметтену кезінде жеке тұлға өзін қоршаған әлеуметтік ортаның әсерін сезіне алады. Бұл әлеуметтік ортаға саяси және саяси емес факторлар сол адам өмір сүріп жатқан елдің мемлекеттік құрылымының түрі мен сипаты, саяси режімі, саяси институттары, партиялары, жастар қоғамы мен қозғалыстары, оқу орындарындағы саяси сауат курстары т. б. саяси емес факторларына байланысты түрліше болады:а) дәстүрлі фактор – жанұя, қатар құрбылар тобы, мектеп, жұмыс, шіркеу, мәдениет, әдебиет ақпарат құралдары; ә) дәстүрлі емес фактор – жастар субмәдениеті, поп-әуен; б) макроәлеуметтік факторлар – әлеуметтік-экономикалық қатынастар, өмір сүру салты, салт-дәстүр, мәдениет. Жеке басты саяси әлеуметттендірудің маңызды әлеуметтік жағы – ол жеке адамға саяси жүйе құндылықтарын беру процессін жүзеге асыру. Кімнің қандай жағдайларда жеке басқа әсер етуін ғана емес, қалай жүргізілетінін білу маңызды. Осы механизмдердің кейбірі әдейі ұйымдастырылады. Адамның саяси мінез-құлқына бақылауды, оқытуды саяси институттар жүргізеді. Кейбірі кездейсоқ қалыптасады. Саяси әлеуметтену механизмі бірнеше түрлі деңгейде қызмет етеді:а) Әлеуметтік деңгейде яғни бүтін қоғамда;ә)Әлеуметтік-психологиялық деңгейде;б)Тұлғаның ішкі психологиялық деңгейінде.Саяси әлеуметтенудің нәтижесі деп жеке бастың саяси құндылығы мен мақсатының орнығуын айтамыз. Тұлғаның саяси құрылымы дегеніміз төмендегідей:а) Саяси таным; ә) Саяси қызығушылық, қажеттіліктер мен мотивтер; б) Саяси ерік; в) Саяси мінез-құлық.

Саяси әлеуметтену нәтижесінде – саяси қалыптасқан, саяси мәдениеті жоғары тұлға қалыптасады.

**3)«Қазақстан-2030» президент жолдауы, оның негізгі артықшылығы, келесі жолдааууларының дамуы және тереңдетілулері.**

Қазақстан-2030 стратегиясы.

1997 жылғы қазанда Прзеидент Н.Ә. Назарбаевтың “Қазақстан-2030” жолдауы жарияланды. Қаралған мәселелер:

1. Экономикалық дағдарыстан шығу жолдары.
2. Реформаларды аяқтау.
3. Алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына қосылу.
4. “Қазақстан барысын” қалыптастыру.

Жолдауда болашаққа болжам, қазіргі жағдайға талдау жасалып, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары, республиканың дамуының ерекшеліктері айтылды. Бұл бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жақын арадағы және стратегиялық ұзақ мерзімдегі даму жолдары көрсетілген. Ұзақ мерзімдегі 7 басымдық:

1. Ұлттық қауіпсіздікті сақтау.
2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын нығайту.
3. Нарықтық қатынастар негізінде экономикалық өсу.
4. Қазақстан азаматтарының денсаулығының білімі мен әл-ауқатын көтеру.
5. Энергетика ресурстарын жете пайдалану.
6. Инфрақұрым, көлік, байланысты дамыту.
7. Демократиялық кәсіби мемлекет құру.

Ұлттық қауіпсіздік басымдықтарының деңгейіне мықты демографиялық және көш-қон саясаты шығарылуға тиіс. Егер бұған немқұрайлықпен қарасақ, оның салдары өте ауыр болады.

XXI ғасыр қарсаңында Қазақстан Ресейдің артынан адам саны сыртқы көші-қон процестерінен ғана емес, табиғи жолмен кеми беретін “демографиялық апатқа” ұшырайды.

Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын жүзеге асырудағы міндеттер:

1. Теңдікке негізделген бірыңғай азаматтықты дамыту.
2. Этникалық түсініспеушілік себептерінің жойылуы және этникалық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз ету.
3. Дәулеттілер мен жарлылар арасындағы айырмашылықты азайту. Ауыл проблемасына үлкен ерекше көңіл бөлу.
4. Әлуметтік проблемаларды үнемі шешіп отыру.
5. Саяси тұрақтылықты және қоғамның топтасуын қамтамасыз ететін бай Қазақстанды қалыптастыру.
6. Адамдар арасындағы қарым-қатынас пен коммуникациялық байланыстардың барлық нысандарын дамыту.
7. Әртүрлі конфессиялар арасындағы өзара құрмет, төзімділік пен сенімді қарым-қатынасты нығайту.

Қазіргі кезеңде қазақ дәстүрлері мен тілінің қайта өрлеуі табиғи құбылыс деп қабылданатын болды.

Мемлекет ең алдымен орта топтың мүддесін білдіруге тиіс. Қала мен село арасындағы жіктелудің терең процесі жүріп жатыр. Село таяудағы 10 жылда нарықтық өзгерістерге қосымша серпін беретін және әлеуметтік пробемаларды шешуге ерекше көңіл беретін, инфрақұрылымды дамыту тұрғысынан басым сала болады.

Қазақстан - өзінің белгілі тархы мен өзіндік болашағы бар евразиялық ел. Сондықтан оның моделі басқа ешкімнің моделіне ұқсамайтын болады, ол өз бойына әр түрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңіреді.

Экономикалық стратегия.

Қазақстанның салауатты экономикалық өрлеу стратегиясы нарықты экономикаға, мемлекеттің белсенді рөліне және шетел инвестицияларын тартуға негізделген.

Жолдаудағы өзекті сөздер – халықтың тұрмысын жақсарту, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

33 жыл өткеннен кейінгі қазақстандықтар бейнесі:

1. Жаупты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулығы мықты азаматтар;
2. Бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары;
3. Жоғары ақы төленетін, оқытып үйретілген, Қазақстан халқының мүдделерін өздерінің жеке мүдделерінен биік ұстайтынына сенімді азаматтар;
4. Мемлекттің өздерінің құқықтарын қорғайтына және мүдделерін биік ұстайтынына сенімді, салауатты өмір сүретін азаматтар.

2030 жылы Қазақстан жедел өркендеп келе жатқан үш аймақтың –Қытайдың, Ресейдің және Мұсылман әлемінің арасындағы экономика мен мәдениетті байланыстырушы буын ролін атқаратын болады.

2030 жылы Қазақстан күрделі жолдан ойдағыдай өткен және дамудың келесі кезеңіне нық қадаммен аяқ басқан ел болады.

**30-БИЛЕТ.1.Адам құқығы туралы алғашқы құжаттар :айырмашылығы мен мәні.**

Қазақстан Республикасы Конституциясының бірінші бабында «адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» біздің мемлекетіміз үшін жоғары құндылық болып табылады делінген. Сондықтан тәуелсіздік жылдарында біздің барлық күш-жігеріміз адамның іргелі құқықтары мен қоғамның барлық мүдделерін жүзеге асыруға бағытталды. Сонымен бірге Қазақстан өзінің адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерінен ауытқымай, БҰҰ, ЕҚЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың осы бағыттағы күш-жігерлеріне қолдау көрсетіп келеді.

Біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына жете маңыз беріліп келеді. Соның айқын бір көрінісі Конституциямыздың 1-бабында адам құқықтарын сақтау нормасы бекітіліп, 30-бап түгелдей азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына, мүдделеріне арналды. Бұл демократиялық ашық қоғамда өмірдегі барлық құндылықтардың ішінде адам құқықтары мен бостандықтары ғана ең маңызды болып саналатындығын білдіреді. Демек, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау тетіктерін іске асыруға, олардың орындалуына кепілдік беруді күшейтуге Елбасымыздың сара саясатының арқасында ерекше назар аударылды. Ал бұл мәселелердің шын мәнінде қалай жүзеге асып жатқандығын Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия жұмысынан байқауға болады. Ол еліміздегі адам құқықтары жөніндегі алғашқы мамандандырылған ұлттық мекеме болып табылады.

1994 жылғы 12 ақпанда Елбасы Адам құқықтары жөніндегі республикалық комиссияны құру туралы Жарлыққа қол қойды. Осы кезден бастап Адам құқықтары жөніндегі комиссияның жаңа ережесі бекітілгеннен кейін ол Мемлекет басшысының жанында жұмыс істейтін болды. Бұл оның мәртебесінің маңыздылығын көрсетеді, сол себепті комиссияға іс-қимыл жасауға жеткілікті түрде құқық та берілген.

Комиссияның жоғары мәртебесі және оның уәкілетті органдар мен үкіметтік емес сектор арасындағы «жалғастырушы тетік» рөлі тек адам құқықтары саласының түйткілді нүктелерін тез табуға ғана емес, олардың арасында конструктивтік диалогтың дамуына да мүмкіндік туғызады. Комиссия қоғамдық пікірді, қолданыстағы заңнаманы зерттеп, Мемлекет басшысына адам құқықтары саласындағы жағдай, азаматтық қоғамның сұраныстары туралы мәлімет береді. Сонымен қатар, комиссия адам құқықтары саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруге белсенді атсалысады, осы салада халықаралық ынтымақтастықтың күшейтілуіне көмектеседі.

2010-2011 жылдар бойы Комиссия мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар және халықаралық сарапшылармен өзара іс-қимыл жасау арқылы елімізде адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына мониторинг жүргізді, оның қорытындылары 2010 жылғы Қазақстан Республикасында адам құқықтарының ахуалы туралы баяндамада өзінің орнын тапты. Ал 2011 жылы Комиссия өзінің кеңейтілген отырысында мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, оның ішінде халықаралық құқық қорғау ұйымдарының мәліметтеріне, сондай-ақ Комиссия және оның хатшылығының арнайы зерттеулерінің қорытындыларына негізделген «2010 жылғы Қазақстандағы адам құқықтарының ахуалы» атты жыл сайынғы баяндама жобасының тұсауын кесті.

Онда, ең алдымен, елдегі адам құқықтары ахуалы көрсетілді. Баяндама құқық қорғау органдарының жұмысы туралы деректерге толы, осы саладағы ұлттық заңнаманы көрсетеді, оны халықаралық құқықтық актілермен салыстырады және т.б. Алғашқы тергеу-тексеру барысында адам құқықтарын сақтау, құқық қорғау органдарының кейбір лауазымды тұлғалармен қинауды қолданудың алдын-алу жолдары бойынша, сондай-ақ ақпарат алуға азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты ұсыныстар берілді.

**2.Саяси көшбасшылық : феномені, түрлері**

Саяси ойлар (СО) тарихында көшбасшының негізін, саяси портретін түсіндірудің бірнеше мысалы бар. Психологиялық негізіне келсек озат үлгілі адам табиғатынан белсенді, ол басқалармен салыстырғанда ерекше сапаларға ие жоғары деңгейдегі адам, даналығы, беріктігі және мінез-құлқындағы нақтылық, ынталылығы, болжағыштығы және т.б. қасиеттері мол. Мысалы, Ф. Ницше, басшы болу кез-келгеннің қолынан келе бермейді, тек «дарынды адамдар» ғана билеуші бола алады деген. Кейбір көрнекті қайраткерлер, өкімет билігіне ие болмай және ресми өкіметтің орындарын иеленбей-ақ, тіпті ұмтылмай-ақ көшбасшы болуға қол жеткізген: мысалы бұлар Махатма Ганди Мартин Лютер Кинг, А.Д. Сахаров.

Көшбасшылықтың мәнін түсінуде марксизмнің де рөлі зор. Марксистік-ленинистік пікірдің айтуынша көшбасшылық – қоғамда, көпшіліктің, партиялардың, саяси басшылардың қатысуымен болатын әлеуметтік-саяси тап күресі барысында пайда болады. Саяси ғылымда көшбасшылық типологиясының әртүрлі тұстарын байқаймыз. Солардың бірін Макс Вебер (1864–1920 гг.) ұсынды. Вебер үшін көшбасшылық – қабілеттілік, бұл дегеніңіз «бұйрықтарды қабылдай бермей, өз ойыңды білдіру немесе керек кезінде мәмілеге келіп мәселенің ырқына көну» болып тағылды. Ол көшбасшылықтың үш үлгісін белгілеп берді: а) Дәстүрлі көшбасшы. Дәстүрлердің әулиелігіне сену негізінде салынған; ә) Ресми (немесе бюрократтық) көшбасшы. Өкіметте болады. Олар заңды жолмен ауыстып отырады; б) Харизматикалық көшбасшы. Адамның табиғаттан тыс қабілеттілігі негізінде пайда болады. («Харизма» - грекше шапағаттылық, рақат, құдайшыл сый тарту дегенді білдіреді). Харизматикалы көсемді ауыстыру қиын немесе жалпы мүмкін емес.

Американдық саясаткер Принстонск университетінің профессоры Р.Такер көшбасшылықтың келесі типологиясын ұсынады:

1) Көсем-реформатор. Қоғамдық идеалдардың бар екендігіне сенеді, бірақ оларды жақсартуды ұсынады. Мысалы: Мартин Лютер Кинг, Н. Хрущев;

2) Көсем-революционер. Қоғамдық идеалдарды теріске шығарып, өзгертуді ұсынады. Мысалы: Маркс, Энгельс;
3) Кертартпа-көсем. Өзгертулерді тілемейді, керісінше оларға қарсылық етеді. Мысалы: Такер, Ленин, Брежнев.

**3.ҚР президентінің халыққа жолдауында «Болашақты бәріміз бірге тұрғызамыз»**

Бұл жолда біздің ең басты байлығымыз – берекелі бірлігіміз.

«2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады».

Сонымен қатар біз әлемнің 126 еліне 200-ден астам өнім түрін шығарамыз.

Бүгінде ұлттық дәулетіміздің үштен бір бөлігі шағын және орта бизнестен құралады.

Ауыл шаруашылығы саласы да дамып келеді.

Ішкі жалпы өнім өсімі 2010 жылы 7 пайыз, өнеркәсіп өндірісі – 10 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 19 пайыз мөлшерді құрады.

Орташа айлық жалақы 2007 жылғы 53 мыңнан 2010 жылы 80 мың теңгеге дейін артты.

Ұлттық әл-ауқат деңгейі жөнінен әлем мемлекеттерінің рейтингінде Қазақстан өткен жылы 26 сатыға ілгерілеп, 110 ел арасынан 50-ші орынға көтерілді.

Алдымызға ұлан-ғайыр мақсаттар қойдық және оларға қысқа мерзімде қол жеткіздік.

Тәуелсіздік жылдарында 500-ге жуық жаңа денсаулық сақтау нысандары салынды.

Медицина мекемелерінің материалдық-техникалық базасы айтарлықтай жақсарды.

Еліміз білім беру ісін дамытуда 129 елдің арасында көш бастаушылар қатарында келеді.

Өткен онжылдықта білімге бөлінетін қаражат 10 есеге көбейді.

Осы жылдары 750 жаңа мектеп салынды.

Сонымен қатар, 5 302 мектепке дейінгі мекемелер, 1 117 балабақша мен 4 185 орталық ашылды.

Астанада ғылым мен білім индустриясының жаңа ғасырдағы орталығы болатын университет ашылды.

1. Жеделдетілген экономикалық жаңғырту – Үдемелі инновациялық индустрияландыру бағдарламасының жалғасы

2. Әлеуметтік жаңғырту – жаңа әлеуметтік саясат

2.1. Білім беру

Орта білім берудің 12 жылдық моделі енгізілуде.

«Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс.

Біз кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнын толық жаңартпақ ниеттеміз.

Бүгінде дамыған елдерде 1 миллион тұрғынға 1-ден 6 жоғары оқу орнына дейін келеді.

Қазақстанда барлығы 149 жоғары оқу орны бар.

***2.2. Денсаулық сақтау***

***2.3. Тілдерді дамыту***

Көп тілді және көп конфессиялы қоғамдағы бейбітшілік пен келісім – бұл сіздер мен біздің еңбегіміз, құрметті қазақстандықтар.

***2.4. Жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясы***

***2.5. ТКШ-ны жаңғырту***

***2.6. Сапалы ауыз су***

***2.7. Табыстардың артуы – өмірдің жаңа сапасы***